

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан**

**Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина**



**«Өлкетану»: мәдени-генетикалық кодтың негізі (мәдени мекемелердегі  
өлкетану сабақтары) (5-7 сыныптар)  
пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдамалары**

**Методические рекомендации  
по ведению предмета «Өлкетану»: основа культурно-генетического кода»  
(уроки краеведения в учреждениях культуры) (5-7 классы)**

Астана 2018

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 11 қыркүйек № 10 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 10 от 11 сентября 2018 года).

**«Өлкетану»:** мәдени–генетикалық кодтың негізі. (мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары) (5-7 сыныптар) пәнін жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдамалары. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 129 б.

**Методические рекомендации по ведению предмета «Өлкетану»: основа культурно-генетического кода» (уроки краеведения в учреждениях культуры) (5-7 классы).** – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 128 с.

Бұл әдістемелік құралда тәрбие беру міндеттері тұрғысынан мәдени–генетикалық кодтың негізі ретінде өлкетану мәселелері қарастырылған, сонымен қатар жалпы білім беретін мектептердің 5-7 сыныптарында өлкетануды оқытудың ерекшеліктері айтылады. Ұсынымдама Қазақстан Республикасының мәдени мекемелерінде өлкетану сабақтарын ұйымдастыруға арналған. Типтік оқу бағдарламасына сәйкес құрылған өлкетану сабақтарының үлгілері берілген.

Әдістемелік ұсынымдама білім алушылардың туған жерге және оның тарихына қызығушылығын қалыптастыру, патриоттық сезімін арттыру үшін мектеп мұғалімдері мен мәдени мекемелердің қызметкерлеріне көмек ретінде дайындалған.

В работе рассматриваются вопросы изучения краеведения как основы культурно-генетического кода в контексте воспитательных задач, а также особенности ведения курса «Өлкетану» в 5-7-х классах общеобразовательной школы. Даны методические рекомендации по организации уроков краеведения в учреждениях культуры Республики Казахстан. Разработаны образцы уроков по «Өлкетану», составленные в соответствии с типовой учебной программой.

Методические рекомендации разработаны в помощь учителям, работникам учреждений культуры для развития у обучающихся интереса к родному краю, его истории, а также привития чувства патриотизма и гражданственности.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2018

© Национальная академия  
образования им.И.Алтынсарина, 2018

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында тәрбие үдерісінде жана жобаларды жүзеге асыруды ұсынды. Нәтижеге бағытталған бұл жобалар арқылы таяу жылдары жалпыхалықтық қоғамдық сананы жаңғырту – тәрбие жұмыстарының басты бағдарына айналды. Мақсат – жаһандану үдерісіне жұтылып кетпейтін, ұлттық бірегейлік пен дәстүрімізді сақтаған, бәсекеге қабілетті саналы азамат тәрбиелеу болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін мақаладағы «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру қарқын алып келеді. Мақаладағы ауқымды идеялар мен тұжырымдамалық пікірлерді терең зерделей отырып, білім алушыларға тәрбие беру жан-жақты жүргізілуде.

Кез-келген халықтың тағдыры тамыры терең тарихтан бастау алатыны шындық. Қазақтың арғы-бергі тарихында бүгінгі ұрпақ ұялатын ұятты оқиға болған емес. Ұшқан құстың қанаты талатын кең байтақ Ұлы дала төсінде батыр бабалар тұлпардың тұяғын тоздырып жасаған ерліктері бізге аңыз болып жетті. Көкірегі кеніш, сөзі пейіш ақберен ақындарымыздың халықтың намысын оятып, жігерін жаныған ғибратты өлеңдері ауыз әдебиеті арқылы бізге жетті. Қауырсын қаламын жанына серік етіп, халқына даналықтың сәулесін шашқан данышпан ғалымдардың даңғайыр еңбегі ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып бізге жетті. Біздің осындай тамаша тарихымыз өскелең ұрпақтың рухын оятып асқақ армандарға бастай береді [1].

Туған жерге туыңды тік! Халқыңа осылайша үндеу тастаған Елбасы – Отанды сүю отбасыдан басталатынын айта келе, - «... Патриотизм туған үй мен туып-өскен өңірден басталады. Біз кіші Отанымыз арқылы бүкіл Қазақстанды сүйеміз» - деп жалпыұлттық қоғамдық сананы қалыптастыруды кезең-кезеңмен жүйелі түрде жүзеге асыруды түсіндіріп өтеді [1].

Сондықтан, бүгінгі білім беру жүйесінде өлкетануды оқу мен оқытуды ғылыми және әдістемелік деңгейін жетілдіру маңызды мәселе болып табылады. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы осы бағытта бірқатар әдістемелік ұсынымдамалар әзірледі. Мәселен,

1. Орта мектепте «Өлкетану» курсын оқытудың әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал - 2013 жыл.

2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында жалпы білім беретін ұйымдарда өлкетанулық жұмыстарды жетілдіру. Әдістемелік ұсынымдамалар -2017 жыл.

3. «Ұлттық қазына»: Мұражайлардағы «жанды» сабақтар. Әдістемелік ұсынымдамалар -2018 жыл.

Бұл әдістемелік құралдарда орта мектепте туған өлкені әр түрлі аспектілерде оқыту, білім мазмұнының практикалық жақтарын күшейту жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, өлкетанудың білім берудегі рөлі және оны жүзеге асырудың әдістемелік тәсілдері ашып көрсетіледі.

Заман талабына сай өлкетану жұмыстары әдістемелік жағынан кеңінен қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұл бағыттағы ұсынымдамалардың мақсаттары мынадай ортақ міндеттерді қамтуы керек:

- Елбасы Жолдауларынан туындайтын болашақ саяси көзқарасы қалыптасқан, өз елінің ұлтжанды, нағыз патриоттары болатын Қазақстан азаматтарын тәрбиелеу;

- білім алушыларға өз өлкелерінің табиғаты, климаты, экономикалық және мәдени дамуы мен тарихы туралы жан-жақты білім бере отырып, кәсіптік бағдар беру;

- орта мектепте өлкетану жұмыстарын жоспарлаудың және ұйымдастырудың ерекшеліктерін айқындау;

- пәнаралық, өлкетану тақырыптарын оқытудың үлгілерін ұсыну;

- өлкетану бойынша сабақта және сабақтан тыс жұмыстарды өткізудің үлгілерін жасау;

- білім алушыларға сапалы да терең білім беру арқылы оқу-тәрбие үрдісінде ішкі туризмді насихаттау;

- дарынды балалармен жаңа заман талабына сай шығармашылықта инновациялық бағытта жұмыс жасау;

- АКТ қолдану арқылы білім алушының пәнге қызығушылығын арттыру.

Өлкетану жұмыстарының тағы бір ерекшелігі – белгілі бір пәндердің кіріктіліп оқытылуында. Қазақстан тарихы, география, қазақ әдебиеті, музыка пәндері өлкетанудың ажырамас компоненттері болып табылады. Сонымен қатар, өлкенің табиғаты мен нысанның ерекшелігіне орай биология, физика, химия, көркем еңбек сияқты пәндерге де кіріктіріп оқытуға болады.

Бұл ұсынылып отырған ғылыми-әдістемелік жұмыстың өзгешелігі - өлкетану сабақтарының мәдени мекемелерде өтетіндігінде. Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңында көрсетілген мәдени мекемелер сабақты ұйымдастыратын нысан болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептің 5-7-сыныптарындағы өлкетану сабағы аталған пәндердің күнтізбелік оқу жоспарына сәйкес болады. Сабақ тақырыптың мазмұнына байланысты әр түрлі мәдени мекемелерге экскурсия, экспедиция, маршрут, туристік саяхат, жорық түрінде өтеді. Кейде ауа райының қолайсыздығына, басқа да жағдайларға байланысты ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың көмегімен мектеп қабырғасында виртуалды саяхат сабақ, мектеп музейінде экскурсия сабақ түрінде өткізуге болады. Осылайша, мұғалімнің таңдауымен өлкетану сабақтарын сыныпта және сыныптан тыс нысандарда ұйымдастырылады. Ұсынымдамада өлкетану сабақтарын ұйымдастырудың тиімді жолдарын жан-жақты көрсетіп беріп отырмыз.

Бұл әдістемелік ұсынымдамалар мектептегі тәлімгерлерге, тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне жас ұрпақты талапқа сай тәрбиелеуге мүмкіндік беретін көмекші құрал болып табылады.

## 1. Өлкетану. Әлеуметтік мәдени феномен

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» - деп атап көрсетті [1].

Мемлекет басшысы «Туған жер» бағдарламасының мәнін түсіндіре келіп білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізудің маңыздылығына тоқталды. Орта мектепте туған жердің тарихын оқыту ісіне назар аударады.

*Өлкетану* – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттейтін ғылым мен мәдениет саласы. Өлкетану, *салалық өлкетану* (тарихи, этнографиялық, топонимиялық және т.б.), табиғи және әлеуметтік-мәдени құбылыстардың өзара байланысын зерттейтін *кешендік географиялық өлкетану* болып бөлінеді. Өлкетанудың негізгі әдісі – аумақ туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді (геологиялық, топырақ, биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу.

Бүгінгі таңда өлкетанудың бірнеше анықтамасы бар:

- өлкетану – белгілі бір елдің бөлігін, қаланы немесе ауылды, сонымен бірге территориясы туған өлке деп саналатын жергілікті халықтың мекенін (атамекен) жан-жақты оқып-үйрену;

- өлкетану – шағын елтану, туған өлкенің географиясы;

- өлкетану – жаратылыстану және қоғамдық зерттеулердің кешені, ол туған өлкенің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін зерттейді; кешенді өлкетану осы мәселелердің барлығын өзара бірлікте қарастырады, салалық өлкетану жекеленген бөлімдерін оқып-үйренеді – географиялық өлкетану, тарихи өлкетану, этнографиялық өлкетану, топонимикалық өлкетану; табиғатты, мәдени ескерткіштерді және т.б. қорғаумен байланысты өлкетану саласы дамып келе жатыр; өлкетануда қолданылатын негізгі әдіс – өлке, оның шаруашылық және мәдени дамуы туралы білімді кеңейтуге ықпал ететін ақпараттарды, мәдени мұраны, пайдалы қазбалардың үлгілерін және т.б. жинау; өлкетанудың қоғамдық-саяси және мәдени ағартушылық мәні зор, оқу-тәрбие процесінде ерекше роль атқарады;

- өлкетану – қандай да бір өлкенің географиясы, тарихы, әдебиеті, этнографиясы, экономикасы, қол өнері, табиғаты және т.б. туралы білім;

- өлкетану – мазмұны мен зерттеудің жеке әдістері жағынан әртүрлі, бірақ өзінің тұтастығы бойынша өлкені ғылыми және жан-жақты тануға жетелейтін пәндер жиынтығы.

Г.П.Пирожков өлкетануды әлеуметтік-мәдени феномен ретінде

қарастырады: өлкетану іс-әрекеті туралы ғылым; ғылыми пәндер кешені; адамның өз жеріндегі өмірлік тіршілігін сипаттайтын білім саласы; педагогикалық категория – ұрпақтан ұрпаққа бейімделген тәжірибені жеткізу механизмі; ғылыми, өндірістік, өздігінен білім алу міндеттерін шешу мақсатында белгілі бір аймақты оқып үйрену бойынша жүргізілетін кез келген іс-әрекет; мемлекеттік және қоғамдық өмірді ұйымдастыру мен реттеудің маңызды тарихи формасы, нормалардың, құндылықтардың, мәдени үлгілердің жиынтығын білдіреді [2]. Әлеуметтік мәдени феномен – әлеуметтік-мәдени қызмет субъектілері арасында (бұл жағдайда әуесқой-өлкетанушылар мен жергілікті билік органдары, мұрайжай және өлкетанушылар, өлкетану ұйымдары, өлкетану қоғамы т.б.) жүзеге асырылатын құбылыс пен процесс [3].

Әлеуметтік мәдени феномен – әлеуметтік-мәдени қызмет субъектілері арасында (бұл жағдайда әуесқой-өлкетанушылар мен жергілікті билік органдары, мұрайжай және өлкетанушылар, өлкетану ұйымдары, өлкетану қоғамы т.б.) жүзеге асырылатын құбылыс пен процесс [4].

«Феномен» – 1) объективтік шындықты қамтымайтын, болады-мыс деген субъективтік құбылысты белгілейтін философиялық термин; 2) қандайда бір жағдайда ерекше, көрнекті адам немесе құбылыс [5].

Әлеуметтік-мәдени қызмет субъектілерінің арасындағы жүзеге асатын құбылысты немесе процесті әлеуметтік-мәдени феномен деп атауға болады. Өлкенің, ауылдың тарихы, адамдардың өмірі туралы тарихи және мәдени мұраны жинақтау мен сақтау, түрлі мәдени бағдарламалар құрастыру олардың басты нысаны және мақсаты болып табылады.

Әлеуметтік-мәдени – нақты мәдениеттің түрін анықтайтын түрлі мәдени бағдарламалар құрастыру, сақтау және қайта жаңғырту мақсатында әлеуметтік-мәдени қызмет субъектілерінің арасындағы (жеке тұлға, топ, ұйымдар және т.б.) процесс [4].

Қазақстанда өлкетану білімінің негізін салғандардың бірі – Шоқан Уәлиханов болды. Ол адамды табиғаттың туындысы деп ұғынып, орман мен тоғайды, өзен мен көлді, далалы және таулы жерлердің тіршілік үшін қажеттігін, біртұтастығын байқаған. Ш.Уәлиханов қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрыптарын жете зерттеп, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін суреттеген. Қазақ тарихын зерттеуші ғалым Ш.Уәлиханов отансүйгіштік сезімнің қалыптасуы туралы «менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай, мен ең алдымен, өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды қадірлеймін», - деген ойлары арқылы білдірген [6].

*Қазақстанда өлкетану ісінің басталуы.* Өлкетану бұл жаңа құбылыс емес, оның тамыры адамзат тарихының көне дәуірінен басталады. Бұл жұмыстар XVIII ғасырдың басталу кезеңі, сол кездегі қазақ халқының экономикасы мен мәдениетін, тарихын зерттеумен айналысқан орыс және жергілікті зиялылардың демократиялық бөлігінің прогрессивті рөлінің күшейген кезеңі.

Қазақстандағы өлкетанудың пайда болуы – XVII ғасыр. Өлкетану XVIII ғасырда әсіресе кең құлаш жайған. Географияның гүлденген уақыты деп

аталады. Өлкетану зерттеулерінің нәтижесі жергілікті әкімшілік құжаттарында, губернатор «Есебінде», губернияның «Топографиялық жазбаларында», Бас жер өлшеушілер материалдарында көрініс берді.

1834 жылы жергілікті статистикалық мәліметтерді жинау, өңдеу қажеттілігі, губерниялық статистикалық комитеттер құру қажеттігін айқындады. Олардың міндеті: жергілікті әкімшілік статистикасының толық нақты жазу, статистикалық экспедицияларды жабдықтау.

Өлкетану жұмысы ХІХ ғасырда өлкетану музейлері арқылы кең тарала бастады. ХХ ғасырдың басында өлкені зерттеуші қоғамдар пайда бола бастады.

Ресейде губерниялық және уездік (болыстық) экономикалық кеңестер, жергілікті еңбек және қорғаныс кеңесін ашуға шешім қабылдады (СТО – Совет труда и обороны (Еңбек және қорғаныс кеңесі)). 1917 жылы Халық-ағарту комиссариатының құрамында ғылыми бөлім құрылды. 1923 жылы өлкетану журналдары шыға бастады: «Өлкетану», «Орталық өлкетану бюросының хабаршысы» (Известия ЦБК, 1925 ж.). 1930-1936 жылдары «Кеңес өлкетану» деп аталды. 1924 және 1927 жылдары Бүкілресейлік өлкетану конференциялары, ал 1930 жылдың алтыншы сәуірінде І Бүкілқазақстандық ғылыми-өлкетану съезі өтті.

Өлкетанулық еркін зерттеулерді: экономикалық, археологиялық, географиялық, жаратылыстану қызығушылары, антропология және этнография қоғамдары, губерниялық архив комиссиясы, земстволар көп университеттер, ғылыми қоғамдардың бөлімшелері мен филиалдары жүргізді.

*Қазақстанда өлкетану жұмыстарының негізгі кезеңдері.*

*1-кезең.* Революциядан бұрынғы кезең. Патшалық Ресейдің қиыр алыс түкпірлерінде өлкетану үйірмелері, қоғамы, мұражайлары пайда болды. Олардың жергілікті мәдениет саласы халық тұрмысын жазып, жинау зерттеуде елеулі табыстарға жетті.

Осы кезеңде орыс саяхатшылары мен тарихшылары *қазақ халқының тарихын зерттеуге* зор үлес қосты. ХVІ ғасырдың ортасында Ресейде кітап басып шығару пайда болуына байланысты, тарихи мәліметтер, саяси-экономикалық, адамдардың рухани өмірі туралы кітаптар күрт көбейді. ХVІІІ ғасыр бойында қазақ халқы туралы тарихи-этнографиялық материалдар молайған үстіне молая түсті. Орыс және Орта Азиялық елшіліктер өз кезектерінде қазақтар көшіне соғып, Ресейге қазақ халқының өмірі туралы мәліметтер жеткізіп тұрды. Бұл ең алдынмен сауда жүргізу қауіпсіздігіне қажет болды. Ресейде 17 ғасырдың басында «Үлкен сызба» деп аталған мемлекеттік картаның тұңғыш жазбаша сипаттамысы «Үлкен сызба кітабы» (1627 ж.) жарық көрді. Кітаптың Қазақстанға қатысты деректері Есіл мен Сарысу өзендерінің, Ұлытау мен Қаратау аралығындағы аумақтың 50-ге жуық географиялық атауларды қамтиды. Сырдария, Жайық, Жем, Ырғыз, Торғай, Жыланшық, Сағыз, Темір, Бұлдырты және тағы басқа өзендер мен басты көлдер аталған. Ұлытау, Қаратау, Мұғалжар тауларының, Нарын, Арал маңы құмдарының орны көрсетілген. Индер көлі мен Елек өзенінің бойында тұзөндірілетіні, Ұлытауды қалайы, Жыланшық өзенінің бойында табиғи бояу кездесетіндігі баяндалған [7].

XVIII ғасырдың 30-жылдарында кіші жүздің Ресей мемлекетінің қол астына кіруінен бастап қазақ жерінің географиялық зерттелуінде жаңа кезең басталады.

XVIII ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың екінші жартысында этнографиялық зерттеулердің дамуы, Орыс географиялық қоғамының (1845-1861 жж) құрылуымен байланысты. Оның Орынбор бөлімшесінің мүшелері болып: Т.Сейдалин, Н.М.Бекчурин, О.Г.Игнатъев, И.А.Киреевский, А.И.Оводов, Я.Н.Плотников, А.А.Тилло, кейінірек Ы.Алтынсарин, Б.Дауылбаев, С.А.Жанториндер кірді. 1870 жылы баспа органының бөлімі өзінің «Жазбаларды» жарыққа шығарды. Бірақ, ол төрт шығармашылығынан соң өзінің өмір сүруін тоқтатты (1870, 1872, 1875, 1881). Онда Ы. Алтынсарин, Б.Дауылбаев, С.Жанторин, В.Плотников, Т.Сейдалиннің этнографиялық еңбектері жарияланды. Батыс-Сібір, Жетysұлық, Түркістандық қазақтардың үй кәсібі мен қолөнерін этнографиялық тұрғыдан зерттеп суреттеген П.Медведский, А.Н Тетеревниковтің еңбектері үлкен қызығушылық тудырады.

Таланты орыс географы және картографы Я.В.Ханыков (1818-1862), өмірінің он бес жылын қазақ даласы мен Орта Азияның географиясын зерттеуге арнаған. Ол 1839 жылы қазақ халқы туралы статистикалық және этнографиялық мәліметтерді қолданып, «Орынбор өлкесін географиялық шолу» атты тұңғыш ғылыми еңбегін жазды. Сонымен қатар, Я.В.Ханыков «Хиуа хандығы мен Арал теңізінің картасын» (1851 ж.) және «Кіші Ішкі орда қырғыздарының жерлері картасын» (1845 ж.) жасады. «Хиуа хандығы мен Арал теңізінің картасына» орыс саяхатшыларының ерте кезден бастап XIX ғасырдың ортасына дейінгі Арал теңізі туралы тарихи мәліметтері бойынша күрделі «Түсініктеме жазуларын» жазды.

1848-1849 жылдары А.И.Бутаковтың (1816-1869) экспедициясы Арал теңізін қағазға түсірді және Арал туралы қызықты мәліметтер жинады. А.И.Бутаков Арал теңізін суреттеп, теңіз маңын табиғи-географиялық тұрғыда зерттеді және Аралдың дәл картасын жасады. Арал теңізінде пароход шаруашылығын дамытуға болатындығын негіздеді (1852), Сырдария мен Әмудария өзендерінің навигациялық-гидрографиялық (1853-1863) суреттемесін жасады.

1850-1860 жылдары Орынбор өлкесінде қазақ этнографы М.С.Бабажанов еңбек етті. М.Бабажановтың әсіресе «Қымыз туралы жаңалық», «Орал казак-орыстары мен Ішкі Орда қазақтарының айтысы», «Ішкі қазақ Ордасының жылқылары және оны бағу», «Нарын құмы жөніндегі мәліметтер», «Ішкі Бөкей ордасындағы аңшылық» деп аталатын мақалалары мен зерттеу еңбектері мән-маңызы өте жоғары еңбектер болып табылады. Әсіресе, мұндағы жылқы, қымыз жөніндегі жазбалары күні бүгінге дейін құны жоғалмайтын дүниелер.

Нарын құмынан табылған әйел мүсініндегі балбал тас үшін ол күміс медальға ие болды. «Заметки киргиза о киргизах» («Қазақтың қазақтар туралы жазбалары») 1861 жылы Санкт-Петербурда басылған. Сонымен бірге ғалымның батыс қазақ жерінің кен байлығы, географиялық ерекшеліктері топономика, этнография, тарих саласындағы еңбектері де бар [8].



Ресей Бас штабының полковнигі, Орыс географиялық қоғамының ғылыми хатшысы М.И. Венюков (1832-1901) 1860 жылы Қазақстан жерлерінде топографиялық түсірулер жүргізу үшін астрономиялық және геодезиялық тірек пункттерінің орнын таңдап алу мақсатында, белгілі бір жер бедерін алдын ала байқау және зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ол бұл өңірдің құрылысын планға, картаға түсіретін топографтар тобын басқарып келді. Оның Қазақстан жері туралы жұмыстарында Ұлы жүз қазақтары, оның ішінде, шекарада көшіп жүрген қазақтар туралы мәліметтер бар.

Қазіргі кездегі Қазақстан зерттеушілері үшін автордың жергілікті жерлердегі тікелей топографиялық ізденістері, жеке бақылаулары, жергілікті халықпен үнемі қарым-қатынаста болуы, оларға сұрақтар қойып, алған жауаптары құнды дерек болып табылады [9].

*2-кезең.* Кеңес өлкетануының пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы кезеңі 1917 жылдан 1990 жылдардың аралығын қамтиды. Кеңес дәуірінде өлкетану ғылыми-мәдени қозғалыс ретінде кең тарады және нығайды. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қазақстанда Өлкетанудың тұрақты ғылым мекемелері мен ғылыми-зерттеу интернаттары, қорықтар ұйымдастырылды. Өлкетану бойынша Қазақстанды зерттеу қоғамы аясында және Кеңес өкіметінің Қызыл керуен, Қызыл отау шараларының негізінде көптеген жұмыстар атқарылды. Бұл кезеңде негізінен Қазақстанның табиғи ресурстарын игеру, шикізаттың жаңа көздерін ашу, индустрияландыру, елдің бет-бейнесін түбірінен өзгерту, кеңестік шаруашылықтар мен мәдени құрылыс бағдарламасын іске асыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан өлкетануында Қ.И.Сәтбаев, Ә.Х.Марғұлан т.б. қомақты еңбектер атқарды. Бірқатар тұрақты және маусымдық экспедициялар Қазақстанның жер қойнауын, өсімдік-жануарлар әлемін, жалпы табиғатын кешенді зерттеу және тарихи-археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен қатар, жергілікті халықтың мәдениетін, тілін, өнерін, ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырумен де айналысты. 1973 жылы Кеңес Одағы жергілікті халықтар өлкесінің тарихын, экономикасын, мәдениетін, табиғатын зерттеп білуге қатысты арнайы Бүкілодақтық туристік экспедициялар ұйымдастырды. Туристік-өлкетану үйірмелері жұмыс жасады. Өлкетанудың жергілікті орталықтары ретінде тарихи-өлкетану мұражайлары, мәдениет үйлері, түрлі үйірмелер құрылды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі Өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынды. Жергілікті жерлерде облыс, аудан өлкетану мұражайлары жұмыс істейді. Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру да ілгері дамуда. Өлкетанудың өзіндік атқаратын үш функциясы бар:

-бірінші функциясы – педагогикалық, білім беру орталықтарында оқыту және тәрбиелеудің нәтижесін жоғарылату үшін қолданылатын дидактикалық әдіс ретінде;

- екінші функциясы – оқытулық, ол өлкетануды элементарлы мектеп географиясын оқытудағы базалық курс ретінде қарастырады;

- үшінші функциясы – ғылыми, ол өлкетануды барлық әдістерімен бірге географиялық зерттеудің жүйелік құрамы ретінде қарастырады.

Өлкетанулық зерттеулерді жүргізудің өзіндік әдістері бар. Олар: экономикалық, тарихи, географиялық, әлеуметтік, картографиялық, модельдеу арқылы, статистикалық, визуалді (байқау), сауалнамалық және сипаттау әдісі. [10].

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау ісін жақсарту үшін, оның ішінде олардың жекелеген түрлерін құқықтық қорғаудың ең оңтайлы құралдарын қарастыруға мүмкіндік беретін ғылыми жіктеудің маңызы өте үлкен. Бұл жіктеу 1992 жыл 2-ші шілдедегі «Тарихи мәдени мұраны қорғау және пайдалану» (5.10.1995 жылы өзгертілген) тарих, археология, қала құрылысы, өнер ескерткіштері және құжатты ескерткіштер тізімімен Қазақстан Республикасы заңының 6-шы бабында бекітілген.

Келтірілген жіктеу тарих және мәдениет ескерткіштері болып танылатын тәртіпке келтірілген үлгі тізімі болып табылады. Бұл тізім аяқталмаған бағдар сипатында болады, әрі іс жүзінде қалыптасқан ескерткіштерді мемлекеттік есепке алудың формасын көрсетеді.

ҚР 1992 жыл 6-шы шілдедегі заңының 6-шы бабынан тікелей шығатын ескерткіштерді жылжитын және жылжымайтынға бөлу үлкен теориялық әрі практикалық қызығушылық тудырады. Бұндай бөлудің теориялық маңызы ескерткіштерді қорғау шеңберінен асып түседі, себебі мүліктердің жылжитын және жылжымайтын ретінде бөлудің жалпы өркениетті мәселесін қорғайды.

Белгілі болғандай, заттарды жылжитын және жылжымайтындарға бөлу қазіргі заманда көптеген құқықтық жүйелерінде, соның ішінде Қазақстан Республикасы өз тарихында сонау Рим құқынан бастау алады және азаматтық құқық объектілерінің табиғи өзінділіктеріне негізделген. Жылжымайтын заттар тұрақты бір жерде болады, олардың әрқашан өзіне тән белгілері және алмастыру мүмкін емес. Дәстүрлі жылжымайтындарға ( жылжымайтын мүлік ) жер, жер учаскілері, қазба орындары, жекелеген су объектілері және әдеттегідей одан ажыратуға болмайтын заттар, яғни жылжитқан кезде өз арнауына нұқсан келетін объектілер, соның ішінде құрылым , құрылыстар, көп жылғы ағаштар, орман тағы да басқа қалған басқа заттардың барлығы жалпы ереже бойынша жылжымалы болып есептелінеді, яғни басқа жерге ауыстырғанда өз шаруашылық арналуына нұқсан келмейді, әрі бүлінген жағдайда басқасына ауыстыруға болады.

Заттарды қаралып отырған бөлу тиімділігі тарих және мәдениет ескерткіштерін бөлінуінен айқын көрініп отыр. Жылжымайтын ескерткіштерге ғимараттар, құрылыстар немесе басқа да объектілер ансамбльдер мен комплекстер, бау-саябақ өнері, шығармашылығы, тарихи некрополдер, тарихи территориялар мен орындар және бірқатар басқа да объектілер әдеттегідей айнала қоршаған ортамен көптеген жағдайда олардың тарихи, ғылыми және көркемдік құндылығы анықталады. Бұндай ерекшелік бұл ескерткіштерді қорғау мен пайдаланудың спецификалық талабын белгілейді.

Олардың ең бастысы-ескерткіштер орналасқан территорияларды және солармен байланысты құрылыстар мен басқа да объектілерді тұтас бірегей ретінде сақтау, ескерткіштер қорғалатын айлағын бекіту, құрылыс салуды реттеу айлағы, ландшафты қорғау, ең құнды ансамбльдер мен комплекстер ескерткіштерін тарихи-мәдени қорықтар ретінде жариялау есебінен қамтамасыз етіледі.

Ал енді жылжитын ескерткіштерге келер болсақ, олардың тарихи, ғылыми басқа да мәдени маңызы ең алдымен олардың өзіне байланысты, әдеттегідей олардың құндылығына зиян келтірместен кеңістікке еркін орналастыруға болады. Соған сәйкес оларды есепке алу, қорғау және пайдалану ережесі де өзгеше.

Тарих және мәдениет ескерткіштері өз дәрежелері бойынша әлемдік, ұлттық және жергілікті маңызды ескерткіштер болып бөлінеді. Әлемдік маңызы бар ескерткіштер адамзат қоғамының дамуы мен қалыптасуының куәсі ретінде әмбебап сипатта немесе әлемдік мәдениеттің ғажайып туындысы ретінде болады. Бірегей халықаралық қорғау тәртібінде «Адамзаттың мәдени мұрасының құрамдас бөлігі болып табылатын ескерткіштердің шектеулі санын» жасау қажеттілігін ЮНЕСКО 1966 жылы-ақ мойындаған. Нәтижесінде 1972 жылы 16 қарашада ЮНЕСКО-ның бас конференциясы ұлттық жоспарда мәдени және табиғи мұраларды қорғау жөнінде ұсыныс және бүкіләлемдік мәдениет және табиғи мұраны қорғау жөнінде Конвенция қабылдады.

Көрсетілген құжаттар негізінде көрнекті мәдени құндылықтарды қорғау – бүкіл адамзаттық ісі деген идея жатыр. Соның ішінде конвенцияның жетекші органы 1972 жылы бүкіл әлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғау бойынша комитет- мүше елдердің ұсыныстарын қарап әрі ең ғажайып белгілі межелерге сәйкес келетін мәдени және табиғи құндылықтарын бүкіл әлемдік мұралар тізіміне ендіреді. Қазақстан 1974 жылдан сол конвенцияға қатысушы болғандықтан, ондағы ереже ескерткіштерді қорғаудың отандық теориясы мен практикасында ескертілуі қажет.

ҚР 1992 жыл 2-ші шілдедегі заңының 2-ші бабына сәйкес «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану», «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғауды тиімді ұйымдастыру және есепке алу мақсатына орай ескерткіштер халықаралық, республикалық және жергілікті маңызды болып бөлінеді».

Республикалық маңызды ескерткіштерге сол елді мекендердің халықтың тарихы мен мәдениетін тануға өлшеусіз маңызы бар ескерткіштер жатады. Жергілікті маңызы барларға тарихи және мәдени құндылығы бар ескерткіштер жатады. Олардың ғылыми, көркемдік басқа да маңыздылығы сәйкес аймақтық сол жерді мекендейтін халықтар көмегімен шектеледі.

Республикалық маңызы бар тарих және мәдени ескерткіштер тізімін ҚР-сы тарих және мәдени ескерткіштерді қорғау және пайдалану бойынша мемлекеттік органдардың ұсынысымен ҚР-ның үкіметі бекітеді. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін ҚР-сы тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану бойынша мемлекеттік органдарымен келісіп, ескерткіштерді қорғау бойынша мемлекеттік территориялық және қоғамдық органдардың ұсынысымен жергілікті билік органдары бекітеді.

Республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер тізімінен объектілерді шығарып тастау тек ҚР-сы Үкіметінің шешімі арқылы ғана іске асырылады ( 27 бап ).

Ескерткіштер мүлік ретінде құқықтық қатынастар меншігі объектісі түрінде болады. Олар нақты кімге жататындығына орай мемлекеттік, ұжымдық және жекеменшік болып келеді. Ескерткіштердің басым бөлігі мемлекет меншігінде ҚР « Тарихи және мәдени мұраларды қорғау және пайдалану туралы » заңына сәйкес ҚР-сы территориясындағы басқа субъектілердің меншігі болып табылмайтын тарих және мәдениеттің барлық ескерткіштері, заң бекіткен ережеге сәйкес ескерткіштері болып танылған тарихи-мәдени жер бедерлері тек Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады. Қазақстан Республикасы қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын құрайтын, тарихи-мәдени құндылығы бар болғандықтан олардың меншік иелерімен келісім арқылы тарих және мәдениет ескерткіштерін меншіктенуге құқысы бар. Ескерткіштерді сақтауға өте маңызды роль атқаратын оларды пайдалануды дұрыс ұйымдастыру. Қазіргі жағдайда ескерткіштерді пайдалану мүмкіндіктеріне байланысты олар жекелеген топтарға бөлінеді. Бірінші кезекте көрсетілген арналуы – көп функционалды жылжымайтын ескерткіштерге қатысты. Ал енді жылжымалы объектілерге келетін болсақ, олардың көпшілігін пайдалану мүмкіндігі олардың тұтастай арналуымен байланысты ( өнер ескерткіштері, қолжазбалар, коллекциялар т.б. ) немесе тарихи -мәдени лайықтылығына байланысты ( көне қарулар, сирек музыкалық аспаптар, көне ғылыми приборлар және т.б. ).

Тарих және мәдениет ескерткіштерін кейде хрусталь құмырамен, ал кейде гүлмен салыстырады. Екеуі де мұқият қарауды қажет етеді.

Сонымен прогрестивті азамат, байқаусызда түсіп кеткен шашақтарына дейін мұқият жинап , бар мүмкіндікпен бұл гүлді қорғаштауға ұмтылады. Мемлекет ұзақ жылдар бойына мәдени құндылықтарды қорғау бойынша заңдылық актілер шығара отырып, жазба және материалды мәдениет ескерткіштердің мол қоры бар мұражай, кітапханалар, архивтер, қорық мұражайлар құрды.

Тарихи-мәдени құндылықтарды ескерткіштер ретінде тану, үкімет қаулысымен бекітілетін тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізіледі. Барлық тарих және мәдениет ескерткіштері кімнің меншігіне жатысына қарамастан, мемлекеттік есепке алынуы тиіс. ҚР және республика үкіметінің тізіміне ендіріліп, бекітілген ескерткіштер мемлекет қорғауында болады. Оларды дұрыс қолданбау, бүлдіру және қиратуда лауазым иелері мен азаматтар заңға сәйкес жауапқа тартылады.

Ұлттық мәдени мұраларды қорғау маңыздылығына түсіністіктің артуы тарихи мұраларды сақтауды ұйымдастыруды қамтамасыз ету және заңдылық базасын жетілдіруді қажет етеді.

Қазіргі күні Қазақстан территориясында қалған 30 мыңға жуық тарихи және мәдениет ескерткіштері жыл сайын шетінен құрылыс және басқа да себептермен бүлініп, жойылуда.

Бүгінгі күні мұраларды көбейту бойынша ұлттық стратегияны жаңартусыз және оны қоғам дамуының бағдарламасымен үйлестірмей, сауатты менеджментсіз, басты түйіні біздің мұражайлар, мавзолейлер, архитектуралық, тарихи және табиғи қорықтар болып табылатын туризм инфрақұрылымын әлемдік стандарттар деңгейіне көтере алмаймыз.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өткен жылғы халыққа дәстүрлі Жолдауында асыл мұраларымызды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту мәселелеріне мән беріп, үкіметке « Мәдени мұра » мемлекеттік бағдарламасын жасауды тапсырған болатын. Ал, қараша айында Астанада ҚР ұлттық кеңесінің үшінші мәжілісінде Президенттің қатысуымен бағдарламаның жобасы талқыланды. Бұл тарихи және мәдени ескерткіштерді жаңғырту жұмысындағы жүрекке қуаныш ұялатқан игілікті іс Оңтүстік өлкемізде, облыс бойынша 800-ден аса тарихи және мәдени ескерткіштер болса, әлі де толық зерттелмей жатқан мұралар көптеп саналады.

Қорытындылай айтқанда, өзіндік сыры мол тарихи қарашығындай сақтау әр адамның парызы.

Ортағасырлық дәуірде сауданың, қолөнердің өркендеп дамуы, көшпелілердің отырықшылыққа ден қоя бастауы қалалардың, құрылыс ісінің қанат жаюына ықпал етті. VIII-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда ислам дінінің кең таралуына байланысты мұсылмандық мәдениет қалыптасып, қалаларда мұсылман дініне негізделген архитектуралық ескерткіштер бой көтере бастады.

IX-X ғасырларда Отырарда туған ұлы философ, Абу Насыр Әл-Фарабидің математикалық еңбектерінде көрсетілген архитектуралық формаларды салудың геометриялық әдістері Шығыс еліндегі құрылыс өнерінің негізін қалады.

Қазақстан аумағында орта ғасырлық мұсылмандық сәулет ескерткіштері көптеп саналады. Олардың көрсетілген тамаша құрылыс ескерткіштері-халықтық аса бай өнегелі өнері болып табылады. Ертедегі дәуірдің маңызды тарихи құбылыстардың куәгері сияқты мұндай ескерткіштер ғылыми, тарихи көзқарасты қалыптастырады. Мешіт, ғибадатхана, кесене ғимараттарында халық шеберлерінің көпғасырлық қолтаңба тәжірибелері, сонымен бірге елдің жақсылыққа деген ойлы өрнегі бар.

ҮІ-XIII ғасырлар аралығында қалалардың көбейе түсуі қала құрылыстары мен сәулет өнерінің дами түсуіне өз ықпалын тигізді. Шеберлер жаңа конструкцияларын, формаларын енгізіп, декоративті өрнек түрлерін салды. Осындай жетістіктердің нәтижесінде бұл дәстүр XX ғасырдың басына дейін сақталып келді. Орта дәуірдегі XII-XV ғасырлар аралығында салынған түрлі ғимараттардың осы кезге дейін жеткендері өте аз. Олардың бұзылуы, қайта раставрация жүргізуші жөнделуі ескерткіштердің бастапқы уақыттағы өзінің түр-сипатының көп өзгеріске ұшырауына әкеліп соқтырды. Дегенмен, ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда салынған ескерткіштердің азда болса сақталған бөлігінің өзі-ақ жоғары шеберлікті көрсетеді.

Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі ХІҮ ғасырдың аяғы ХҮ ғасырдың басындағы сирек кездесетін бірден-бір архитектуралық ескерткіш. Кесене 1389-1397 жылдар аралығында Әмір Темірдің бұйрығымен



салынған. Өзіндік орны бар бірнеше бөлмеден тұратын көлемі жағынан үлкен де сәулетті мемориалдық комплекс болып табылады. Кесене ғимараты порталды күмбезді құрылыс түріне жатады, ішкі және сыртқы формалары өз кезеңіне сай дәстүрлі өрнек түрлерімен безендірілген. Халық зиярат ететін орын, сонымен бірге еліміз мақтаныш тұтатын сәулет өнерінің үлкен жетістігі.

Сайрам ауданындағы Қарашаш ана мавзолей XIX ғасырда салынған. Жалпы көлемі 7x6,5 м, биіктігі 9,3 м. Аңыз бойынша XII ғасырда Қожа Ахмет Яссауидің анасы Қарашаш ана бейітінің үстіне салынған, кейінгі уақытта қайта жөнделген. Республика деңгейдегі архитектуралық ескерткіш.

Ибрагим ата кесенесі XIX ғасырда қайта жөнделіп салынған жалпы көлемі 7x7 м, биіктігі 8,25 метр болатын республикалық деңгейдегі архитектуралық ескерткіш. Кесене кең таралған күмбезді үлгіде тұрғызылған. Ежелгі Отырар қаласына (қараған орнына) жақын жердегі архитектуралық ескерткіштің бірі XI ғасырда өмір сүрген (делінетін) Арыстан баб бейітінің үстіне салынған жалпы көлемі 30x13 метр болатын Арыстан баб кесенесі. Аңыз бойынша бұл бабамыз Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы болған. Ескерткіштің бұзылуына байланысты бірнеше рет жөндеу жұмыстары жүргізілген мемлекеттік қорғауға алынған республикалық деңгейдегі сәулет ескерткіші.

Тараз қаласының батыс жағында 18 шақырым жердегі Айша бибі кесенесі-XII ғасырда салынған архитектуралық ескерткіш. Құрылысты 1897 жылы В.А. Каллаур, 1938-39 жылдары КСРО ҒА қазақ филиалының тарих және материалдық мәдениет экспедициясы, 1953 жылы Қазақ КСР ҒА экспедициясы жан-жақты зерттеген. Айша бибі мазары мемориалдық құрылыстардың орталық биіктігі типіне жатады. Ескерткіш қабырғаларының конструкциясы ерекше. Мұның шаршы пішінді қабырғалары бірнеше қабаттардан тұрады. Кесененің ішінде күйдірілген кірпіштен салынып, қалаған шағып құлпытан салынған. Айша бибі күмізіндегі сан алуан ою-өрнек, нақыштар Қарахан дәуіріндегі сәулет өнерінің озық үлгілері саналады.

Әулие ата күмбезі – XI ғ-н сақталған сәулет өнері ескерткіші. Қазіргі Тараз қаласының батыс жағында. Кесене Қарахан әулетінен шыққан белгілі хан Иса. Махмуд Бұғра Қарахан қабірінің басына орнатылған. Күмбезі ғана құлаған кесененің төрт қабырғасы мен жылтыр кірпішпен өрнектелген қыш мұрасы XIX ғасырдың 90 жылдарына шейін сақталған. 1905 ж. оның құлаған бөлігі түгелдей бұзылып алынып, орнына 1906 ж. жаңа кесене салынған. Жаңа құрылысты сол кездегі Ташкент шипаны Сайд Бакханов қортыландырған. Кейінгі салынған кесене алғашқысына ұқсамайды. Бергі беті Айша бибі кесенесіне ұқсас болғанымен, кірпіштерінің өрнектеліп қалануы жағынан Бұхарадағы ортағасырлық Ислам күмбезіне анық байқалады. Әулие ата кесенесі төрт бұрышты, ортаңғы кең бөлмеден және үш кіші бөліктен тұрады. Орталық бөлменің төбесі киіз үйге ұқсатылып жабылған. Екі мұнарасы бар.

Жошы хан күмбезі – Жезқазған қаласынан солтүстік шығыс қарай 50 км жерде, Қаракенгір өзенінің жағында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш. Мавзолей XIII ғасырға жатады. Аңыз бойынша бұл ескерткіш Шыңғыс ханның үлкен ұлына арналып жасалған. Мавзолейдің құрылымы күмбезді, ауданы 7,25x9,52 м, биіктігі 7,9 м, күйдірілген кірпіштен

тұрғызылған. Оның маңдай алдын сүйір арна түрінде шығарып, екі таң босағасын үстіңгі салмақты еркін көтеріп тұруы үшін берік етіп тұрғызған. Жақтаулар өрнекті кірпішпен өрнектелген. Өрнекке пайдаланған тоқта кірпіштің аузына 45x45 см. Бұл кірпіштерде өрнекпен бірге жазу да болған. Ж.Х. кесенесі республика маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

Асан ата күмбезі-қазақтың ақын философы Асан қайғыға арналып ХҮІ ғ. Салынған архитектуралық ескерткіш. Қызылорда облысы, Шиелі ауданында 16 км-жерде орналасқан. А.а.ан. порталды-күмбезді құрылысқа жатады. Шаршы тіліндес, ауд. 11,15x7,30 м, биіктігі 7,60 м күйдірген кірпіштен қаласқан. 1982 ж. республика маңызы бар тарих және мәдениеті ескерткіштер тізіміне енгізілді.

Шақпақ ата-Х-ХІХ ғ.ғ. аралығында іргесі қаланған қорым, архитектурасының ескерткіштер комплексі. Гурьев, қазіргі Атырау облысы Маңғыстау ауданындағы Таушық поелкесінен батысқа қарай 25 км жерде орналасқан. Комплексе сағатынан, құлпытас, сағана-қайтпас санды ескерткіштер мен жер асты мешітінен ( Шақпақ ата мешіті ) тұрады. Мешіттің жалпы жобасы крест пішінді болып келген. Орталық намаз залының ( 5,0x4,5 м ) төрт бұрышынан жұмыр бағаналар қашалып, олардың арасы сәнді қақпалармен байланысқан. Залдың ( күмбезінен ) шығарылған. Мешіттің қабырғаларында арнайы жиналған өрнек белгілері байқалмайды. Негізгі әшекей-өрнек бас кіре берістің босаға қабырғаларын нақыштауға ( жануарлар, қару жарақ, салт атты адам суреттері, жазулар т.б. ) жұмсалған.

Қарахан күмбезі – архитектуралық ескерткіш. ХІ ғ. Таразда билік еткен Қарахан әулеті хандарының бірі жерленген қабір үстіне салынған. Тараз қаласындағы «Ежелгі Тараз ескерткіштері » қырық музейі территориясында орналасқан. 1906 ж. қайта салынуына байланысты алғашқы архитектуралық ою-өрнегі сақталмаған. Күмбезі алғаш зерттеген архитектура ғалым Б.П. Денеме. Ескерткіш шаршы пішіндес болып келеді, порталді күмбезді құрылысқа жатады. Сырты осы күті күйдірілген кірпіштен, ішкі бет, терезе жақтаулары Қарахан дәуірінің кірпіштерінен өрілген. Орталық залы, 4-бұрышында күмбезді шатырға көтерілетін баспалдағы бар. Қазіргі Орталық залына ежелгі Тараз тарихы мен мәдениеті жайлы баяндайтын экспозиция қойылған.

Қазақстан жерінде осындай архитектура ескерткіші реставрациялау 1982 ж. Ахмет Яссауи мавзолейіне кейбір жөндеу шаралары жүргізіле бастаған кезден басталады. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін тарих және мәдениет ескерткіштері қамқорлыққа алу әрі оларды жедел қолға алынды. 1966 ж. республика ғылыми реставрация өндірістік шеберханасы ( кейін респ. ғылыми реставрация және жөндеу бірлестігі) ұйымдастырылды. Осы негізде аталған арх.ескерт.жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары жасалды.

Халқымыздың мақтанышы Түркістандағы Қ.А. Яссауи кесенесі ЮНЕСКО-ның Бас Ассамблеясында 27-ші сессиясында бүкіл әлемдік ескерткіштер қатарына кірді.

1834 ж. жергілікті статистикалық мәліметтерді жинау, өңдеу қажеттілігі, губерниялық статистикалық комитеттер құру қажеттігін айқындады. Олардың міндеті: жергілікті әкімшілік статистикасының толық нақты жазу, статистикалық экспедицияларды жабдықтау.

Өлкетану жұмысын өлкетану музейлер ХІХ- ғасырда кең жайдырды. ХХ-ғасырдың басында өлкені зерттеуші қоғамдар пайда бола бастады.

Өлкетану зерттеулер көп университеттер, ғылыми қоғамдардың бөлімшелер мен филиалдар: Еркін экономикалық, археологиялық, географиялық, Ресейдің бұрынғы тарихы, жаратылыстану қызығушылар, антропология және этнография қоғамдар, губерниялық архив комиссия, земстволар жүргізді.

*3-кезең.* Тәуелсіз Қазақстанда өлкетану қозғалысының даму кезеңі жиырмасынша ғасырдың 90-жылдардың басынан бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтиды. Онда өлкетану жұмысы кеңінен өріс алуда.

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау ісін жақсарту үшін, оның ішінде олардың жекелеген түрлерін құқықтық қорғаудың ең оқтайлы құралдарын қарастыруға мүмкіндік беретін ғылыми жіктеудің маңызы өте үлкен. Бұл жіктеу 1992 жылы 2-шілдедегі «Тарихи мәдени мұраны қорғау және пайдалану» (5.10.1995 жылы өзгертілген) тарих, археология, қала құрылысы, өнер ескерткіштері және құжатты ескерткіштер тізімімен Қазақстан Республикасы заңының 6-бабында бекітілген.

Келтірілген жіктеу тарих және мәдениет ескерткіштері болып танылатын тәртіпке келтірілген үлгі тізімі болып табылады. Бұл тізім аяқталмаған бағдар сипатында болады, әрі іс жүзінде қалыптасқан ескерткіштерді мемлекеттік есепке алудың формасын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының 1992 жылдың 6-шілдесіндегі заңының 6-бабынан тікелей шығатын ескерткіштерді жылжитын және жылжымайтынға бөлу үлкен теориялық әрі практикалық қызығушылық тудырады. Бұндай бөлудің теориялық маңызы ескерткіштерді қорғау шеңберінен асып түседі, себебі мүліктердің жылжитын және жылжымайтын ретінде бөлудің жалпы өркениетті мәселесін қорғайды.

Қазақстан Республикасының 1992 жылдың 2-шілдесіндегі заңының 2-бабына сәйкес «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану», «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғауды тиімді ұйымдастыру және есепке алу мақсатына орай ескерткіштер халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар» деп бөлінеді.

Республикалық маңызды ескерткіштерге сол елді мекендердің тарихы мен мәдениетін тануға өлшеусіз маңызы бар ескерткіштер жатады. Жергілікті маңызы барларға тарихи және мәдени құндылығы бар ескерткіштер жатады. Олардың ғылыми, көркемдік басқа да маңыздылығы сәйкес аймақтық сол жерді мекендейтін халықтарының көмегімен шектеледі.

Республикалық маңызы бар тарих және мәдени ескерткіштер тізімін Қазақстан Республикасы тарих және мәдени ескерткіштерді қорғау және пайдалану бойынша мемлекеттік органдардың ұсынысымен Қазақстан Республиканың үкіметі бекітеді. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімін Қазақстан Республикасы тарихи-мәдени мұраны



қорғау және пайдалану бойынша мемлекеттік органдарымен келісіп, ескерткіштерді қорғау бойынша мемлекеттік территориялық және қоғамдық органдардың ұсынысымен жергілікті билік органдары бекітеді.

Республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер тізімінен объектілерді шығарып тастау тек Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі арқылы ғана іске асырылады (27 бап).

Ұлттық мәдени мұраларды қорғау маңыздылығына түсіністіктің артуы тарихи мұраларды сақтауды ұйымдастыруды қамтамасыз ету және заңдылық базасын жетілдіруді қажет етеді.

Бүгінгі күні мұраларды көбейту бойынша ұлттық стратегияны жаңартусыз және оны қоғам дамуының бағдарламасымен үйлестірмей, сауатты менеджментсіз, басты түйіні біздің мұражайлар, мавзолейлер, архитектуралық, тарихи және табиғи қорықтар болып табылатын туризм инфрақұрылымын әлемдік стандарттар деңгейіне көтере алмаймыз [11].

2004 жылдан бастап Елбасы президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы іске кірісті. Оның ең бірінші аспектісі халықтың бай мәдени мұрасы арқылы қазақстандықтардың ұлттық сана-сезімін дамыту мен бекітуге бағыттылған. «Мәдени мұраның» екінші маңызды аспектісі – әлемге бай ұлттық рухани қазынасын ашу. Бағдарламаның үшінші аспектісі – тарих, философия, этнография, тіл, әдебиет, көркем өнер, музыка және тағы басқа ұлттық мәдени мұраны зерттеу жүйесін құру. «Мәдени мұра» бағдарламасы қазақстандықтармен тек қана рухани-мәдени ғана емес, еліміздің барлық қоғамдық өмірімен белгілі бір кезең ретінде үлкен жігерлікпен қабыл алынды. «Мәдени мұра» мемлекеттік мұрасы бүгінгі күні 2004-2006, 2007-2008, 2009-2011 жылдарға арналған кезеңдермен жүзеге асырылды және жақын арадағы жиырма жылға ұзақмерзімді бағдарлама әзірленді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы тарих және археология ескерткіштерін жүйелендіру, сақтау және қалпына келтіру бағыттары бойынша жүзеге асырылады. Елімізде 25 мыңнан астам ескерткіш, 2 миллионнан астам құнды мәдени заттар бар деп есептелуде, Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі мен Тамғалы шатқалының петроглифтер кешені Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енгізілген, ендігі кезекте ЮНЕСКО тізіміне ескі Отырар қалашығын қосу болып табылады.

Тәуелсіздік жылдары ішінде еліміздегі ескерткіштерді толық түгендеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Осы жұмыстардың қорытындысы бойынша республикада тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізімі құрастырылып, оған республикалық маңыздағы 218 объект және жергілікті маңыздағы 11,5 мың объект кірді. Ең маңызды жоба Дамасқтағы Сұлтан Бейбарыстың мавзолейін қалпына келтіру болып табылады. 1266 жылы Бейбарыстың өзімен салынған бұл кешен мектептен, мұражайдан және мавзолейден тұрады. Жұмыс барысында кешеннің барлық қабырғалары мен сәулет пішіндері бекітілген, сериялық мамандарды шақыртумен нақыштарға, әшекей рәсімдеулерге, 200 мыңнан аса раритетті кітап сақталынатын мұражайға қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, ең соңғы үлгідегі техникамен жабдықталды. Каирдағы Сұлтан Бейбарыс мешітін қалпына келтіру

шеңберінде қазақстандық тарап жұмыстарды қаржыландыру бойынша барлық міндеттерін орындады. Сондай-ақ Дамасктағы тарихи мәдени орталығының және Әл Фараби Мавзолейінің құрылысы жалғасуда, ол мешіттен, тарих және мәдениет бойыша экспозициялық залдардан, оқу залы бар кітапханадан, конференц залдары мен қонақ үйлерден тұрады.

«Мәдени мұра» бағдарламасын орындау барысында 2004 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін 73-тен аса археологиялық және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстары, 40-тан аса археологиялық, 26 ғылыми қолданбалы зерттемелері жүргізілді. Қазақстанның Еуразияға және әлемге кеңінен танымал ескерткіштерінің арасында – Сайрам, Отырар, Тараз, Қаялық Сығанақ, Жанкент, Жент ескі қалалары, Есік, Берел зираттары, Тамғалы петроглифі, Айша-биді, Бабажы-Қатын кесенесі, Яссауи кешені бар. «Біздің елімізде Мысыр пирамидалары және Римдік Колизейлер жоқ, бірақ Қазақстан аумағында көне дәуірде өмір сүрген көшпелілердің ролі Еуразия үшін ғана емес, сондай-ақ әлемдік тарих үшін бағасыз». Біз дала өркениетінің ұлылығын әлемдік деңгейде көрсетуіміз керек - бұл «Мәдени мұра» бағдарламасының басты тапсырмаларының бірі – деп Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев ерекше атап өтті.

Бағдарламаның екінші үлкен бағыты – Қазақстан тарихына қатысты кітаптардың, құжаттардың, қолжазбалардың көшірмелерін алу. «Мәдени мұра» бағдарламасының арқасында 10 мыңнан аса мұрағаттық материалдар, құжаттар, қолжазбалар және жасанды заттар анықталды. Шетелдік мұражайлардағы ең көптеген мәлімет – 3 мың құжат – Қытайда болды. Бұл құжаттар ғылымға бүгінгі күнге дейін белгісіз, олар Қазақстан тарихын жүйелендіруге көмектеседі. Сондай-ақ Шығыс Еуропадан, АҚШ, Түркия, Қытай, Ресей, Жапония және Армениядан республикаға бес мың бірегей тарихи құжаттары қайтарылды.

Бағдарламаның үшінші бағыты – ұлттық әдебиеттің бай мұрасын зерттеу, оны жүйелендіру және көптомдылық шығару. Ғылыми-танымал әдебиет жұмыстарының тұтас сериясы өңделді. Тарих, этнография, археология бойынша 400-ден аса кітап атаулары, сондай-ақ жаңа энциклопедиялық сөздіктер шығарылды. «Бабалар сөзі» (Слово предков) жүзтомдық басылымының 66 томы басып шығарылды. Онда ежелгі қазақ ертегілерінен заманауи әдебиет әңгімелеріне дейін бар. 200 томдық «Жүз қазақ романын» шығару жалғасуда. Оған соңғы 100-150 жылдардағы қазақстандық жазушылардың ірі әдеби туындылары енгізілген. Қазақстанның 10 томдық энциклопедиясы, бес том орыс тілінде және анықтама ағылшын тілінде шығарылды. Сондай-ақ ежелгі заманнан қазіргі күнге дейінгі қазақ ойшылдарының мұрасын қамтитын жиырма томдықты шығару бойынша ғылыми жобалар жүзеге асырылуда, басқа жобаға дүниежүзілік философиялық мұраны басып шығару кірсе, ал үшіншісі Әл-Фараби шығармаларының жиырма томдығын шығаруға арналған. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде өткен жүзжылдықтың танымал орындаушыларының аудио, фоножазбаларын іздестіру және қалпына келтіру және еліміздегі мұражайлар мен кітапханаларды ақпараттық және телекоммуникациялық

технологияға енгізу жұмысы жүзеге асырылуда. Қазақ музыкасын зерттеу бойынша жұмыстар жалғасып, бестомдық музыкалық антология әзірленді. Бағдарламаның ең маңызды бағыттарының бірі оны жүзеге асыру барысында алынған, мәліметтерді жүйелендіру және оқу бағдарламасына және орта және жоғарғы оқу орындарының бағдарламасына енгізу болып табылады. Бүгінгі күннің ең маңызды тапсырмаларының – туып өскен мәдениетінің әдеп-ғұрпын жақсы білетін, өз елін тарихын жақсы көретін, елдің болашағын сеніп тапсыратын ұрпақ тәрбиелеу. Сөйтіп, «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасын жүзеге асырудың мақсаты, тапсырмасы қазақстандықтардың қазіргі ұрпағына, Ұлы қазақ даласында өмір сүрген және өмір сүріп жатқан халықтың мәдени игілігін сақтау болып табылады [12].

Ұлттық сананың қалыптасуына Ұлт көшбасшысының биылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы да арналған. Бұл мақалаға әлемдік жаһандану мен бәсекелік дәуірінде ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, ұлттық мәдениетті асқақтатқан, қоғамның дамуы мен өркендеуіне бағытталған аса маңызды стратегиялық құжат деп баға беруге болады. Мемлекет басшысы елімізді рухани жаңғыртудың бірегей бағдарламасында ұлттың ХХІ ғасырдағы жаңа феноменін нақтылап берді. Ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынды.

«Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің өзегіне айналары анық. Мақалада көрініс тапқан «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық қасиетті орындар мен аса қастерлі жерлерді сақтауға, елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүние жүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады, ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту ұрпақтар сабақтастығының сақталуына ықпал етеді. Ал «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеудің және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады. Елбасы ұсынып отырған жаңа белестерді бағындыруға бағытталған іс-қимыл жоспарының мақсаты біреу, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Бұл мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып тұруы тиіс. Сонда ғана біз саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтыра аламыз. Ал рухани жаңғыру барлық жаңа бастамалардың өзегіне айналады. Сол кезде Елбасы айтқан, ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлтқа айналамыз, әлем сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де танитын болады [1].

*Өлкетанудың негізгі бағыттары және әдіснамалық қағидалары.*

Өлкетану мазмұны және зерттеу әдістері жағынан әр түрлі, бірақ өлкені жан-жақты тануға жетектейтін көптеген ғылымдардың қызметінің нәтижесі ретінде қалыптасады. Сондықтан да өлкетанудың келесі бағыттары көрсетіледі: құрамында археология бар тарихи, этнографиялық, табиғи (табиғи-

географиялық), әдеби, шығармашылық (өнер), топонимикалық және басқалар. Бірақ, өлкетану ғылымының барлық бағыттарында – нақты жер, өлке туралы ортақ тақырып болады. Бұл аймақтық белгі бойынша жинақталатын түрлі мағлұматтарды біріктіретін негіз болып табылады. Оқылатын аймақтағы болған оқиғалардың маңызы, оларға қатысы бар адамдар, археологиялық және сәулет ескерткіштерінің құндылығы, табиғи деректердің (ландшафтың, климаттың, сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың және т.б.) мәнділігі мен сиректігі өлкетанудың тамаша ерекшелігі мен күші болып саналады.

«Әлеуметтік-мәдени тәсіл» (көп факторлы) – дегеніміз социологиялық және мәдениеттану талдауларын біріктіру арқылы, әлеуметтік факторлардың кешенді зерттелуі тиіс дегенді білдіретін, гуманитарлық білім беру әдіснамасы саласында қалыптасқан бағыт [13].

Іс-әрекеттік тәсіл – ғылым дамуының динамикалық бейнесін беретін әдістердің бірі, ол ғылымды жанды және затқа айналған іс-әрекеттің арнайы түрі, сонымен қатар нақты кезеңдері мен сатылары бар циклдік процесс ретінде қарастырады [4].

Өлкетану әлеуметтік-мәдени құбылыстың көптеген саласында маңызды орын алады. Тарихи-мәдени мұраны сақтау мен зерттеу, мемлекеттік мұрағат, музей қорларын жинақтау, халықтың тарихи сезімін қалыптастыру көп жағдайда соған байланысты болады. Бірақ, отандық музейтану және өлкетану ойларын зерттеу әлі күнге дейін қазақстандық өлкетану әдебиеттерінде көрініс таппаған мәселе болып табылады [14].

Олардың өзара әрекеттестігінің мақсаты өлкенің, ауылдың, адамдар өмірінің тарихын жаңғырту, тарихи-мәдени мұраларды жинау мен сақтау, әртүрлі мәдени бағдарламалар (мектеп мұражайы, үйірмелер, экспедиция т.б.) жасау. Бұл еліміздің тарихы мен мәдениетінің бөлігі болып табылатын аумақтық-жергілікті қоғамдастықтың – «жергілікті қауымдастық» бірегейлігін алдын ала анықтайды. Өлкетану адамға этномәдени, жалпыұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтардың үш шеңберін меңгеруге көмектеседі. Өлкетану тұтастай алғанда жергілікті жер жайлы білімінің табысты дамуы үшін негіз болып табылады. Әркімнің өз үйінің табалдырығын аттап шыққанда табаны тиіп, қолмен ұстап, көзімен көретін табиғи заттарды, құбылыс-болмысты түсініп білу деген сөз. Онсыз өмірдің мәні болмайды. Неғұрлым табиғатпен етене жақын жүріп, табиғи құбылыстарды зерттеп білуге құштар болса, адамдардың жан-дүниесі бай, көңіл-күйі сергек болады, әрі жер ананың қадір-қасиетін білген адам өзін оның перзенті санап, оған жауапкершілік сезіммен қарайды. Ал мектеп оқушысын, яғни елдің ертеңгі азаматтарын, оқытып тәрбиелейтін орында географиялық өлкетану үйірмесі жұмыстарын бағдармалық тұрғыда қарау, бұл бағытта дәйекті іс.

Тәуелсіз еліміздің өскелең ұрпақтарын отансүйгіштікке тәрбиелеу жолдарының бірі – өлкетану жұмыстарын пайдалану арқылы тәрбиелеу екені айдан анық. Қазақ елінің кез келген аймағынан тарихи жәдігерлер мен деректерді көптеп кездестіруге болады. Мәселе соларды танып біліп, жергілікті жердің тарихы, мәдениеті, шаруашылығын, барлық ерекшеліктері жайлы мәліметтерді жүйелеп, зерделеп, оларды туған жерін тану, туған өңір, туған

жеріне деген сүйіспеншілігін оятудың ұтымды жолдары болып табылады.

Патриоттық сезім жалпы адам баласының елін, жерін, өз тілі мен мәдениетін, тарихи ұлттық құндылықтарын қастерлейтін, батырларын үлгі тұтатын, елінің болашағына сеніммен қарап, өзіндік бағасын түйсінуді, қуаттап қолдауды пайымдайтын көрсеткіші болып табылады.

Тәуелсіз еліміздің өскелең ұрпақтарын отансүйгіштікке тәрбиелеудің сан алуан жолдары бар. Солардың бірі – өлкетану жұмыстарын пайдалану арқылы тәрбиелеу. Академик Дмитрий Сергеевич Лихачев: «Өлкетану өзінің туған жерінді аялауды, сүюді ғана үйретіп қоймайды, сондай-ақ ол туралы білуінді, тарихқа, өнерге, әдебиетке деген қызығушылық танытуға, мәдениет деңгейінді көтеруге үйретеді» - деп айтып кеткен. С.Асфендияров өлкетанудың оқушылардың танымын арттырудағы, ой-өрісін кеңейтудегі ролін ерекше бағалай отырып, оны өз Отанын, ұлтын сүюге тәрбиелейтін, табиғи байлықтарын игеруге ықпал ететін бірден-бір пән деп атап көрсетті. Өлкетану туған өлкенің тарихын, этнографиясын, әдебиетін, мәдениетін, табиғатын, халық шаруашылығын оқып-үйренуді біріктіретін, оқыту мен тәрбиелеудің маңызды бір педагогикалық құрамдас бөлігі ретіндегі кешенді пән. Өлкетану пәнаралық білім саласы болып табылады, себебі ол география, тарих, биология, демография, фольклор, экология, әдебиеттану, әлеуметтану, мұражайтану, библиография, педагогика мәселелерін қамтиды [15].

Өлкетанудың атқаратын қызметін келесідей бөліп көрсетуге болады:

1) өлкетану жаңа ұрпаққа адамзаттың тарихи ескерткіштерін, әсіресе аймақтық ескерткіштерді сақтау және игеру міндетін шешеді. Әр адам үнемі әлеуметтік-мәдени дамудың үрдісіне ілесіп, адамзат қоғамы жасаған мәдени үлгілерді өз бетімен меңгеруі қажет;

2) өлкетану өлке тұрғындарын әлеуметтік біріктіруді қамтамасыз етеді. Өлкетанумен айналысатын адам ата-бабаларының еңбегін жалғастырады және ұрпағының рухани ой-өрісін қалыптастырады;

3) өлкетану әр дәуірдегі ұрпақ өкілдерінің рухани байланысын қамтамасыз етеді. Ол ата-баба мұраларына деген сыйластықты қалыптастырады. Өлкетану әрбір ұрпаққа тарихи келешектегі өз орнын және алдында тұрған міндеттерді саналы түсінуге мүмкіндік береді;

4) өлкетану ғылым мен ағартуды, мәдениетті байланыстыра отырып, үнемі әртүрлі формада насихаттау, таныту іс-әрекетін атқарады;

5) адамгершілік борыш сезімі – өлкетану іс-әрекетін маңызды ынталандырушы күш [16]. Адам өзінің кәсіби қызметінің туған жердің тарихымен, тағдырымен байланысын сезіну және тарихи ескерткіштерді сақтау жауапкершілігін ұғыну арқылы өлкетанумен айналысуы тиіс. Өлкетанумен айналысқан адам рухани дамудың белгілі бір деңгейіне қол жеткізіп, өлкетанумен айналысу адамгершілік қажеттілікке айналады. Қазақ елінің кез келген аймағынан ежелгі, ортағасырларға және жаңа заманға қатысты тарихи жәдігерлерді немесе деректерді көптеп кездестіруге болады. Мәселе соларды танып біліп, табылған мәліметтерді жүйелеп, зерделеп, оларды жастар тәрбиесінде тиімді пайдалана білу.

Қазақстанда өлкетануды жастар тәрбиесінде пайдалану тәжірибесі кешегі

өткен кеңестік дәуірде біршама тәуір жүргізілгенін мойындауымыз керек. Кеңес дәуірінде барлық мектептерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында тарихи, өлкетану, революциялық, жауынгерлік даңқ, археологиялық, этнографиялық т.б. мұражайлар көп болды. Олардың жұмыстары жақсы деңгейде ұйымдастырылып, орталықтан үйлестіріліп, бақыланып отырды. Осындай тәрбие ошақтарында түрлі семинарлар, конференциялар, экскурсиялар, лекторийлер т.б. жұмыс түрлері ұйымдастырылып жастарды тәрбиелеуде пайдаланылды.

Кеңестік замандағы өлкетану жұмыстарын жастар тәрбиесінде пайдаланған тиімді тәжірибенің пайдалы тұстарынан қазір де бас тартпағанымыз жөн. 1952 жылдан Қазақ ССР Ғылым Академиясы жанында Географиялық қоғам жұмыс істеді. Бұл қоғамды құру мақсаты географиялық зерттеулер жүргізуін үйлестіру болған. Яғни, жастарды туған жері мен оның тарихын зерттеу мақсаттарын қойған. 1973 жылдан бастап «Менің Отаным – КСРО» жалпыодақтық туристік экспедициялары жұмыс істеп тұрды. Оның аясында құрамында еліміздің 600 мың оқушысы бар, 36,1 мың экспедициялық отрядтар құрылды. 84 мыңнан астам оқушылар туристік-өлкетанулық үйірмелердің мүшелері болып табылған. Жинақталған материалдар негізінде 555 мектеп мұражайлары ашылған [13]. Социализмнен жаңа демократиялық қоғамға өту кезеңінде өлкетану жұмыстары әлсіреп қалғаны анық. Экономикамыз көтеріліп саяси-тарихи санамыз жаңғыра бастаған тұста қазіргі заман талабына сай бұл саладағы жұмыстар қайта жандана бастады.

Өлкетану арқылы өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің бір жолы – туған аймақтың археологиялық ескерткіштерімен таныстыру болып табылады. Даладан табылған көлемі үлкен, ауыр салмақты заттай ескерткіштерді мұражайға әкеліп қоя алмайтынымыз белгілі. Оларды сол орналасқан жерлерге барып қана көре аламыз. Әрбір жас өзінің кіші Отаны – туған аймағында тарихтан қалған қандай жәдігерлер барын, олардың мән-маңызын білгенде ғана туған өлке тарихын білуге, құрметтеуге деген сезімі оянады. Өлкенің кез келген оқушыларына тиісті білім беріп қана қоймай, олардың Ел мен Жердің қасиетін бағалайтын, туған топырақтың қадірін біліп, өңірін қадірлейтін және сол өңірдің зиялысына айналатын тұлға ретінде қалыптастыру. Бүгінгі өңір зиялыларын қалыптастыру ісі – ел іргесінің тірегін нығайту үшін жасалып жатқан қадам екенін айтып кетуге болады. Өлкетануды меңгеру барысында: өлкетанудың тарихи материалдары әртүрлі пәндер бойынша кеңінен қолданылады. Өлкетанулық білім беру барысында туған өңір жайлы білім алып қана қоймайды, өлкетанулық құзыреттілік те қалыптасады; жергілікті білім беру үрдісінде тек туған жер туралы білімді ғана емес, сонымен қатар, өлке тарихынан біліктілігін қалыптастыру үдерісі де жүреді. Білім беру жүйесінде өңір жайлы білім, құзыреттілік, дағдылар, қоғамның тәжірибесімен жалпы білім беру саласындағы білімді кешенді түрде меңгеруі қалыптасады. Оқушыларды білім беру үрдісінде меңгерген білімге, дағдыға, тәжірибеге және дүниеге эмоционалды-құндылықты көзқарас танытқан әлеуметтік тәжірибе, болашақ тұлға болуы және жеке дамуына және өзін-өзі дамытуына, материалдық және рухани мәдениетін дамытудың маңызды факторына негіз

болып табылады.

Туған өлке әрбір адамға ыстық болуымен қатар, халқымыздың басынан кешкен сан ғасырлық тарихтан сыр шертетін асыл мұра. Кең байтақ қазақ жерінде қаншама аңыз-әңгімелер, оқиғалар жатыр. Әрбір қарапайым адамның өмірінен тамаша туынды жазуға болатын болса, ел маңдайына біткен ерекше тұлғалар, ел бастаған, қол бастаған қанша азаматтар мен азаматшалар туралы ақиқат, сыр кең дала қойнауында. Міне сондықтан, туған жердің тарихын, мәдени ескерткіштерін, табиғи ерекшеліктерін білуге деген қызығушылығы артуда, сол себепті мектепте туған өлке жайлы терең білім беру және туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеудің маңызы аса зор. Жас ұрпақты тарихи-мәдени ескерткіштер орналасқан жерлерге апарып, ел мен жер тарихына деген сезімдерін ояту маңызды істердің бірі. Осындай бағытта тәлім-тәрбие алған жоғары оқу орнын бітірген мамандар да әрі қарайғы өмірінде (кәсіпкерлікте, мемлекеттік т.б. қызметте болсын) елі мен жерінің тарихын білуде, насихаттауда және құрметтеуде бейтарап қалмайды. Туған жердің әрбір жер-су атауларының өзі сайрап жатқан тарих. Яғни, туған жеріміздегі топонимикалық атаулардың шығар көзі – ғасырлар бойы фольклор мен эпостық, тарихи жыр-дастандар арқылы тарих кешінде жиі алмасқан ұрпақтар санасында сақталып, жалғастық дәстүр негізінде тұрақтанып қорланатын тарихи істің жиынтығы іспеттес. «Жер-судың аты – тарихтың хаты» - деп бекер айтылмаса керек. Жер атаулары – ұрпақ пен ұрпақты сабақтастырып отырған киелі құжат. Қазақтың ата-бабалары жер-су атауларына аса мұқият қарап, жер тарихы мен ел тарихының біртұтас екендігін аса жоғары жауапкершілікпен сезіне білген. Жер атаулыға, мейлі ол адыр, бұдыр, төбе, қырат, өзен, бұлақ, көл болсын біздің қазақ халқынан артық дәл тауып ат қоятындай халық жер бетінде неғайбыл. Өйткені табиғатпен біте қайнап, бірге өскен, иен сахараның қадір-қасиетін білген қазақ халқының аспан әлемі мен жер бедерінің үйлесімін тап басып, дәл анықтап қоюы ғажап. Жер бедеріне байланысты табиғи қасиеттеріне орай қалыптасқан. Ал, сол жер-су атауларының аталу тарихын білетін тек сол өлкенің көне көз тұрғындары, атадан балаға ауызша жеткізген тарихы бар. Әрқайсысының өзіне тән қайталанбас қасиет ерекшелігі болған. Олар жайында халық аузында айтылып, дәріптеліп қалған аңызға лайықты әңгімелер сақталған. Сол жергілікті жерлердегі өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу [17]. Жер-су атауларының аталу тарихы туралы сан түрлі болжамдар болуы мүмкін. Көпшіліктің айтуымен, ғылыми айналымда жүрген атаулар мен ауызша айтылған аңыз-әңгімелердегі бірнеше нұсқасының жер-су атауларындағы аталу тарихы ұйқаспауы мүмкін. Сондықтан да жер-су атауларын жинау, олардың шығу, пайда болу себептерін анықтау, өлкедегі жер-су аттарының ерекшелігі, жер-су аттарының әрбір тарихи кезеңдегі өзгеріске ұшырауы, әрбір атаудың мән-мағынасын ашу, әсіресе туған өңірінің жер атауларының халық аузындағы деректерге сүйеніп айналымға енгізу қажет. Ұлан-ғайыр еліміздің кез-келген аймағынан ежелгі, орта ғасырларға және жана заманға қатысты тарихи жәдігерлер мен деректерді көптеп кездестіруге болады.

Мақсат осындай тарихи өлкелерді танып біліп, табылған мәліметтерді жүйелеп, зерделеп, оларды жастар тәрбиесінде тиімді пайдалану.

Туған жердің тарихын тек мектепте оқытумен шектелмей, «Туған жер» бағдарламасын іске асыруға кәсіпкерлерді, зиялы қауымды, жастарды да жұмылдыру қажет. Елбасымыз мұндай маңызды іске бүкіл ел, барлық қауым болып қатысуға шақырып отыр. Өлкетануды зерттеу мәселесінде маңызды дереккөздер ауызша тарих болып табылады. Ауызша тарих шағын өңірдің тарихын зерттеуде жаңаша теориялық-әдіснамалық бағыт болып табылады. Зерттеушілерді тарихи және әлеуметтік-мәдени процестің ерекше тақырыбын анықтау, атап айтқанда жеке тұлғаны зерттеу тақырыбына, оның жұмыс әдістері мен тәсілдеріне, әдістемелеріне бірқатар ерекше талаптар қояды. Ауызша тарих өлкенің тарихын зерделеуде пәнаралық әдістерді іздестіру және тиімді қолдану үшін ғылыми-зерттеу саласын кеңейту үшін қосымша және кең мүмкіндіктер береді. Жас баладан бастап, үлкен қарияға дейінгі адамдардың өлкенің тарихы, географиясы, топономикасына қатыстылығы, өлкетануды насихаттауға қосқан үлесі. Яғни, өлкенің әр тұрғыны өлке туралы білгенін айта алады. Өлкенің салт-дәстүрлері, тілі, сөйлеу мәдениетіндегі ерекшеліктерін де қарастыруға болады. Өлкетанудың басты мақсаты – әлеуметтік топ өкілдерін дамыту, ұлттық мәдениетті жаңғырту, өлкенің әрбір тұрғыны еліміздің азаматы болып табылатындықтан, еліміздің азаматтарына өлкесінің тарихын ұғындыра отырып, ұлтжандылық сезімін қалыптастыру. Патриоттық тәрбие берудің рөлін арттыру, неғұрлым маңызды құралдарына өлкетану, яғни туған өлкенің табиғатын, халқы мен шаруашылығын, оның өткені мен бүгінін жергілікті қоғамдастық өмірін жақсарту мақсатында зерделеу болып табылады. Оқушыларға өзінің туған өлкесі туралы толық, терең мазмұнды білім беруді талап ететін, олардың туған жеріне және табиғатына деген сүйіспеншілік сезімін, сондай-ақ өз халқының әдет-ғұрпына деген құрметін қамтитын аймақтық-өлкетану ұстанымында өз бейнесін табады.

Өлкетану – қандай да бір өлкенің, белгілі жер – ауылдан кішігірім қалаға дейінгі, көше, зауыт, оқу орны т.б. ірі аймаққа дейінгі өлкенің өткені мен бүгінінің белгілі мәселелерінің ғылыми және ғылыми-көпшілік қызметі.

Өлкенің өмірін, ондағы болып жатқан өзгерістерді, табиғаты мен шаруашылығындағы жағдайларды толығырақ сипаттау үшін, өлкенің қазіргі кездегі және бұрынғы өмірінен деректер мен материалдарды үздіксіз жинақтап, оқып, зерттеу жүргізіледі. Өлкетану пәні небір тамаша фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды және тарихи қайраткерлердің халық үшін жасаған қызметін баяндайтын бірден-бір бірегей пән болғандықтан, оның атқаратын міндеті зор.

Сондықтан да өлкетану тәрбиелік маңызы бар пәннің бірі болып табылады. Оқушыларды өздігінен іздену жұмыстарына дағдыландырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Әр өңірдің өзінің ерекше өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері, яғни құндылықтары: фольклоры, әдет-ғұрпы, салт-санасы, өнері, тағамдары, қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары т.б. болады. Жергілікті материалдар отандық тарихтың бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Басты тәрбиелік дерек ретінде қарастырылатын жергілікті дәстүр болып табылады. Туған жердің тарихы біздерге бүгінгі таңға дейін:



заттай-археологиялық (еңбек құралдары мен қарудың тұрмыстық заттардың архитектуралық құрылыстардың қалдықтары), лингвистикалық (тіл), этнографиялық (дәстүрлер әдет-ғұрыптар), ауызша (фольклор) т.б. деректер түрінде жетті. Өлкенің алғашқы деректері ауызша тарихи деректермен тікелей байланысты келеді. Оқушыларға патриоттық тәрбие беруде өзі туып, бүгінде өмір сүріп жатқан өлкесінің рухани-мәдени материалдарымен таныстыру ерекше мәнге ие болады. Оларға сол аймақта орналасқан өндіріс, оқу, ғылым, денсаулық, спорт және мәдени орталықтары жатады [18].

Қазақстандық білім беру мен тәрбиелеудің әдіснамалық ережелерінің бірі қоғам мен табиғаттың өзара байланысы болып табылады. Өлкетанулық білім өлке тарихы арқылы өскелең ұрпақтың әлеуметтік-мәдени және этноэкологиялық бейімделуінің ұзақ мерзімді тәжірибесі мен өлкетанулық білімінің кешенділігіне сүйене отырып, бұл аспектінің өзекті мәселелерін қарастырады. Өлкетанулық жұмыс табиғат, адам тұрмысын мәдени аспектіде («табиғат-мәдениет әлемі, туған өлкенің ұлттық мәдениеті – мен мәдениет құрушысымын») көруге мүмкіндік береді, тұлғаға білім берумен тәрбиелеу жолын іздестіруде, оның кәсіби және азамат ретінде қалыптасуын көздейді.

Патриотизмге тәрбиелеу бүгінгі таңда шынымен де белсенді өлкетану жұмысынсыз мүмкін емес. Өлкетану – бұл тек жергілікті жердің тарихи және географиялық ерекшеліктерін зерделеу ғана емес. Өлкетану ақыр соңында, Мен кімін? Қайдан? Неге мен мұндаймын? Неге осындамын? Немен және неге бағалаймын? Қайда барамын және кіммен? - деген сұрақтарға жауап беретін тұлғаның тарихи-әлеуметтік өзін-өзі тану процесін анықтайды. Бұл өзгеше генетикалық жадының дауысы. Өлкетану жұмысында көптеген нәрселер ұжыммен орындалады. Жалпы мүдделер мен жауапкершіліктер пайда болады. Бұл мәселенің пайдалылығын және жұмыстың нақты нәтижелерін күшейтеді. Мектептерде туған жерінің тарихын білу – Елбасының пікірінше, патриотизмнің ең үздік формасы. Өйткені, кішігірім Отан - сіз туып-өскен, кейде өмір сүрген жер. Бұл кез-келген ұлтты ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

Мұғалім оқушылардың бойында өткенге қатысты білім қалыптастыруға тырысуы керек. Басты нәрсе өлкеге қатысты жан-жақты ақпарат беру. Өлкетану жұмысын бұқаралық ғылыми-мәдени қозғалысқа айналдыру қажет. Әсіресе, тарихи өлкетануды кең ауқымға айналдыру. Мындаған жұмысшылар, шаруалар, интеллигенциялар, оқушылар жоғары ынтамен өзінің зауыт-фабрикаларының, қалалары мен ауылдарының, өз өлкесінің тарихын зерделейтін болуы керек. Негізінен көптеген адамдардың өз жерінің, облысының, қаласының тарихы мен мәдениетін шынайы білгілері келетіні белгілі. Олар өз кезегінде көне көз қариялардан естіген, көрген дүниелері бар, яғни өлкесінің тарихын зерделеумен айналысқан, тек сол естіген-білгендерін жинақтатып, ары қарай зерттеу жұмыстарын жүргізгізіп, яғни, материал жинау, әртүрлі адамдармен кездесу, соңынан одан сұхбат алу, кейін оларды жинақтай отырып, кітап, альбом, естеліктер шығарып, отандық өлкетанудың алтын қорын жасау қажет. Жоғарыда айтып кеткендей, бізге дейінгі жасалынған өлкетанулық жұмыстардың арқасында біздің туған жеріміздің тарихындағы

көптеген жарқын тұлғалар туралы естеліктер сақталған. Бұл материалдар мен бұл тұлғалар өзінің зерттеушілерін тосуда. Уақыт өткен сайын өлке тарихының жаңа парақтары ашылуда. Ата-бабаларымыздың қасықтай қанымен жасалған тарихын әділ таразылап ұрпаққа мұрағат етіп қалдыру, зердесіне құю, санасына сіңіру, олардың туған ел мен жерге деген сүйіспеншілік сезімін ояту – әрбір азаматтың, аға ұрпақтың парызы.

Қазіргі кезеңде мұражай, мұрағат, кітапхана және оқу орталықтары сабақтастықты сақтаған және өлкетану жұмысының дамуына үлкен үлес қосуда. Ол ең маңызды міндет – азаматтық, қазақстандық патриотизм, Отанының өткен тарихына құрметпен қарау мен сүйіспеншілік тудыруды қалыптастыруда.

Адам өз халқының құндылықтарынан нәр алып жетілмесе, тамырсыздық дертіне ұшырайды. Тамырсыз ағаштың қатты желдің екпініне шыдамай құлап қалатыны сияқты, рухани жан азығы әлсіз адам қоғамға жат ағымдардың жетегіне тез ілесіп кете береді. Бұның алдын алу үшін туған өлкенің тарихын зерттеуді, оған оқушыларды белсене қатыстырудың қажеттілігін дәлелдейді. Елімізде тұрып жатқан әрбір ұлт өкіліне ұлтына қарамастан туған жердің тарихы мен салт-дәстүрі ортақ құндылықтар болып табылады. Елбасы мақаласының «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» тарауында «...замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын...» – деп атап өткен [1].

Туған өлкені зерттеу ерекше қанағаттан алатын, қоғамдық ой-пікірді қалыптастыратын сала болып табылады. Жергілікті материалдар негізінде тарихи өлкетанудың тәрбиелік негізі. Басты тәрбиелік дерек және оның механизмі ретінде жергілікті дәстүр саналады. Яғни ол әртүрлі себептермен зерттеушінің қызығушылығын туғызады. Өлкенің тарихы – бұл өте күрделі өлкетанушылық жұмысты талап етеді, жұмыстың көптігімен, уақыт кезеңінде де өте күрделі болып келеді.

Өлкетануды зерттеудің негізі – жергілікті жердің тарихы. Зерттеу нысандары: ауылдың, қаланың, ауданның, облыстың, республиканың әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихи, мәдени, сонымен қатар олардың табиғи ерекшеліктерінің дамуы болып табылады.

Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы болып табылатын тарихи ескерткіштер, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар т.б. тарихын оқыту. Өлкенің өзіне тән дәстүр мен ғұрыптарда ерекшеліктеріне ден қойып зерделеп оны насихаттау. Яғни, жоғарыда айтып кеткендей, әр өлкенің өзіне тән ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін, насихаттайтын құнды жәдігерлер:

ұлттық киімдер, зергерлік, діни, тоқыма, сүйектелген, ағаш, тері, тұрмыстық, бұйымдар және ат әбзелдер, саздық аспаптар, барлық қолданылған бұйымдардың өзіндік, тек өзіне сол өңірге ғана тән болуы мүмкін. Соларды жинақтауды қолға алу [19].

Рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұралардың маңызының мол екені даусыз. Себебі, өскелең ұрпақ менталитетіне жақын, күнделікті отбасындағы, қоршаған ортадағы ізгіліктердің адам бойындағы құндылықтырды дамытудағы ықпалы мол. Ұлттық дүниетанымын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда тарихи-мәдени мұраларды тәрбие құралы ретінде өлкетану материалдарын кеңінен пайдалануға мүмкіндік бар. Қазіргі жаһандастыру жағдайында ұлттық тарихи жадын жаңғырту және оны сақтау, ұлттық құндылықтарды сақтап қалудың ең сенімді жолы екендігі белгілі. Ұлттық құндылықтарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан ұлттық құндылықтар сол ұлттың меншігі болып есептеледі. Оны әр ұлттың ұрпақтары сақтап, заманына қарай дамытып отырулары керек. Егер халық өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғалтып алса, ол халық – «ұлт» деп саналмайды. Сондықтан әр ұлт өздерінің ұлттық құндылықтарын сақтауға тырысады, әрі қорғайды. Қазақ халқы да өзінің ұлттық құндылықтарын сақтауы керек. Осы маңызды міндеттерді іске асырудың басты қайнар көздерінің бірі өлкетанулық деректерді жүйелеп, ғылымның кәдесіне жарату, елдің игілігіне айналдыру болмақ. Міне, біздің ұлттың құндылықтары өзімізбен бірге ғасырлар бойы ғұмыр сүріп келе жатқан ана тілімізде, озық салт-дәстүрлерімізде, әлем таң қалумен келе жатқан өнерімізде. Мұның барлығын бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Себебі, олар бірін-бірі толықтыра отырып, тұтас бір ұлттың бірегейлігін, бітім-болмысын құрайды. Сол себепті Қазақ елінің қайта жаңғыруы – халықтың өзінің өткенін, рухани болмысын білуге деген ұмтылысы. Келешекке деген кемел құлшынысы.

Өз өлкесінің бұрынғы және қазіргі өмірін білу, өлкенің жаңаруына тікелей ат салысуымыз үшін қажет, өйткені туған өлке – шегі жоқ әлемнің бір бөлігі. Өлкетану отансүйгіштік сезімді – Отанға деген терең махаббатты тудырады. Мектептегі өлкетану, жалпы өлкетанудың бір бағыты болғандықтан, оқушының адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық, еңбексүйгіштік, тұлғалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Туған өлкенің өткенімен, қазіргі кезімен және жорамалды болашағымен, табиғи, экономикалық, тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктері мен танысу оқушының дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл оқушының өзінің бір нақты ұлт өкілінің қатарына жататындығын түсінуіне және ол үшін мақтаныш сезімінің туындануына көмектеседі. Олар тарихи-мәдени мұраны сақтауға үйренеді. Елдің игілігін нығайту мен сақтауға өзінің сүбелі үлесін қосуға тырысады.

Мектеп оқушыларын табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, оларды қалпына келтіру жұмыстарына қатыстыру қажет, бұл әрекеттер арқылы оқушылар ескерткіштердің өлке өміріндегі құндылығын түсінеді. Мәдени мұра ескерткіштерін зерттеу барысында, оқушы мұғалімнің басқаруы

арқылы өз күшімен өлкенің тарихи маңызы бар жерлері немесе нысандары туралы материалдар және құжаттар жинайды, бұл – оқушыдан шығармашылықты, жауапкершілікті талап етеді. Жинақталған деректерді реферат жазу, пәндік викториналар, ойын-сайыстар, олимпиадалар өткізу, оқушылардың күшімен ұйымдастырылған мектепішілік өлкетану көрмесін өткізу барысында қолдануға болады. Өлкетану материалдарын жинау барысында өлкетану жұмысының орталығына айналған аудандық, облыстық кітапханалармен, басқа да мәдениет мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс істеу қажет.

Өлкенің белгілі адамдары туралы мағлұматтар жинау да өлкетанудың маңызды бөлігі болып табылады. Сонымен қатар мәдени-ағартушылық мекемелердің (ауыл клубы, кітапхана, мектеп, балабақша тағы басқалар) іс-әрекетімен танысу.

Жергілікті жердің өзіндік салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Оның өзгеге ұқсамайтын ерекшеліктері болады. Сонын ішінде ұлттық қолөнері, қолданбалы өнері халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын туындысында жергілікті жердің өзіндік өзгеге ұқсамайтын өзгешеліктер болады-мыс. Әр өлкенің өзіндік тарихи дамуына, тұрмысына, тарихи ерекшелігіне және эстетикалық талғамына байланысты ерекшеліктері бар. Мәселен, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған қолданбалы өнері: ағаш, саз, жүн, тері, металдарды өңдеу тәжірибесі арқылы болып табылады.

Өлкетану жұмыстарын кеңінен жандандыру – аймақты жан-жақты зерделеуге, ақпарат жинауға, жүйелеуге, сақтауға және таратуға, өлке туралы білуге, табиғатты қорғауға, еліміздің осы бөлігінің тарихы және мәдениеті ескерткіштеріне қатысуға байланысты кез-келген қызмет жандандырылуда. Еліміздегі кез келген отандастарымыз өлкенің мәдени құндылықтарын сақтау, құру, тарату және дамыту үшін мәдени-танымдық іс-шараларға қатысады. Отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу үшін отан тарихын сапалы әрі тиімді оқыту қажет. «Өзгені тану үшін, алдымен өзіңді тани біл!» деген жалпы адамзаттық қағиданы басшылыққа ала отырып мектепте отан тарихын оқытуды «Өлкетану» пәні арқылы бекітетін болсақ, оқушының тарихи санасының қалыптасуы мен патриоттық сана-сезімі анағұрлым арта түсер еді. Себебі, өлке тарихы отан тарихының құрамы ретінде «өлкетану» пәнін енгізіп оқыту – Отан тарихын өлке тарихы арқылы танудың негізін қалайды. Өлкетану оқушылардың ғылыми негізді ізденістері мен шығармашылығына негізделіп жасалынғаны жөн. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттырып, танымдық қабілеттерін дамытады, жиналған материалдарды тарих сабақтарында пайдалану өте маңызды. Өлке тарихын, оның танымал тұлғаларын жақсы білген оқушыда туған жерді, елді сүю, құрметтеу сияқты сезімдер тезірек қалыптасады. Өзінің туған жері мен ұлы адамдары үшін мақтанады. Өздері де сондай болсам екен дейді. Туған жеріме өз пайдамды тигізсем, өз үлесімді қоссам деп армандайды.

Өлкетану материалдары арқылы туған жеріне деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін қалыптастыруда нақты айғақтың, деректер мен тарихи құжаттардың шындықты дәлелдеп отыратынын айта келіп, өлкетану жұмыстарының бүгінгі мазмұнын патриоттық тәрбиемен байланыстыру аса

қажет деп санаймыз. Қазақстандық патриотизм – бүкіл қазақстандықтарға тән. Себебі ортақ Отан, ортақ тарих, ортақ салт-дәстүр, ортақ тіл және рухы бір халықпыз. Отан – от басынан басталады десек, туған өлкеміздің, қаламыздың көрнекі жері, тарихы, атаулы оқиғаларын, айтулы адамдардың өмір жолдарын білгізудің мәні зор. Қазақтың құт қонып, қыдыр дарыған, табиғатымен талай жанды тамсандырған көрікті жерлерінің өте көп екендігі белгілі, сол өлкенің жаңғыруы арқылы жалпы ұлттық патриотизмнің қалыптасуына бағытталған барлық іс-шаралар өлкетанулық жұмыстар жүйесін дамытуға негізделіп, білім беру жүйесінде орта мектептердің бағдарламаларында туған өлкені зерттеу үлкен бағыт-бағдар береді. Әрбір мекен өзінің қаһармандары мен тарихи орындарына бай. Өлкетану іс-әрекеттерінің жалпы түріне саяхаттар жатады. Арнайы дайындықпен, ерекше жоспармен өткізілген саяхаттардың тәрбиелік құны жоғары болады.

Мектеп мұражайларының жұмыстары да оқушыларды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде маңызды орын алады. Олардың ішінде дәстүрлі орын алғаны аға ұрпақтың өмірі мен қызметіне, халықтың жауынгерлік және еңбек даңқына ұйымдастырылған мұражайлар. Балалар мұражай жұмыстарын ұйымдастыруға, кезекшілікке, экспонаттарды баяндауға, іздеу топтарына қатынасады. Сол себептен әрбір аймақта аймақтық тарихты оқытуды, мәдени және тарихи ескерткіштерді және жергілікті ауқымдағы мәдени нысандарды қайта қалпына келтіруді ұйымдастыруды қолға алу ең басты оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде атқарылатын ең зор сүбелі үлес. Өлкетану пәні небір тамаша фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды және тарихи қайраткерлердің халық үшін жасаған қызметін баяндайды. Осылардың бәрі олардың жүрегіне, сезіміне күшті әсер етеді, адамгершілігі жоғары, саналы азамат болып қалыптасуына үлес қосады. Ал өлке тарихына қатысты материалдар Отан тарихы, әдебиеті, географиясы, мәдениеті сабақтарында негізгі материалға қосымша ретінде пайдаланылғанына қарамастан сабаққа қойылатын үш міндетті: білімділік, тәрбиелік, дамытушылық жүзеге асырады. Өлкетану білімі біржақты этнографиялық аспектіні ғана емес, сонымен бірге ірі ағартушылық жұмысқа негізделіп, жергілікті жердің географиясын, фольклорын, мифологиясын зерттеуді талап етеді [21].

«Патриотизм» – ғасырлар бойы жинақталған ең терең сезімдердің бірі. Отанға деген сезім болмаса, патриот болу мүмкін емес. Патриоттық сезім адамда өзінен өзі не болмаса туа пайда болмайды. Ол ерте жастан адамға әсер ететін, ұзақ мақсатты түрде бағытталған тәрбиенің қорытындысы. Патриотизм ортаның, отбасындағы тәрбиенің, мектептің, мектепке дейінгі мекеменің және түрлі қоғамдық ой-пікірлердің әсер етуімен қалыптасады. Мектепте оны қалыптастыратын пән тарих қана десек артық айтқандық емес. Ұлтына қарамастан Қазақстанда тұратын әрбір азамат Қазақстанды туған Отаным деп түсінуі қажет. Сонда ғана адамның жүрегінде қазақстандық патриотизм сезімінің, өз Отанына деген перзенттік мақтаныш сезімнің өркен ғажайып тамырлануына негіз қаланады. Яғни, этносаралық интеграцияның базасы емес, адамдардың өзін-өзі азаматтық билеуі, Қазақстан халқының бір бөлшегі ретінде сезімі дамып қалыптасады. Патриоттық сезім жалпы адам баласының елін,

жерін, өз тілі мен мәдениетін, тарихи ұлттық құндылықтарын қастерлейтін, батырларын үлгі тұтатын, елінің болашағына сеніммен қарап, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын көрсеткіші болып табылады. *Өлкетану патриоттық тәрбие берудің ең күшті құралының бірі* – табиғатты тану, туған өлкенің шаруашылығы мен тұрғындары, жергілікті қауымдастықтың өмірін жақсарту мақсатындағы олардың өткені мен қазіргісі. Бұл бағыт өзінің бейнесін білім берудің өңірлік қағидаттарынан, оқушылардың туған өлке туралы толық, терең мазмұнды білімі мен туған өлке табиғаты мен туған жерге деген махаббат сезімінен, өз халқының салт-дәстүріне арналған құрметінен табады.

Жас жеткіншектердің патриотизмін қалыптастыруда, патриотизм адамның өзінің туып өскен өлкесіне деген сүйіспеншілігімен қоса, үлкен достық жанұя құрайтын жүзден астам ұлттар мен ұлыстар мекендеп отырған біздің ұлан-байтақ Отанымызға деген сүйіспеншілік арқылы өзіндік сананы дамытудың мәні зор. Әр адамның Отанға деген сүйіспеншілігі осы жерде тұратын барлық адамдарға деген достық пен туысқандық сезімімен біртұтас болып табылады. Оқушыларды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу нәтижесінде қандай ұлттың өкілі болмасын өзін біртұтас көп ұлтты мемлекеттің – Қазақстан Республикасының азаматымын деп сезінеді, Қазақстан Республикасының азаматы болуды өзіне тиген зор бақыт және үлкен жауапкершілік деп түсінеді. Отанға деген сүйіспеншілік әрбір оқушының белсенді өмірлік ұстанымымен ұласса ғана іс-әрекетке айналады. Сондықтан оқушылардың осы курста білімді жақсы меңгеруінің өзі Отанға пайдалы болуға талпынуының белгісі болып табылады. Ал Отан дегеніміз – әрбір адамның өзі туып-өскен өлкесі, туған-туыс, жақындарымен бірге тұратын елді мекені. Сондықтан Отан ұғымын ең алдымен туған өлке ұғымымен байланыста қарастыру қажет. Отанға деген сүйіспеншілік әр адамның кіндік қаны тамған туған жері, елі, өлкесіне деген сүйіспеншіліктен, құрметтен басталады. Оқушыларға патриоттық тәрбие беруді өзінің туған өлкесінен бастау керек. Туған өлке материалдары дегеніміз әркімнің өз үйінің табалдырығын аттап шыққанда табаны тиіп, қолымен ұстап, көзімен көріп жүрген жердің тарихы, географиясы, халқы, жеткен жетістіктері мен құндылықтары болып табылады. Оқушылар неғұрлым өзінің туған жерінің табиғатымен етене жақын жүріп, табиғи құбылыстарды зерттеп білуге құштар болса, олардың жан-дүниесі бай, көңіл-күйі сергек болады, әрі Жер-ананың қадір-қасиетін білген адам өзін оның перзенті санап, оған жауапкершілік сезіммен қарайды. Мектеп оқушыларын, яғни елдің ертеңгі азаматтарын оқытып-тәрбиелейтін орында географиялық өлкетану үйірмесі жұмыстарын бағдарламалық тұрғыда қарап, бұл бағытта дәйекті іс жүргізілсе, патриоттық тәрбиенің нәтижелі болатындығына күмән келтіруге болмайды [22].

Отаншылдыққа тәрбиелеуде өлкетану материалдарының негізгі мазмұны мынадай мәселелерді қамтығаны жөн деп санаймыз:

- өлкенің тарихы (өлкенің кеңес дәуірі келгенге дейінгі тарихы; төңкеріс кезіндегі тарихы; тәуелсіздік жолындағы күрес тарихы; өлкенің қазіргі таңдағы тарихы);

- өлкенің табиғаты және табиғи қорлары;
- өлкеден шыққан батырлардың, халық қаһармандарының, ғылым, мәдениет және спорт қайраткерлерінің ерлігі мен ерен еңбегі;
- мәдени құндылықтар, т.б. Оқушыларға патриоттық тәрбие беруде өлкетану құралдары – мұражайлардың, естеліктер мен ескерткіш тақталарының, әдеби және мәдени шығармалардың, театрдың, өнердің алатын орны ерекше екені даусыз [23].

Өлкетанудың басты миссиясы адамдардың Отанға, өзінің туған жеріне, туған үйіне, отбасына сүйіспеншілігін қалыптастыру және дамыту болып табылады. Өлкетану ол әрқашан да өлкені сүю деген ұғыммен қатар тұрады. Өлкені жан-жақты таныту ісіне лайықты үлес қосып отырған өлкені зерттеуші ғалымдар қоғамының ролі зор. Өлкетану жұмысы бірнеше жолдар мен бағыттар бойынша жүргізілді. Олдардың негізгілері:

а) қоғамдық өлкетану. Бұған өлкенің ерікті түрде өлкетану ісімен шұғылданатын әуесқойлары жергілікті ескерткіштерді, табиғи маңызды объектілерді зерттеу, күтіп сақтау істеріне қатыса алады.

в) музейлік өлкетану. Өлкетану ісінің өзекті мәселелерінің едәуір бөлігі музейлердің жүргізетін көпшілік жұмысына байланысты. Өлкенің музейлерін аралап көрген адамдар, ондағы өте құнды және сирек кездесетін экспонаттарды мұқият көріп, танысып өлке жайлы көп мағлұмат алары сөзсіз.

г) мектептік өлкетану. Бұл сыныптан тыс істелетін жұмыстардың ішіндегі ең маңыздысы. Көптеген мектептерде жаратылыстану, тарих, қоғамтану пәнінің мұғалімдерінің басқаруымен өлкетану үйірмелері, секциялары жұмыс істейді. Мектепте өлкетанудың жасөспірімдерді Отанды сүюге, өз өлкесін мадақтай, бағалай білуде, патриоттық рухта тәрбиелеуде мәні зор. Өлкетану ісінде өлкенің даңқты адамдарын іздестіріп, олар жайлы деректер жинауға өлкеге еңбек сіңіріп жүрген аты-жөні бұрын белгісіз өнер қайраткерлері, жауынгерлер есімі, маңызды оқиғаларды анықтап, бағалы құжаттар табу.

д) өлкенің басқа да мәдениет орындары (баспалар, халық шығармашылығы үйлері, клубтар, кітапханалар) өлкетану жұмыстарын насихаттауға ат салысады [24].

Өлкетану жұмыстарының түрлі салаларын үйлестіре жүргізетін бірден-бір орын ол – кітапхана. Кітапхана қызметкерлері өлкетану тақырыбын меңгере отырып әр өлкенің, облыстың, республиканың экономикасының дамуы, оның тарихы, табиғи қорларын пайдалану мәселелерін еңбекшілер арасында кеңінен насихаттап отыру қажет. Кітапханалардағы өлкетану жөніндегі барлық жұмыстар халыққа жалпы білім беру, бұқараның мәдени дәрежесін жетілдіру, қазіргі заманның алға қойып отырған келелі ғылыми өндірістік мәселелерін қамти отырып жүргізілуі тиіс. Бұған белгілі бір аймақты жан-жақты зерттеуге бағытталған немесе оның физикалық және экономикалық географиясына, геологиясына, тарихына, этнографиясына, топырақтануға не жаратылысына арналып жазылған кітаптар мен мақалаларды топтастыру міндет. Әрбір оқырманға өлкетану жайлы ақпараттарды жеткізудің ең бір тиімді жолы библиографиялық көрсеткіштер, естеліктер, ақпараттық материалдар, дайджестер, күнтізбелер құрастырып шығару. Өңірдің кітапханасы өз істерінде

мемлекеттік саясатты, идеологияны, ақпараттық жетістіктерді және тұрғындарға кітапханалық қызметті дамыту мен сақтау жөніндегі бағдарламаларды үнемі іске асыруда.

Қазіргі уақытта кітапханалар, сонымен қатар мектеп кітапханалары халық және оқушылармен өлкетану бойынша үлкен жұмыс жүргізеді. Тақырыптық кітапханалардың әсіресе ауылдық жерлерде рөлі күшті. Жергілікті оқу орындарында белгілі бір жердегі мазмұнға қатысты құжаттарды көрсететін библиографиялық нұсқаулықтар (индекстер, тізімдер, сауалнама) бар. Жергілікті тарихи библиографиялық ақпарат аймақтың тарихы мен мәдениетіне, оның қазіргі және келешекке деген қызығушылығын тудыратын барлық адамдарға арналған. Оның мақсаты - өз жеріне деген сүйіспеншілікті дамыту, өлкетанулық білім ауқымын кеңейту.

Кітапханаларда өлкетану бойынша мынадай бөлімдер әзірленуі мүмкін.

- Өлкенің тарихы мен бүгіні. Экологиялық мәселелер
- Табиғат ресурстары. Рационалды пайдалану
- Өзендер. Өзенге арналған жолнұсқаулық.
- Облыстың қорықтары
- Өсімдіктер ресурстары. Дәрілік шөптер
- Қорғалатын өсімдіктер түрлері
- Жануарлар әлемі. Жануарлар дүниесін қорғау
- Топонимика
- Адамдар. Атаулы күндер күнтізбесі (ғалымдар, өлкетанушылар)

Әрбір бөлімде жүйелі картотекалар жүргізіледі..

Өлкетанулық кітапханаларда оқу-тәрбие үрдісіне арналған әдебиеттер мынадай бөлімдерде ұсынылуы керек:

- Жаһандық экологиялық проблемалар (университеттер үшін оқулықтар, жалпы экология бойынша кітаптар).
- Қазіргі әлемдегі экология (экология, геоэкология, табиғатты қорғау бойынша танымал ғылыми басылымдар).
- Аймақтық экологиялық проблемалар (облыстың, облыстың табиғат қорғау бойынша оқу-әдістемелік құралы).
- әкімшілік ауданның экологиялық ахуалы (әкімшілік ауданның табиғатты пайдалануындағы жергілікті баспасөздегі мақалалары).

Экологияны оқыту әдістемесі (оқулықтар, брошюралар, экологияны оқыту әдіснамасы туралы мақалалар, соның ішінде оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру)

Өлкетануды дамыту жергілікті жердің «өмір философиясы» бола алу мүмкіндігіне әкеледі. Өйткені, өлке тарихы тек өңір туралы білімнің мөлшері ғана емес, сонымен бірге өңірде өмірлік қызметтердің белгілі бір түрін негіздеу және оның болашағын болжау болып табылады. Өлке тарихындағы инновациялық құбылыстарға тән қызмет аспектісі, өзінің ғылыми және ақпараттық компоненттерінен кем емес. Соңғысы үшін нақты деңгейден кешенді, пәнаралық зерттеуге көшу болашағы бар.

Әр аймақта өлкетану жұмыстарын жандандырып, туған жерді түлету айрықша бір қасиетті шаруа. Өлкетану жұмыстарын сәтімен жүргізетін болсақ,



мектептер мен университеттердің оқу бағдарламаларына «Өлкетану» пәнін енгізіп, сол өлкенің тарихы мен табиғатын, географиясы мен экологиясын, археологиясы мен демографиясын, руханияты мен ономастикалық ерекшеліктерін түбегейлі зерттеп, тереңнен жазу қолға алынса құба-құп болар еді. Осы орайда тағы бір айта кететін нәрсе, туған жерден түлеп ұшып, ұлан-ғайыр еліміздің түкпір-түкпірлерінде, шет елдерде жемісті жұмыс жасап жүрген әйгілі жерлестердің басын қосып, ауыл тұрғындарымен, мектеп оқушыларымен кездесулер өткізу ол да жас ұрпақтың тұлға болып қалыптасуына, ұлтжандылық қасиетінің оянуына үлкен ықпалы бар.

Әдістемелік ұсынымдарда өлкетанумен және жергілікті тарихпен айналысатын зерттеушілер сүйенетін ғылыми санаттың белгілі бір тобы пайдаланылды. Төменде беріліп отырған анықтамалар негізгілері болып саналады.

Г.П.Пирожков өлкетануды әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастырады: өлкетану іс-әрекеті туралы ғылым; ғылыми пәндер кешені; адамның өз жеріндегі өмірлік тіршілігін сипаттайтын білім саласы; педагогикалық категория – ұрпақтан ұрпаққа бейімделген тәжірибені жеткізу механизмі; ғылыми, өндірістік, өздігінен білім алу міндеттерін шешу мақсатында белгілі бір аймақты оқып үйрену бойынша жүргізілетін кез келген іс-әрекет; мемлекеттік және қоғамдық өмірді ұйымдастыру мен реттеудің маңызды тарихи формасы, нормалардың, құндылықтардың, мәдени үлгілердің жиынтығын білдіреді [22].

«Тұлға» – адам қарым-қатынас пен саналы қызметтің субъектісі ретінде.

«Әлеуметтік қоғам» – адамдардың салыстырмалы түрде тұрақты, үлкен жиынтығы (тобы), ол адамдардың белгілі бір елеулі қарым-қатынасы және осының нәтижесінде мәдениеттің ортақтығында көрініс табатын олардың өмірлік іс-әрекетінің ынтымақтастығымен сипатталады [23].

«Әлеуметтік мәдени естелік» – өткенге шолу жасау туралы маңызды әлеуметтік және мәдени ақпараттарды іріктеу мен түрлендіруді жүзеге асыратын, әлеуметтік-мәдени құралдар мен институттардың жиынтығын белгілеу үшін социологияда және мәдениеттануда қолданылатын ұғым. Сонымен қатар оның мақсаты жинақталған қоғамдық және мәдени тәжірибені сақтау және ұрпақтан ұрпаққа жеткізу.

«Әлеуметтік жағдаят» – қоғамның дамуындағы нақты кезеңіндегі мәдениетінің жағдайын анықтайтын үрдістердің және қарама-қарсы үрдістердің жиынтығымен шартталған жағдаят.

Өлкетану – белгілі бір проблеманың ғылыми және ғылыми-көпшіліктік іс-әрекеті, яғни кез-келген өлкенің, нақты жердің – айылдың, кіші-гірім қаланың, тіпті көшенің, өнеркәсіптің, білім ошағының өткені мен бүгінгісі.

Мәдениет – адамның өмірі, іс-әрекеті мен өзара қарым-қатынасын ұйымдастырудың түрлері мен формаларында, сонымен қатар олардың жасайтын материалдық және рухани құндылықтарынан көрінетін қоғам дамуының, шығармашылық күштердің және адам қабілетінің тарихи анықталған деңгейі [24].

Мектеп оқушыларының көп этномәдениеттік құзыретін тәрбиелеу процесінде өлкетанудың маңызы зор.

Өлкетану туған өлкені зерттеумен айналысады, бұл – географиялық тұрғыдан шектеулі аумақты (жерді) және онда өмір сүретін адамдарды қамтитын кеңістіктік-толықтырылған ұғым. Ол аумақ «мәдениеттің ең мықты іргетасын» қалыптастыратын және құрастыратын ерекше, рухани, жеке, қайталанбас жер [25].

Қазіргі кезеңде білім берудің өлкетанушылық мазмұны, туған өлкедегі алуан түрлі үдерістер мен құбылыстарға біртұтас кешенді-жүйелі көзқарасты қалыптастыруы тиіс. Мұндай көзқарас оқылатын аймақтың жағдайын қалыптастырушы және өзгертуші факторларды, олардың өзара тең байланысында табиғи, экономикалық, әлеуметтік және мәдени факторлар тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл ғылыми дүниетанымдық көзқарасты, өмір сүру ортасының біртұтас бейнесін, ғылыми негізделген экологиялық және әлеуметтік-мәдени көзқарас жүйесін, оқушылардың туған өлкеге тек қана эмоциялық тұрғыдан емес, тиімді пайдалану тұрғысынан да қарау сияқты құндылықтарды қалыптастырудың неғұрлым тиімді жолы болып табылады. Көрсетілген көзқарастарды жүзеге асыру жалпы әдістерге сүйенуді қарастырады:

*Жалпы бағыттылықта:*

– өлкетанудың тәрбиелік міндеттерінің елдің, өлкенің (аймақтың), ауылдың патриотын қалыптастыруға бағытталуының басымдылығын мойындау;

– өлкетануды оқу барысында мақсаттар мен принциптердің тұтастығын, оқушыларды дайындаудың сатыларында сабақтастықты сақтай отырып, бұл сатыларда оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және тәрбиелеудің нақты міндеттерін анықтау арқылы өлкетану дайындығының кезеңдерін атап көрсету.

*Мазмұнында:*

– мазмұнын аумақтық-хронологиялық тұрғыдан баяндау;

– өлкетануды оқушылардың өз өлкесін (аймағын) күрделі, алуан түрлі, қарама-қайшылықта, бірақ біртұтас әлем ретінде көре білуге жағдай жасайтын курс ретінде түсіну.

Алайда, мектеп пәндерінің мазмұнына (олардың аймақтық компонентіне) сүйене отырып, бұл пәндердегі мағлұматтардың қайталамасы болып шықпай, жаңа деректермен толықтырылуы керек;

– аймақтық компонент мектеп пәндерінде қарастырылмайтын сұрақтармен толықтырылуы тиіс;

– өз елді мекенінің, ауданының тарихындағы мәліметтермен, қазіргі кездегі өмірінің қызықты, болашақта өлкенің тарих беттеріне енгізуге болатын деректермен толықтыруға көңіл бөлу.

*Ұйымдастыруда:*

– оқушыларға таулар, көлдер, ормандар, шаруашылық және мәдени орындар, тарихи ескерткіштер және тағы басқаларды оқудың нақты нысандары ретінде таныстыру;

– мектеп пәндерін оқу барысында аудио, бейне материалдарды, мультимедиялық технологияларды қолдану арқылы көрнекілікке ерекше көңіл бөлу;

– ғылыми жобалар жазу, экспедиция (археологиялық, экологиялық, этнографиялық, фольклорлық) жұмыстарына қатысу, экскурсиялар мен туристік саяхаттарға шығу арқылы туған өлкені оқып-білу әрекетіне тарту.

Сонымен, туған өлке жайлы білім беру оқытудың жобалық, коммуникативтік, тәжірибелік әдістерін оңтайлы және тиімді пайдалану арқылы, сыныпта және сыныптан тыс әрекеттердің әр түрлі тәсілдері арқылы жүзеге асырылуы тиіс [26].

Өлкетану жұмыстарын жасөспірімдерді тәрбиелеудегі ерекшеліктері:

– тарихи мәліметтермен тығыз байланыста болғандықтан, тарих ғылымдары және тарих оқу пәнінің негізгі ұстанымдары, әдістері, құралдарымен сипатталады;

– оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өлкетану жұмыстары жетекші фактор болып табылады;

– өлкетану жұмыстары экологиялық мәдениетті қалыптастыруда жаратылыстану пәндерімен, әсіресе географиямен, биологиямен және экологиямен тығыз байланыстылығымен сипатталады;

– өлкетану жұмыстарының ерекшелігі топонимика (гректің «топос» – орын, жер, «онома» – атау деген екі сөзінен тұрады, яғни жер-су атаулары деген сөз), ономастика (гректің *onomastike* – ат беру өнері, тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы) сияқты ғылымдардың, білімдердің өзгешеліктерімен анықталады. Демек, топонимдер тарихи, географиялық және лингвистикалық мәннен хабар беріп тұрады деген сөз. Мұның өзі белгілі бір өңірдің топониміне қарап сол өңірде мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өрісі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді;

– сыныптан тыс уақытта танымжорық, оқу-танымдық соқпақ, саяхат, экспедициялар сияқты жұмыс түрлерін ұйымдастырылуымен байланысады;

– мектеп оқушылары өзінің тұрғылықты жерінің тарихы, әдебиеті, қолөнер түрлері, табиғи жағдайы, табиғат ресурстары, жергілікті тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі, олардың табиғатпен бұрынғы және қазіргі қарым-қатынастары бойынша әр түрлі дерек көздерін, мұрағат қорларын, мұражай материалдарын қолданумен ерекшеленеді;

– өлкетану жұмыстары оқушылардың алған теориялық білімдерін практикада қолдануға нақты мүмкіндік беріп, туған жеріне, отанына деген сүйіспеншілігін арттыруға, ұлттық құндылықтарға баулуға бағытталған өзіндік ерекшелігі бар оқу-тәрбие процесіне айналады.

Өлкетану материалдары арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу педагогикалық үдерістің: түсінік қалыптастыру – білім беру – біліктілік – практикалық іс-әрекетке баулу атты тізбегін құрастыруды көздейді. Мұғалім алдымен оқушылардың бойында:

– Отан адамның дүниеге келген жері ретінде, туған жердің табиғаты, ана тілі, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тарих, туған өлке тұрғындарының

өміріндегі ұлттық ерекшеліктер, отансүйгіштік сезім туған өлкеге деген көзқарас *түсініктерін* қалыптастыру;

– ұжымда және өздігінен жеке жұмыс істеу барысында оқушы «Отан», «туған жер» ұғымдарын меңгеруі тиіс, оқушыны туған өлкенің тарихын, өзінің ата-тегін, олардың тарихын өз бетімен оқып-білуге, Отанға, еңбек етуге, қоршаған адамдарға қарасты өзінің көзқарасын анықтауға, саралауға қажетті *білімді* қалыптастыру;

– оқушы саралау, түсініп оқу, ерінбей тірнектеп материал жинау, мұрағатта жұмыс істеу, экскурсияны жүргізуші дағдыларын үйрену арқылы *біліктілігін* арттырады;

– өлкетану жұмысының түрлері: саяхат, экскурсия, бақылау жүргізу, кеппешөп жинау, тәжірибелер жасау, мамандық иелерімен кездесулер тағы басқа *практикалық іс-әрекеттерді* оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, құндылық көзқарастарын қалыптастыруға, білуге деген қызығушылықтарын арттыруға бағыттау.

## **2 Жалпы білім беретін мектептердің 5-7-сыныптарында «Өлкетану»: мәдени-генетикалық кодтын негізі» пәнін оқытудың ерекшеліктері**

Үшінші модернизация жағдайында қазақстандық қоғамды дамытудың қазіргі кезеңінде ұлттық сәйкестікті сақтау, патриотизм сезімін қалыптастыру аса маңызды.

Қазақстан өзінің тарихы, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүріне бай жер. Қазақстанның аумағы ежелден бері маңызды сауда, экономикалық, қаржылық және мәдени орталықтардың бірі болды. Мұнда түркі тайпаларының көптеген мемлекеттік құрылымдары пайда болды, дамыды және ауыстырылды, олардың басым бөлігі қазақ халқының бір бөлігі болды. Әрбір адам өз елінің және өз аймағының өткен, қазіргі және келешегімен белгілі түрде байланысты болады, тұлғаның қалыптасуы оның ерте балалықта өзін және өзінің қоршаған әлемдегі өз орнын, кіші Отанының табиғатын, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін түсініп білуінен басталады.

Мемлекет басшысының «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы модернизациялау» атты мақаласы өлкетанудың дамуына жаңа серпін берді: «Патриотизм өз жеріне, селосына, ауылына, қаласына, өңіріне, кіші Отанға деген сүйіспеншілігімен басталады. Отанға деген ерекше көзқарас, оның мәдениетіне, әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне деген махаббат патриотизмнің басты ерекшелігі болып табылады. Бұл қандай да бір ұлт жеке адамдар жинайтын емес, ұлт жасайтын мәдени және генетикалық кодтың негізі. Патриотизмнің үздік үлгісі – бұл орта мектептерде туған өлкенің тарихын зерттеу».

«Тәрбие және білім» атты кіші бағдарламасы біртұтас ұлттың бәсекеге қабілетті, прагматикалық, мықты, жауапты, шығармашыл, патриоттық және белсенді тұлғасын тәрбиелеу мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде құрылды, табысты болашақтың негізі – біртұтас ұлттың жетістік іргетасы болып білімге деген табынушылық табылады.

Қазіргі таңда барлық пәндердің дерлік оқу жоспарына өлкетану элементтері қосылған, бұл білім алушыларға тарих пен географияға, тіл мен фольклорға, Қазақстан территориясын мекендеген барлық этностардың мәдениетінің көпқырлығын тануға әртүрлі білім облыстарын зерттеуге мүмкіндік береді.

2017 жылдың 25-қазанында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №545 бұйрығымен жаңартылған мазмұнға қатысты негізгі орта білім деңгейі бойынша үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, «Қазақ тілі мен әдебиеті» (6,7-сынып), «Қазақстан тарихы» (5-7-сыныптар), «География» (7-сынып), «Музыка» (5-6-сынып) пәндері бойынша оқу бағдарламалары өлкетану тақырыптарымен толықтырылды [27].

Курстың мақсаты – туған өлкенің қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын географиялық, тарихи, мәдени, табиғи және басқа да факторлар туралы білім қалыптастыру; туған елге деген сүйіспеншілік сезімге, қоршаған табиғи ортаны аялауға тәрбиелеу болып табылады.

Курстың міндеттері

1) Қазақстан тарихы, география, қазақ әдебиеті және музыка пәндері сабақтарында алынған білімдері мен дағдыларын кеңейту, тереңдету;

2) ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыру;

3) туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту;

4) туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;

5) туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыру.

*«Өлкетану» оқу курсының мазмұнын ұйымдастыру*

«Өлкетану» оқу курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – оқу жылында 5 сағат;

2) 6-сыныпта – оқу жылында 7 сағат;

3) 7-сыныпта – оқу жылында 8 сағат. Барлығы – 20 сағат.

«Өлкетану» курсының оқу жүктемесін сыныптар мен пәндерге бөлу:

1) 5-сыныпта:

«Қазақстан тарихы» – 4 сағат;

«Музыка» – 1 сағат;

2) 6-сыныпта:

«Қазақстан тарихы» – 4 сағат;

«Қазақ әдебиеті» (қазақ тілді емес мектептерге «Қазақ тілі және әдебиеті») – 2 сағат;

«Музыка» – 1 сағат;

3) 7-сыныпта:

«Қазақстан тарихы» – 4 сағат;

«Қазақ әдебиеті» (қазақ тілді емес мектептерге «Қазақ тілі мен әдебиеті») – 2 сағат;

«География» – 2 сағат.

Кіріктірілген «Өлкетану» курсының негізгі мазмұны мен оқу мақсаттарының жүйесі 1-кестеде берілген.

1-кесте – Курстың негізгі мазмұны. Оқу мақсаттарының жүйесі

№	Пән	Тақырыптар	Оқу мақсаттары
5-сынып			
Білім алушылар:			
1	Қазақстан тарихы	Туған өлкенің аңыз-ертегілері	- туған өлке туралы аңыз-ертегілерді білу; - аңыз-ертегілердің мән-мағанасын түсіну және талдау; - өткен ұрпақтың тарихи және мәдени мұрасын сақтау мен толықтыруды ұғыну
2		Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер	- туған өлкедегі ескерткіштерді білу; - туған өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну; - туған өлкенің маңызды ескерткіштерінің

			әрқайсысының пайда болу тарихын түсіндіріп айта білу
3		Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен палуандар	- туған өлкенің тарихына кірген билер, ақындар, батырлар мен палуандарды білу; - бұл тұлғалардың туған өлке тарихына бекер кірмегендігін дәлелдей білу
4		Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану музейіне бару)	- тарихи жәдігердің не екендігін білу; - тарихи мұраны жеткізудегі жәдігердің рөлін білу; - нақты жәдігерлер нені білдіретінін түсіндіре білу
5	Музыка	Туған өлке симфониясы	- туған өлкедегі музыкалық өнердің ерекшеліктері туралы түсінігінің болуы; - «Менің туған өлкемнің 30 әні мен әуені» аудиокаталогын ұжымдық жұмыс нәтижесінде құрастыру үшін электрондық музыкалық каталог құрастырудың бастапқы дағдыларының болуы
6-сынып			
Білім алушылар:			
6	Қазақстан тарихы	Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (өлке тарихы атауларында)	- жергілікті жер, қалалар, өзендер, көлдер, таулар атаулар нені білдіретінін білу; - бұл атаулардың пайда болу тарихын түсіндіре білу
7		Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері	- жергілікті жерге қандай дәстүрлі қолөнер тән екендігін білу; - туған өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға үлесін қосқан шеберлерді білу
8		Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)	- туған өлке ұлыстарының қалыптасу тарихын білу; - туған жеріндегі ұлттардың салт-дәстүрін білу және құрметпен қабылдау
9		Туған өлке тарихының тірі куәгерлері	- туған өлке тарихының тірі куәгерлерін саралау категорияларын білу: Ұлы Отан соғысы ардагерлері, тыл ардагерлері, еңбек ардагерлері, ауған-әскерлері, тың игерушілер, құрметті тұрғындар, еңбегі сіңген педагогтер мен дәрігерлер; - соғыс және тыл ардагерлерінің ерліктері туралы білу
10		Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада	- туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық және прозалық шығармаларды білу; - туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығын білу, олардың шығармашылығы туралы деректер жинау және презентация дайындау; - туған өлкеге арналған бір өлеңді жатқа мәнерлеп оқу
11		Өлкені сипаттау өнері	- мәтіннің ақпараттылық, оның көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдау;

			- өлкетану аясында прозалық үзінділер жазудың алғашқы дағдыларын меңгеру.
12		Туған жердің таланттары	- туған өлкенің жыршы-термеші, әнші және сазгерлерінің шығармашылығы туралы әңгімелей білу
7-сынып			
Білім алушылар:			
13	Қазақстан тарихы	Туристік маршруттар	- туристік маршрут дегеннің не екенін білу; туристік маршруттар құрастырудың алғашқы дағдыларын меңгеру
14		Жомарт жүрек	- демеушілік және меценаттық дегеннің не екенін білу; - нақты адамдардың істеген жақсылықтары туралы және өзінің туған жерін қолдау үшін не істеуге болатынын білу
15		Туған өлкенің жылнамасы	- дереккөздер негізінде өлке дамуының тарихи маңызды кезеңдерін анықтау; - туған өлкенің шежіресін білу; - мұражайлардан, мұрағаттардан, кітапханалардан, интернеттен туған өлкеге (ауыл, аудан, қала, облыс) қатысты қажетті ақпаратты табу; - тарихи оқиғалардың хронологиясын құрастыра білу
16		Менің мектебімнің тарихы	- түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу; - сұхбаттасуға қажетті сұрақтар қою және сұхбат жүргізу; - өз мектебінің тарихын әңгімелей білу
17		Қазақ әдебиеті/ Қазақ тілі мен әдебиеті	Туған өлке публицистика беттерінде
18		«Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы	- энциклопедия ұғымын түсіну; - энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білу; - өлкетанудың бағыттарын анықтау; - өлкетанудың бағыттары бойынша электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысу
19	География	Туған өлкенің флорасы мен фаунасы	- өлкенің өсімдік жамылғысын білу; - өлкеге тән жануарлар дүниесін білу; - Қызыл кітап деген не екенін және өңірдің Қызыл кітабына кірген жануарларды білу
20		Туған өлкемнің визит карточкасы: өлкетанудың деректер базасын әзірлеу	- материалды ұсыну формасын анықтау; - өлке туралы негізгі анықтамалық мәліметтерді қамтитын түрлі форматтағы ақпараттық материалдарды әзірлеу; - оқырманға/тыңдарманға эмоционалдық әсер ету мақсатында материалдарды жинақтай білу

Оқу бағдарламасы 2018-2019 оқу жылынан бастап енгізілді.



Мектептік білім беру әрбір адамның аймақтық сипаттамалардың барлық салаларында өмірге бейімделуіне көмектесуге арналған. Негізгі пән курстары мектеп құрамынан қосымша сағат бөлу арқылы аймақтық мазмұнды зерттеуді болжайды. Аймақтық мазмұнды тереңдетіп оқыту арнайы тағайындалған сабақтарда, элективті курстарда жүзеге асырылады. Оларға арналған сағаттар жоспардың вариативтік бөлігінен беріледі.

Мұғалім өлкетану жұмысын жандандыру мақсатында білім берудің тиімді заманауи әдістерін: проблемалық оқыту, жобалау әдістерін, рөлдік ойындар, ақпараттық, ізденушілік, зерттеушілік технологияларды қолдана алады, сонымен қатар оқушының бойында өзін-өзі бағалай алу қабілетін қалыптастыруға жағдай жасауы және мұғалім әрқашан ізденісте болуы керек. Туған өлкенің тарихы, мәдениеті, тұрмысы, адамдары туралы ақпаратты ғаламтордан, энциклопедиялардан, анықтамалықтардан алуға болады. Туған өлке туралы ақпараттың тағы бір көзі, ол – жергілікті тұрғындардың отбасылық альбомдарындағы фотосуреттер, бұлардың бәрі мұғалімге туған өлке туралы ақпарат алуға мүмкіндік тудырады.

«Туған өлке» ұғымына қандай аумақты кіргізу керектігін алдын-ала шешіп алған жөн. Кейбір жағдайларда өлке деп үздіксіз және нақты бақылау жүргізетін мектептің маңайын айтады. Ал кейбір жағдайларда бұл ұғымды ауданның немесе облыстың әкімшілік аумағына дейін кеңейтеді. Көпшілік жағдайда мектеп орналасқан маңайда зерттеу немесе бақылау жүргізу үшін облыс көлеміндегі мағлұматтарды білу қажет болып шығады. Сол себепті мектептегі өлкетану курсы бұл екі көзқарасты да қамтуы тиіс. Мектепті қоршаған ең жақын орта бақылаулар жүргізу және білім беру процесінде қолдану үшін қолайлы, сондықтан өлкетану жұмысын мектеп орналасқан жерді терең оқудан бастаған дұрыс. Ал мектептен қашықтағы аудан немесе облыс аумағымен танысу, туған өлкемен танысудың бірізді жалғасы болуы керек [28].

Өлкетану жұмысында өлкені зерттеудің барлық негізгі әдістері қолданылуы мүмкін, олар: әдеби, далада бақылаулар жүргізу, картографиялық, статистикалық, көзбен шолу (визуалды), әңгімелесу және сауалнама жүргізу, фотосуретке және бейнефильмге түсіру.

Далада бақылау жүргізу әдісі негізінен табиғат жағдайларын зерттеу үшін қолданылады. Ол мектепте бар техникалық құралдарды қолдану арқылы дала жағдайында әр түрлі зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған.

Зерттеудің картографиялық әдісі өлке аумағындағы шаруашылық пен табиғаттың арасындағы кеңістіктік үйлесімділікті ашу мақсатында қолданылады. Өлкетанулық зерттеу жұмыстары картадан басталуы және нәтижелер картаға түсірілуі тиіс. Зерттеудің маңызды бөлігі – жергілікті жердің планын қағазқа түсіру және әр түрлі карталар құрастыру.

Статистикалық әдіс әсіресе халықты, шаруашылықты, экономикалық байланыстарды оқу барысында жинақталған сандық көрсеткіштерді іріктеп алу және олардан қорытынды шығарумен анықталады. Бұл әдіс әр түрлі сандық мәліметтерді санау, орташа көрсеткіштерді шығару, кестелер құрастыру және олардың графикалық бейнесін сызудан тұрады.

Жергілікті тұрғындармен, өлкетанушылармен әңгімелесу және сауалнама жүргізу әдісі тарихи және тұрмыстық деректерді қалпына келтіруге, бұрыннан белгілі ақпаратты анықтауға мүмкіндік береді.

Фотосуретке және кинофильмге түсіру – өлкетану зерттеу жұмыстарын жүргізудегі маңызды құралдардың бірі. Өлкенің нысандарын, халқының өмір сүру салтын, күнделікті өмірін фотосуретке немесе кинофильмге түсірудің нәтижесі қызықты монографиялық альбомдар жасауға, өлкетану мұражайының экспонатына арналған материалдар жинақтауға және жекелеген сұрақтар бойынша кино көрсетуге бағытталған.

Сонымен, өлкенің өмірін, ондағы болып жатқан өзгерістерді, табиғаты мен шаруашылығындағы жағдайларды толығырақ сипаттау үшін, өлкенің қазіргі кездегі және бұрынғы өмірінен деректер мен материалдарды үздіксіз жинап, оқып, зерттеу қажет. Олар келесі сипатта болуы мүмкін:

– ғылыми еңбектерден және ақпараттан, көркем шығармалардан әдеби материалдар жинақтау;

– журнал және газеттердің мақалалары;

– географиялық карталар;

– әр түрлі хаттар, жылнамалар және басқа да жазбалар, газет-журналдар беттерінде жарық көрген фотосуреттер.

Мұрағаттарда, әкімшіліктерде, отбасылық мұрағаттарда сақталған құжаттар, өлкеде ұзақ уақыт өмір сүріп жатқан қарт адамдардың естеліктері, сипаттамалар, жиынтықтарды оқу және қорытынды жасау. Әрине, бұл ауыр жұмыс болғандықтан мұғалім өзі жүргізгені дұрыс болады, бірақ оқушыларды қатыстыруы міндетті шарт [29].

Өлкетану туралы материалды іріктеу өте маңызды болып саналады, өйткені оқушының өз өлкесі туралы әңгімелеу қабілеті, әңгімелеудің мазмұны оқушы үшін қызығушылық тудырған жағдайда және әңгімелеуге негіз болатын жағдай жасалғанда ғана жетілдіріледі. Келесі факторлардың нәтижесінде өлкетану тақырыбы сабақта коммуникативтік белсенділік тудырады:

– оқушылар не туралы айтып тұрғандарын толық түсінген жағдайда;

– оқушылар өздері үшін маңызды әрі қымбат нәрсе туралы әңгімелеген жағдайда.

Сондықтан өлкетану материалын іріктеу барысында келесі себептерді ескерген жөн:

\* оқушылар үшін материалдың шынайылығын, яғни оқушылар әңгіменің не туралы екендігін нақты елестете алулары керек;

\* ұсынылған материалдың оқушылар үшін қызықты болуы (осы ақпаратты білгім келіп еді деген талаптың болуы);

\* ұсынылған материал туралы ақпараттың толық болмауын (оқушыларды ізденушілікке ынталандыру мақсатында);

\* берілген материалдың бағдарламалық тақырыпқа сәйкестігін;

\* берілген материалдың әлеуметтік құндылығын;

\* тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыстың орнауын.

Мұғалім өлкетану материалының бағдарламаға сәйкестігіне көп көңіл бөліп, өлкенің ерекшелігін, оның қайталанбас сипатын бейнелейтін материалдарды іріктеп алуы қажет. Сонымен бірге өз өлкесін білуге деген құштарлықты ояту, оқушының жалпы мәдени деңгейін көтеруге жағымды ықпал жасайды. Оқушыларды география, тарих, әдебиет, биология, музыка басқа да пәндерден алған білімдерін кез-келген сабақта, өмірлік тәжірибеде тиімді пайдалана білуге үйрету керек.

Өлкетану материалдарын сабақта қолдану, білім беру үрдісіне қойылатын жалпы дидактикалық қағидалармен негізделеді. Ол қағидалардың түрлері:

\* *пәнаралық байланыс қағидасы*, бұл – мектеп бағдарламасындағы пәндердің мазмұнында өлкетану материалдарын қолдану арқылы басқа пәндермен байланысты жүзеге асыруды болжайды;

\* *жүйелілік-құрылымдылық қағидасы*, өлкетану материалдарын білім берудің әртүрлі кезеңдерінде нақты мақсат қоя отырып, жоспарлы түрде қолдануды және аумақты географиялық негізді құрайтын нақты сипаты бар нысан ретінде зерттеуді көздейді;

\* *тақырыптық қағидасы*, оқулықтың әр тақырыбына сәйкес келетін материалды әзірлеуді қарастырады;

\* *толеранттылық қағидасы*, оқушылардың бойында өзге ұлт мәдениетін түсіну және қабылдау қабілетін дамытуды қарастырады;

\* *когнитивтік қағидасы*, оқушылардың білім алу үрдісі барысында өлкетану материалдарының көмегімен жаңа ақпаратты, жаңа білімді түсінуін қарастырады;

\* *кешенділік қағидасы*, өлкенің қоршаған ортасында болатын барлық жағдайларды, өзгерістерді кіріктіріп оқытуды көздейді;

\* *ізгілендіру қағидасы*, өлкені тұлғаның дамуындағы өмірлік-мәнді құндылықтар жүйесінде оқудың мағынасын түсінуді қамтамасыз етеді;

\* *табиғи және мәдени түсінік қағидасы*, табиғатты қорғау және экологиялық білім мазмұнын кіргізуді қарастырады;

\* *іс-әрекеттік қағидасы*, білім беруді практикалық, коммуникативтік, жобалық-шығармашылық тапсырмалар жүйесі арқылы жүзеге асырады;

\* *тарихилық қағидасы*, әлеуметтік-табиғи ортадағы өзгерістерді, аумақтың даму болашағын қарастыру арқылы орындалады;

\* *проблемалық қағидасы*, нақты проблемалық тапсырмаларды шешу көздейді.

Аталған қағидаларды жүзеге асыру арқылы, оқушылардың өздіктерінен білім алу, сыни тұрғыдан ойлау, шешім қабылдау, практикалық іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту мүмкіндігі туындайды. Анықталған қағидаларды ой елегінен өткізіп түсіну және өмір сүру ортасындағы мінез-құлық ережелерін сақтау, өз іс-әрекетінің мәні мен жауапкершілігін түсіну, өзінің кіші отанына деген сүйіспеншілік әр адамның мәдениетінің ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Сонымен қатар, өлкетанудың тәрбиелік міндеттерін ескеру қажет:

– өзінің «кіші Отанына», туған елі Қазақстанға деген патриоттық сезімін, сүйіспеншілігін тәрбиелеу;

– төзімділікті, өлкенің көпұлттылық және көпмәдениеттілік жағдайында төзімді мінез-құлық қалыптастыру;

– отбасылық қарым-қатынасты нығайту, пәннің мазмұнымен тек оқушыны ғана емес, оның ата-анасын да қызықтыру, отбасылық мұрағаттар, аталар мен әжелердің басқа да туыстардың әңгімелері арқылы өлкенің тарихы жайлы білімді тереңдету;

– отбасы мүшелерімен бірге өлке туралы әдебиет оқу, фильмдер, бейнефильмдер тамашалау;

– өлкенің табиғатын, тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау және қалпына келтіру жұмыстарына оқушылармен қатар ата-аналарды да қатыстыру;

– жергілікті халықтың алдында тұрған проблемаларды шешуге ата-аналармен бірге оқушыларды да қатыстыру.

Дамытушылық міндеттері:

– туған өлке туралы неғұрлым көп білуге деген ұмтылысты, танымдық қызығушылықты, интеллектуалдық және шығармашылық қабілетті дамыту;

– тақырыптық акцияларға және жобаларға, кітапханалардың, ұлттық-мәдени орталықтардың іс-шараларына, сайыстарға, олимпиадаларға қатысу арқылы туған өлке жайлы білімді тереңдетуге деген ұмтылысқа ынталандыру;

– болашақта білімді жалғастыру, мамандық және жұмыс орнын таңдау сұрақтарын шешуге бағыттау;

– күнделікті өмірде өлкетанушылық білім мен біліктілікті қолдана алу, жергілікті жердегі туындайтын проблемаларды шешуде өзінің орнын білу дағдысын қалыптастыру;

– туған өлкесінің өмірін жетілдіруге үлес қосуға деген ұмтылысты дамыту [28].

Пәндердің мазмұнындағы өлкетанулық компонентті сипаттайтын ерекшеліктер:

– тарихи және ұлттық-мәдени өлкетану (ата-бабалар тарихы, шығу тегі, тарихи ескерткіштер, ежелгі қоныс-мекендер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өнеге, өмір сүру салтының ерекшеліктері және құндылықтары);

– табиғи-географиялық өлкетану (жергілікті жердің климаты, жер бедері, топырағы, өзен-көлдері, пайдалы қазбалары, экологиясы, экологиялық проблемалары);

– биологиялық өлкетану (өсімдік түрлері, жануарлар әлемі);

– химиялық өлкетану (ауыз суының сапасы, ауаның ластануы, жергілікті жердегі тау-кен өнеркәсіптері т.б.);

– әлеуметтік-географиялық өлкетану (халықтың тығыздығы, елді мекендердің орналасу сипаты, ұлттық қолөнер түрлері, басқа елді мекендерден, аймақтардан алшақтығы, байланыс құралдары);

– әлеуметтік-демографиялық (ұлттық құрамы, жастық-жыныстық құрамы, көші-қон үдерісі, халықтың ұдайы өсуінің сипаты);

- әлеуметтік-экономикалық (халықтың өмір сүру деңгейі, еңбек ресурсы, кәсіби-мамандық құрамы, экономикалық даму келешегі);
- аймақтың экономикалық салалары (ауылшаруашылық, құрылыс, тау-кен, химиялық т.б.), шығаратын өнімдері;
- әкімшілік-саяси (өлкенің шекарасы мен аумағы, инфрақұрылымының түрлері, басқару органдарының қызметі және жұмысты ұйымдастыруы),
- әдеби өлкетану (жергілікті ұлттардың әдеби мұралары және ауыз әдебиеті, жергілікті ақын, жазушылардың шығармалары);
- мәдени өлкетану (жергілікті ұлттардың ұлттық әндері мен билері, жергілікті сазгерлердің музыкалық шығармалары т.б.);
- саяси (саяси факторлардың өлкенің өміріндегі рөлі, аймақтармен, елдермен қарым-қатынасы). Өлкетанудың түрлерін математикалық, физикалық, технологиялық деп жалғастыра беруге болады.

5-сыныпта «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің «Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен палуандар» тақырыбын оқытуда өлкенің белгілі адамдары туралы мағлұмат беру барысында мұғалімнің және оқушылардың алдында тұрған міндеттер келесідей болуы мүмкін:

\* өлкеге танымал адамның (жазушының, ақынның, суретшінің т.б.) өмір жолының оның шығармашылығына тигізген әсері туралы сұрақты айқындайтын арнайы әдебиеттерді оқу;

\* жерлес ақын-жазушылар, суретшілер туралы нақты материалдар жинақтап, арнайы альбом әзірлеу, мұражайдың танымал жерлестерге арналған бөлімін толықтыру;

\* халық ауыз әдебиеті және жерлес ақын-жазушылардың әдеби шығармалары арқылы оқушылардың туған өлке туралы білімдерін кеңейту;

\* туған өлкені және әдебиетті олардың тарихи дамуының өзара байланысында көруге көмектесу;

\* өлкетануға қоғамның дамуында ерекше рөл атқаратын жалпы адамзат мәдениеті ретінде қарауға және жеке тұлға мәдениетін тәрбиелеу [28]..

6-сыныпта «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен «Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (өлке тарихы атауларында)» тақырыбын оқу барысында қолдануға болатын жер-су атауларының шығу тарихы мен қызықты деректерді ұсынамыз. Жергілікті жердің жер-су атауларын жинау, олардың шығу, пайда болу себебін анықтау, әрбір атаудың мән-мағынасын ашу, әсіресе, жастардың туған өлкеге деген ыстық ынта, патриоттық сезімін күшейтпек. Мысалы:

Балқаш – көл, қала аты. Атаудың шығу төркіні мен мағынасы жайлы әртүрлі пікір бар. Әуел бастан ол Балықаш аталып, кейіннен Балқаш боп қалыптасқан болу керек. Өйткені көне түркі тілдерінде балық – «су, өзен» деген сөз болғаны тарихи деректерден мәлім.

«Балқаш» «жағасы балшықты, батпақты, су көп, мол көл» деген мәнді білдіретін атау. Көлдің қазіргі атауына байланысты халық ішінде бұрыннан айтылып келе жатқан аңыз бар. Бұдан көп ғасырлар бұрын көлдің батыс жағалауын бір бай мекендеген екен. Оның Балқия атты аса көрікті қызы болыпты. Ол тек көркімен ғана емес, ақылымен де, адамгершілігімен де ел

ауызына ілігіпті. Сүйікті қызды әкесі ғана емес, бүкіл жұрт еркелетіп Балқаш деп атайтын болыпты.

Жасы он жетіге толғанда Балқия алыс елден келген Ерден атты бір жас жігітке ғашық болады. Алайда қазақтың көне әдет-ғұрпы бойынша ата-анасы қызды бала күнінде атастырып, бай қалың мал алып қойған екен. Мұны естіп-білген қыз бен жігіт жасырын қашпақ болып келіседі де, бір ыңғайлы келген түнде екеуі екі атқа мініп тайып отырады. Ертесіне екі ғашық бір қалың қамыстың ішіне келіп дем алуға тоқтайды. Мұнда олар ойламаған жерден қырсыққа тап болады. Тал түсте аттарына қамыс ішіндегі қабандар тап береді. Ерден аттарды құтқарам деп жүргенде, қабанның азу тісі денесіне оңдырмай ауыр жарақат салады. Балқияның сүйікті жігітін өлімнен арашалап қалуға шамасы келмейді де асыл жарын жерлеп, өзі де сол жерде өлмек болады. Ал бұл кезде қабаннан үркіп қашқан екі ат қыз бен жігіттің туған ауылына келіп бір-ақ тоқтайды. Ыза болған қыздың әкесі жігіттерге қашқындарды ұстап әкелуге әмір береді және оларды халық алдында қарабет қылып жазаламақ болады. Қашқындарды іздеп шыққан жігіттер ат тұяғының ізімен жүріп отырып, қыздың тығылған жерін табады. Қуғыншыларды көрген соң, әкесінің қатал мінезін жақсы білетін Балқия, қолға түскеннен өлімді артық көріп, биік жардан көлге бір-ақ секіреді де су түбіне кетеді.

Бұл ауыр оқиға сол маңдағы елге түгел жайылып, бұдан былайғы жерде көлді өздері еркелетіп айтатын, сүйікті жас арудың атымен халық Балқаш деп атап кеткен екен.

Жауыртау – атауын халық аңыздарында жиі кездестіреміз. Бұл атау туралы көнекөз қариялардың айтуынша: «Айбас Қозының ел-жұртын іздеуге шығып, астындағы атының одан әрі жүруге жарамай, жауыр болып қалған жері, қазіргі Теміртау маңайы болса керек, содан Жауыртау атанған еді», - дейді.

Теміртау қаласының солтүстік жағында жауыр аттың иығы секілді айғыздалып жатқандығы үшін Жауыртау деп атап кеткен кішігірім шоқы бар. Атадан балаға ауысып отыратын халық аңызы Жауыртау деген атауды «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырымен сабақтастырады. Ол жырда былайша суреттеледі:

«Жауыр атты сен жүрсің, жаба тоқып,  
Көктайың жауыр қылған соған орай!..»

Кәдуілгі «жетпіс жыл баққан малының жеті жапырақ егін тісіне басуға қимайтын» – Қарабай әкесі өлген Қозыны қомсынып қаша көшетін аңыз бар. Ұзақ көш жолында қырық нары арып өліп, Қарабай Аякөзге келгенде ноғайлы Шақшақ байдың баласы Қодар Баянға ғашық болады. Кешікпей-ақ тоқсан мырзасын жалшылыққа берген Қодар Қарабаймен құда болып алады. Сонда әбден шарасы таусылған Баян Айбас деген жігітті қанатты қара биеден туған Бақа айғырға мінгізіп, алыста қалған ғашығы Қозыға жібереді. Сәлемдеме деп алтын сандыққа домбрасы мен моншағын, басындағы қарқара қадаған тақиясын салып берген екен.

Қарабайдың қырық нарын жалмаған ұзақ жол Айбастың арғымағына да оңай тимепті. Шексіз-шетсіз сары дала Айбастың өзін де, астындағы тоқпақ жал Бақа айғырды да титықтатса керек. Алайда қаншалықты қалжырап, қажыса да Айбас Баянның өтінішін орындау үшін Қозы Көрпештің елін бетке алып

жүре берсе керек. Бірақ, амал қанша, елсіз-күнсіз сары дала астындағы аттың титығына жетіп, бір жерлерге келгенде болдырып, тоқырап тұрып қалыпты. Айбас алған бетінен сонда да қайтпайды. Бақа айғырды Тоқыраудың бойына тынықтырып алып, тағы да жүріп кетеді. Ай жүреді, апта жүреді, бір жерлерге келгенде мінген атынын тұяғы сөгіліп, арқасы ошақтай жауыр болып, мүлдем міністен қалған екен. Осынау жауыр аттың қалған жері содан бері «Жауыртау» атаныпты дейді қыр аңызы.

Ер жігіттің атын арытқан Жауыртауды қазір Теміртау деп атайды. Халық жүрегінен шыққан атау өміршең болады. Шынында да Теміртау дегеніңіз – ел өміріндегі тарихи-әлеуметтік өзгерістерімен біте қайнасқан атау. Теміртау десе Теміртау. Кәдуелгі «тау-тау темір» деген сөзден шыққан атау. Теміртау – 1945 жылға дейін Самарқанд қалашығы аталып келіп, 1945 жылдың аяғында Теміртау қаласына айналған. Қарағанды облысына қарасты, Самарқанд су қоймасының жағасындағы қала. Бұл жерде темір көп болғандықтан да Теміртау аталған.

Қоңырат – Қарағанды облысындағы қала аты. Бұл атаудың шығу төркіне тоқталсақ, халық аңызымен байланыстырады: ертеде бір байдың жүйрік тұлпар қоңыр аты болыпты. Жастайынан қорлық пен зорлыққа булыққан ер жігіт бір күні байдың тұлпарына мініп алып, бар жылқысын шөлге айдап қашады. Бай жан-жақтан қуғын шығарғанымен, жеткізбейді. Ақыры ол жапан түзде тұрған бір шоқыға жете бергенде, бірнеше күн отсыз, сусыз шапқан қоңыр ат мұрттай ұшады да содан қайтып басын көтермейді. Содан былай биік Қосшоқы Қоңырат атанып кетеді.

Ботақара – елді мекені/көл/тау/. Орталық Қазақстандағы ұсақ төбелі тау. «Қара» сөзі көлемді көрсететін анықтауыш. Ал «бота» сөзі халықта XVIII ғасырда өмір сүрген Нарбота батырдың есімімен байланысты. Ел ауызындағы аңыз бойынша осы таутөбешіктердің арасында қазақ пен қалмақтың ортасында шайқас болған. Қазақтың жауынгерлерінің басшысы Нарбота батыр, ал қалмақтар әскерінің басында – Шешен есімді қыз тұрды. Сондықтан, қазақтар бекінісі Ботақара, ал қалмақтар жағы Шешенқара деп аталады.

Осынау сан ғасыр баба тарихының куәсіндей аңыз-ақиқатқа ие Ботақара атауы бірнеше рет өзгертілді. Кейін осынау киелі жерге Санникова, Колхозная, Ворошилов, Ульянов деген атаулар берілген. 2001 жылы елді мекеннің 100 жылдық мерейтойына қарсы қайтадан ежелгі аты берілді.

Доскей – елді мекен. Зеленая Балка селосына тақау. Халық ақыны Доскей Әлімбаев (1850-1946 ж.) құрметіне аталған. Ол 16 жасынан өзінің ақындығын таныта бастаған. Революцияға дейін Доскей патша өкіметі мен бай-билердің айуандық қылықтарын өзінің өткір жырларымен өлтіре шенеді.

Кеңес заманы орнағаннан кейін Доскей көмірлі Қарағандыда өмір сүрген. Сондықтан шығармаларының негізгі тақырыбы Қарағанды кеншілерінің өмірі мен еңбегі болды. «Қарағанды», «Екі сайлау», «Жүрегім» деген өлеңдері ақынның таңдаулы шығармалары болып есептеледі. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өлеңдері түгелдей дерлік Отан қорғауға арналды. Облыстық ақындарының айтысын ұйымдастырушылардың бірі. Ақынға Қазақстанның

еңбек сіңірген өнер қайраткері атағы, «Құрмет Белгісі» ордені берілді. Д.Әлімбаев жерленген жеріне ескерткіш қойылған.

Қарқаралы ауданындағы Пашенное көлі. Бұл көлдің ертедегі қазақша аты –Кішкене көл болыпты. Бірақ, ол ұмытылған. Көл сонау бір кезде Крешке көлі деп те аталыпты. Өйткені көлдің жағасында православье дініндегі адамдар ағаштан крест белгісін қойған екен. Ал онда кімнің жерленгенін ешкім де білмейді. Көлдің Гришке көл деген де аты болған. Осында көшіп келіп, қоныс тепкеннен кейін, Қарқаралының казак-орыстары бұл жерді егістік алқап ретінде таңдап алған екен. Бірақ, егін шықпай қойған соң олардың көпшілігі жайына кетіпті. Тек Григорий есімді біреу ғана мол қайсарлықпен біраз жыл әуре болып, ақырында бұл маңайға егін шықпайтынына оның да көзі жетіпті. Ал соқа тістерінің ізі ұзақ сақталып, жергілікті тұрғындарға айқын белгі болып қалған. Сөйтіп, иесіз алған егістік жер бірте-бірте «Пашенное» деген көлдің атына айналса керек.

Шайтанкөл – бұл көл алғашқы кезде «Әулие көл» атанған. Жағасына тастан қашалған крест қойылған. Бір кезде әлгі крест суға құлап кеткен. Содан кейін «Шайтанкөл» аталыпты.

Баяғыда бұл көлді әулие мекендеген, суына беті-қолын жуған деп жұрт киелі су санапты. Жұма сайын қожа-молдалар бастаған байлар келген екен. Жағасында құдайға арнап мал сойып, құран оқиды. Шаншар ішінде Торсықбай дейтін қу болған. Бірде сол әлгіндей топтың үстінен шығады, құрбанға шалынған малдың мол етінен қарбыта асап, сары қымыздан сылқыта жұтармын деп ойлайды. Бірақ жуандар жыртық шапанды кедейді табаққа жолатпайды. Бұған қорланған қу ішінен «тұра тұрындар, бәлем!» деп кете барады.

Бір күні әлгілер көлдің басына тағы жиналады. Шартық қарын, шүй желкелер мол табақты алдарына енді ала бергенде жақын жерден үрейлі үн шығады. Артынша тастардың бірінен сақалы сала құлаш, шашы жалбыраған бір мақұлық селтиіп шыға келеді. Үрейі ұшқан қожа-молдалар күбірлеп дұға оқиды, бірақ әлгі пәле тайсалмайды, дауысын құбылтып, құтырынып жақындай береді. Сол кезде қатты үрейі ұшқан бір бай орнынан ұшып тұрып, көзі алақтап:

- Ойбай, шайтан!- деп төмен қарай зыта жөнеледі. Қорқып отырған жұрт орындарынан қопарыла тұрып, тым-тырақай қашады. Оларды шайтан боп үркітіп жүрген Торсықбай ешкі терісінен жасаған кепті шешіп тастап, «бісмілла» деп, жайрап қалған асты қолға алады. Содан бері Әулиекөл осылай Шайтанкөл болып аталып кетіпті.

Ал бұл туралы орыстар басқаша айтады. Бірде аңшылар атып алған бұғыны кейін бір айналып кеп алмақ боп осы Шайтанкөл жағасында қалдырады. Қайта келгенде көлді таба алмай: «Шайтан алғыр-ай, қайда кетті?»- деп іздесе керек. Бертінде шіркеудегі поп көлді бұрынғысынша атайық деп тақтайға жаздырып қойса жұрт оны аулаққа лақтырып тастап, «Шайтанкөл» деп атапты [29].

Халық аузындағы деректерге сүйінсек, Кіші жүздегі тама руынан шыққан батыр, қазақтың перзенті Есет Көкіұлы арғындарды жаудан арашалауда Жәнібек батырға көмек беру үшін Орта жүз жеріне кетеді. Табын Бөкенбай



батыр да арғындарға кетеді. Осы оңтайлы сәтті пайдаланған қалмақтар Кіші жүз қазақтары мекендеген ну орман ағашты іздеп келіп, күтпеген жерден шабуылдайды. Осы жерде қалмақтар қазақтарды қойға тиген қасқырдай қырып-жойып, талан-таражға ұшыратып, қыз-келіншектерді айдауға алып кетеді. Сол себепті қазақтың қаны, аналардың көз жасы аққан талайлардың басы кесілген жерді халық Қандыағаш деп атап кеткен [30].

Сонымен тарихи-мекендік эпсананың қызметі жер-суға байланысты туындаған халық прозасының түрін көркемдеп айту, оған ғибраттық сипат беру болып табылады. Мысалы, эпсана-хикаяттық сарында баяндалатын «Кәлкен» деген жер атын алып қарайық. Кезінде «Тұздықөл» деп аталатын көлдің жағасын жайлаған бір байдың Кәлкен атты жалғыз қызы болады. Қыз бой жетіп, көрші рудың бір жігітіне ғашық болады. Екі жас көңіл қосып, үйленбекші болған кезінде қыздың әкесі қарсы болып, қызын үйінде қамап ұстап шығармаған екен. Сондағы себеп - жігіт бір байдың жылқышысы екен. Сүйгеніне қосыла алмаған Кәлкен сұлу көп қайғырып, құсадан қайтыс болады. Ал үш күн өткеннен соң, бай судың жиегіне барса, мөлдіреп жатқан көл қара суға айналыпты. Еш нәрсенің мәнісін түсіне алмаған бай бәйбішесіне айтып, жалшыларына суды батпақтан тазартуды бұйырады. Онысынан түк шықпай байдың өзі де, адамдары да батпақтың арасынан шыға алмай, өледі. Жалғыз қызының көз жасынан қорықпаған бай азаппен жаһаннамға аттанған жерді халық «Кәлкен» деп атап кеткен екен [31].

Білім берудің өлкетанулық мазмұны – ол аймақтың тек табиғи-географиялық, экономикалық және басқа да ерекшеліктерін көрсететін білімнің ғана мазмұны емес, ол өлкенің, аймақтың, мемлекеттің және жеке тұлғаның қызығушылықтары мен қажеттіліктері көрініс табатын әлеуметтік тапсырыс.

Білім берудің жалпы және өлкелік мазмұнының өзара байланысы жалпы білім беретін пәндердің білім беру элементтері және мамандану бағыттары арқылы жүзеге асырылады. Компоненттер мазмұнының элементтерін салыстырайық (2-кесте):

2-кесте – Білім беру мазмұны компоненттерінің өзара байланысы [32]

Мазмұнның элементтері	Мемлекеттік, жалпы оқу компоненті	Регионалдық компонент
Білім	Нақты бір салада жұмыс істеу үшін қажетті халықтың мәдениеті, шаруашылық қызметі, табиғат туралы деректер, ұғымдар, заңдар, заңдылықтар	Аймақтың дамуын және дәстүрлерін сақтауға қажетті сәйкес мамандықты таңдау және аймақ жағдайында табысты еңбек ету үшін, аймақтың ерекшеліктерін, нысандарға, процестер мен құбылыстарға тән өзгешеліктерді сипаттайтын деректерді, ұғымдарды, заңдылықтарды меңгеру
Шығармашылық қызметтің тәжірибесі	Тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған, іс-әрекеттің алгоритмделмеген түрлері	Регионалдық мазмұнды меңгеру негізіндегі, аймақ кеңістігін оңтайлы өзгертуге бағытталған белсенді шығармашылық іс-әрекет
Сезімдік-құндылық	Қоғамның нормалар,	Аймақта өмір сүретін халықтардың

катынас тәжірибесі	дәстүрлер және жалпы мәдени құндылықтар жүйесі	маңызды нормаларын, құндылықтарын және салт-дәстүрлерін меңгеру
--------------------	--	---

Жергілікті өлкетанудан басқа, негізгі пәндік модель жаратылыстану ғылыми және гуманитарлық пәндер мазмұнына кіретін аймақтық материалды міндетті түрде зерделейді. Орта білім берудің өлкетанулық мазмұны бірнеше бағытта жүзеге асырылады:

біріншіден, мектепте оқылатын кез-келген пәнді өлкетанулық материалдармен толықтыру арқылы «оқу мен өмірді ұштастыру», «ғылымның, мәдениеттің жетістіктерін меңгеруді жүйелендіру және реттеу» сияқты дидактикалық процесті ұйымдастыру мүмкіндігі;

екіншіден, ол білім беру ошағы орналасқан елді мекеннің сұранысын, ерекшелігін ескере отырып, білім алушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасап қана қоймай, өзіне тән «бейне» қалыптастыруға мүмкіндік тудыратын кіріктіріліп оқылатын пәндер;

үшіншіден, ол өлкелік қауымдастықтың әлеуметтік тапсырысымен келісілген, мемлекеттік стандарт компонентінің жоғары деңгейі.

Мысалы, Қазақстанның барлық аймақтары үшін болуы мүмкін, ол:

- бірінші негіз бойынша – Қазақстан халықтарының тарихи-мәдени мұралары, технологиялық және әдеби өлкетану, дәстүрлі құрылыс материалдары, өндіріс технологиялары, өндіріс және ауыл шаруашылық нысандарының өзіндік ерекшелігі;

- екінші негіз бойынша – экология, ауыл шаруашылық өнеркәсібінің қоршаған ортаға тигізетін ықпалы, өнеркәсіп пен тұтынушылардың шығаратын қалдықтары, пайдалы қазбаларды қолдану және жер қойнауын қорғау, өлкенің химия өнеркәсібіндегі еңбекті қорғау, табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар;

- үшінші негіз бойынша – жеке тұлғаның этикасы, оның моральды-адамгершілік ұстанымдары, адамның денсаулығы және қоршаған орта [28]..

Төмендегі кестеде жаңартылған білім мазмұны бойынша негізгі орта білім деңгейінің 5-7-сыныптары үшін «Жаратылыстану», «Биология», «География» пәндері бойынша типтік оқу жоспарында аймақтық компоненттің қамтылуы көрсетілген (3-кесте) [33].

3-кесте – «Жаратылыстану», «Биология», «География» пәндері бойынша типтік оқу жоспарында аймақтық компоненттің қамтылуы

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуі тиіс.
<b>Жаратылыстану</b>		
<b>5-сынып</b> Экология және тұрақты даму	Табиғатты қорғау	5.6.3.1 Қазақстан Республикасының экологиялық проблемаларын атау; 5.6.3.2 өз аймағыңыздағы экологиялық мәселелерді зерттеу; 5.6.3.3 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының мәнін анықтау
<b>6-сынып</b> Экология және	Табиғатты қорғау	6.6.3.1 өз аймағындағы кейбір экологиялық проблемалардың себептерін талдау;

тұрақты даму		6.6.3.2 экологиялық проблемаларды шешуге ұсыныс жасау
<b>Биология. 7-сынып</b>		
Экожүйелер	Экологиялық орта факторлары: абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық), биотикалық (микроорганизмдер, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс «Жергілікті экожүйені зерттеу (мектеп алаңы бойынша)»	7.3.1.1 Жергілікті экожүйе тірі организмдердің өмірлік белсенділігі мен таралуына экологиялық факторларының әсерін зерттеу
	Адам іс-әрекетінің экожүйеге кері әсері	7.3.2.2 экожүйелерге кері әсер ететін адам іс-әрекеті салаларына мысалдар келтіріңіз
	Қазақстанның ерекше қорғалатын аумақтары. Аймақтың ерекше қорғалатын аумақтары	7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарындағы жануарлар мен өсімдіктер әлемін сипаттау
	Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері	7.3.2.4 Жергілікті өңірдің Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктеріне мысалдар келтіру
<b>География. 7-сынып</b>		
3.1 Литосфера	Литосфералық катаклизмдер	7.3.1.5 жергілікті компонент негізінде литосфералық катаклизмдер барысында өзін өзі ұстау ережелерін түсіндіреді
3.2 Атмосфера	Атмосфера және оның құрамдас бөліктері	7.3.2.6 жергілікті жер мүмкіндігі бойынша температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтерінің көрсеткіштері бойынша синоптикалық графикалық материалдарды жасайды
	Қолайсыз атмосфералық құбылыстар	7.3.2.7 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсынады
3.4 Биосфера	Туған жер флорасы мен фаунасы	7.3.4.2 Аймақтың Қызыл кітапқа енгізілген флорасы мен фаунасының өкілдерін айқындайды және атайды
	Қазақстанның топырақ түрлері	7.3.4.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарына баға береді
3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	Табиғи-аумақтық кешендердің түрлері	7.3.5.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде түрлі деңгейдегі табиғи кешендерді жоспар бойынша сипаттайды;

	Менің туған өлкемнің визит карточкасы: өлкетанулық деректер базасын дамыту	7.3.5.3 жоспарға сәйкес туған жердің табиғи-аумақтық кешендерін сипаттайды және өлкетанулық деректер базасын әр түрлі нысандарда ұсынады
5.1 Табиғи ресурстар	Табиғи ресурстардың жіктелуі	7.5.1.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдайды
	Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар	7.5.1.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсынады
5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	Көлік инфрақұрылымы	7.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылымының элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді
	Әлеуметтік инфрақұрылым	7.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде әлеуметтік инфрақұрылым элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді
6.1 Дүние жүзі елдері	Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы	7.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді географиялық орнына байланысты топтастырады
		7.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттайды
	Елдердің экономикалық географиялық жағдайы	7.6.1.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық-географиялық орнына байланысты топтастырады
		7.6.1.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттайды
		7.6.1.5 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайына баға береді
		7.6.1.6 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық, экономикалық-географиялық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныс жасайды

Жалпы білім беретін мектептерде өлкетану жұмыстары бастауыш сыныптарда басталады, орта және жоғары буынды балалардың жасына және психологиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ олардың қызығушылығына байланыста жалғасады.

Бұл мәселе 5-6 сыныптарда «Жаратылыстану» пәнінде қарастырылады, ол оқушылардың жаратылыстану-ағартушылық білімін қалыптастырады және табиғаттың объективті заңдарын тану және адамның мүддесі үшін олардың практикалық қолданылуын алға жылжыту болып табылады.

Бұл «Биология», «География», «Физика» және «Химия» пәндерін әрі қарай оқу үшін негіз болып табылатын кіріктірілген курс. Әрбір ғылым элементтерінің интеграциясы оқушыларға табиғат туралы, оның құрамдас бөліктерінің өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы ортақ идеяларды қалыптастыруға жағдай жасайды.

Жаратылыстану ғылымы оқушылардың қызығушылығын дамытуға, әлемге деген көзқарастарын кеңейтуге, қоршаған ортаны қорғаудың ғылыми тұжырымдамасын дамытуға және айналасындағы әлемді бағалауға, қорғауға мүмкіндік береді.

*«Экология және тұрақты даму: табиғатты қорғау»* (5-6 сынып) тақырыбы Қазақстанның және туған жердің экологиялық проблемаларын зерттеуге және тануға, олардың себептерін талдау мен шешу жолдарын іздестіруге арналған.

Өлкетану материалдарын қолдану арқылы оқушылар гипотезаны ұсынуға, зерттеулерді жоспарлауға және жүргізуге, нәтижелерді талдауға, қорытынды жасауға және әртүрлі формадағы зерттеу нәтижелерін ұсынуға тырысады.

Жаратылыстануда өлкетануды оқытуға қолдану үшін келесі басымдықтарды атап өту қажет:

- адамның табиғатқа жағымды және жағымсыз әсер ету фактілерінің айқын көрінісі;

жергілікті экологиялық проблемалар мен қоршаған ортаны қорғаудың кең ауқымды құбылыстары арасындағы қауымдастық байланыстарын дамыту;

- основательность усвоения обучающимися ведущих идей и понятий современной экологии;

- қазіргі заманғы экологияның жетекші идеялары мен тұжырымдамаларын меңгерудің негізделуі;

- білім алушыларды қарқынды практикалық іс-әрекеттерге тарту.

Жаратылыстану ғылыми және гуманитарлық білім беру жүйесінде мектеп пәнінің географиясы мазмұнның ерекшеліктері, әртүрлі пәндер бойынша білімін құрылымдау және интеграциялау үшін ерекше орын алады. Өлкетанулық зерттеудің негізі – аймақтың географиялық деректері мен нақты аумақтық құрылымынан тұрады.

География сабақтарында мұғалім оқу курстарының тақырыптық бөлімдерінде аймақтық компонентті жүзеге асырады, бұл сабақтың білім беру, дамыту және білім мақсаттарына барынша қол жеткізуге, патриоттық және азаматтық сезімдерді оятуға мүмкіндік береді.

*«Биосфера» бөлімінен «Туған өлке флорасы мен фаунасы»* тақырыбы Қызыл кітапқа енгізілген өкілдердің ерекшеліктеріне байланысты өңірге тән флора мен фаунаның өкілдерін зерттеуге бағытталған.

Басқа аймақтардан арнайы әкелініп жерсіндірілген, мәдени және кездейсоқ әкелінген өсімдік түрлерін айтпағанның өзінде, Қазақстанда өсімдік әлемінің шамамен 6 мың түрі бар [3]. Олардың ішінде эндемикалық өсімдіктердің 758 түрі, көптеген ғасырлар бойы сақталып және осы күнге дейін жеткен реликті өсімдіктердің көптеген түрлері кездеседі. Республиканың

флорасы жүздеген бағалы өсімдік түрлерімен ұсынылған: азық-түлік, дәрілік, илік (тері илейтін), хош иісті, бояу, жабайы өсетін дәруменді өсімдіктер.

Қазақстанның фаунасы құстардың 490 түрін, сүтқоректілердің 172 түрін, балықтың 100-ден астам түрін, бауырымен жорғалаушылардың 51 түрін, амфибияның 12 түрін, сонымен қатар омыртқасыздар әлемінің де өте бай - 50 мыңнан астам түрін (жәндіктердің 30 мыңнан астам түрін) қамтиды [4].

Адам іс-әрекетінің нәтижесінде қоршаған ортаның ластануына байланысты, біздің еліміздің флорасы мен фаунасының түрлері мен сандық құрамы күннен-күнге азайып келеді, сонымен қатар бұл жайылымдардың сарқылуына, табиғи ландшафттың нашарлауына әкеп соғуда. Қазақстан аумағынан сирек кездесетін өсімдік түрлері, атап айтқанда қызғалдақтардың көптеген түрлері, қызыл адыраспан, қызыл сасыр, іле бөріқарақаты, шырша, алтайлық қасқыр жидек, іле үшқат, кәдімгі пісте, жұқа көкнәр, алмұртшөп, сарытұңғиық, шықшөп, інжугүл, жабайы жүзім және т.б. жоғалуда [5]. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктердің тізімі өсімдіктердің 387 түрін, саңырауқұлақтың 13 түрі мен қынаның бір түрін қамтиды [6]. Қазақстанның Қызыл кітабына омыртқалылар мен олардың тұрастыларының 129 (балықтың және дөңгелек ауыздылардың 18, қосмекенділердің 3, бауырымен жорғалаушылардың 10, құстардың 58, сүтқоректілердің 40) түрі кірді [7].

Осы ақпараттың бәрі география және биология сабақтарында аймақтық компонентті зерттеуде өз орнын табуы керек. Жергілікті жердің бірегей және жабайы өсетін өсімдіктері мен жануарларының мысалында, аймақтың табиғат кешенінің нәзіктігін көрсету, сонымен қатар Жер бетіндегі адамзаттың табиғатты сақтаудағы рөлінің маңыздылығы туралы айту қажет.

Адамзаттың негізгі ғаламдық проблемаларының бірі – табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілуі, оларды тиімді және ұтымды пайдалану болып табылады. Табиғат ресурстары таусылғанға дейін әлемнің ғалымдары шикізаттың, отынның және энергияның жаңа көздерін табуға тырысуда. *«Қазақстанның топырақ түрлері»* (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарын бағалау), *«Табиғи ресурстардың жіктелуі»* (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарына талдау) және *«Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар»* (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсынады) тақырыптары адамның шаруашылық іс-әрекеті тұрғысынан, оның экологиялық жағдайына, шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсеріне, экономикалық, географиялық және әлеуметтік жағдайға және туған жердің даму перспективаларын болжауына байланысты кіші Отанның табиғи жағдайлары мен ресурстарын бағалауға, білімалушылардың біліктілігі мен қабілетін дамытуға бағытталған.

Мектеп пәндерінің мазмұнындағы өлкетану компонентін жүзеге асыру арқылы көптеген міндеттерді: тұлғаның жалпы білімдік біліктіліктері мен дағдылары тереңдетіледі, байқағыштығы, қиялдағыштығы, білімқұмарлығы, ізенгіштігі және мәдени деңгейі дамиды. Білім алушы болашақ мамандығын

таңдауға және болашақта өз бетімен өмір сүруге өзін психологиялық тұрғыдан дайындайды. Ол өзінің моральдық-адамгершілік қасиеттерін дамытады, туған өлкеге, Отанға деген сезімдерін терең мазмұнмен толықтырады. Білім алушыға өмірден өз орнын табуға, жаңа экономика жағдайында оның әлеументтенуіне, өзіне және болашақта туған өлкенің өнеркәсіптеріне маман немесе жеке кәсіпкер ретінде қажет екеніне сенімді болуына көмектесудің тәрбиелік мәні өте зор [28].

«Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар» тақырыбындағы қысқа мерзімді сабақ жоспары кестеде келтірілген, онда өлкетану компонентімен жұмыс істеу кезінде оқушылардың өз бетінше оқып-үйренуіне зерделеу кіреді (4-кесте).

4-кесте – Қысқа мерзімді сабақ жоспары

<b>Сынып:</b>	<b>7</b>
<b>Сабақ тақырыбы</b>	<b>Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар</b>
<b>Оқыту мақсаттары</b>	Пайдалы қазбалардың дамуында туындайтын проблемаларды біліп, оларды шешу жолдарын ұсыну
<b>Сабақ мақсаты</b>	Суреттерді пайдалана отырып, тапсырмаларды орындау. Интернет ресурсын пайдалана отырып, пайдалы қазбаларды игеру кезінде туындайтын проблемаларды зерттеу және талқылау. <b>Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды түсіндіре білу</b> Барлығы: сабақтың негізгі терминдерінің және түсініктерінің мәнін түсіндіру (қайта өңдеу, табиғатты тиімді және ұтымды пайдалану, рекультивация). Көпшілігі: олар табиғи ресурстардың дамуымен байланысты мәселелерді сипаттайды, егжей-тегжейлі талдау жүргізеді. Кейбіреулері: себеп-салдар байланысын анықтайды, шағын жобалар құрады, бағалау жүргізеді
<b>Табысқа жету критерийлері</b>	«Табысқа» жетеу үшін төмендегілерді орындау қажет: ➤ пайдалы қазбаларды игеру кезінде туындайтын проблемаларды анықтай алауы; ➤ пайдалы қазбаларды игерудегі проблемалары бар аудандарды картадан көрсете алуы; ➤ тақырып бойынша мәселелерді талдай және қорытынды жасай білуі
<b>Тілдік мақсаттары</b>	<b>Білім алушылар орындай алады ...</b> Тақырып бойынша мәтіндерді оқи және зерттей (оқу, жазу дағдылары), сыныптастармен жұмыс жасай (қорытынды жасау, сөйлеу дағдылары, тындау) (шағын жобалар, диалог құру және т.б.) және қорытынды жасауды орындай алатын болады. <b>Тақырыпқа қатысты сөздік және терминология:</b> Қоршаған ортаның ластануы, ландшафт
<b>Құндылықтарды дағдыландыру</b>	Құндылықтарды дағдыландыру жұппен жұмыс істеу кезінде жергілікті табиғат ресурстарды зерттеу арқылы жүзеге асырылады
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Биология пәнімен





Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Рухани жаңғыру» мақаласында: «Бүгінде «Туған жер» бағдарламасы арқасында қалталы кәсіпкерлер Отанға деген патриотизмнің жарқын үлгісін көрсетуде. Өңірдің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, мәдени жақтарын барынша дамытуда. Жергілікті меценаттар және демеушілер миллиондаған қаржы жұмсап туған жерін дамытуға, көркейтуде жастарға үлгі болуда. Өлкетанулық жұмыстар осындай патриоттарды мектеп қабырғасынан бастап қалыптастырады» - деді [1].

Осылайша, мектептегі өлкетану жұмыстарының мақсаты мен міндетін нақтылап, күтілетін нәтижелерін белгілеп берді. Үкімет бұл межеге жету үшін «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасын дайындады. Кіші бағдарлама шеңберіндегі «Өлкетану» базалық бағыты айрықша маңызға ие. Бағыт бойынша 2022 жылға қарай білім алушылар өзіндік ұлттық кодын сәйкестендіру мақсатында туған жерін мәдени-тарихи ескерткіштер негізінде 100% танып білетін болады. Сондықтан, әрбір облыс-аймақтық «Өлкетану» оқулығын дайындап шығарды.

Оқушылар арасында туған өлкені таныту үшін мектеп қабырғасынан шығып өлкетану сабақтарын өткіземіз. Тәрбие мен білім беру шеңберіндегі өлкетану сабақтары – туған жердің тарихын, мәдениетін, табиғатын, тұрмысын танудың озық үлгісі болып табылады.

Мұғалім оқу жоспарына сәйкес өлкетану сабақтарының тақырыбы мен мақсатына қарай мәдени мекемелерге апарады. Мәдени мекемелерге экскурсия, экспедиция, туристік саяхат барысында кездесу, байқау, «жанды» сабақ сияқты әртүрлі әдіспен өлкетану сабағын ұйымдастыра аламыз.

*Мәдени мекеме деп* – қызметінің бағыты мен мақсатына сәйкес құрылған ұйымдық құрылымды айтамыз. Музейлер, музей-қорықтар, табиғи музей-қорықтар, театрлар, кітапханалар, мәдени-тарихи орталықтар, мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыратын басқа да мәдениет ұйымдары /сәулет өнері/ мәдениет ұйымдарына жатады [34]. Олар бағытына қарай ғылыми, мәдени, әлеуметтік, білім беру тағы басқаға жіктеледі.

Өлкетану сабақтарын өткізу мақсатында мектептер мен мәдени ұйымдар арасында бірлескен шығармашылық келісім-шарт жасалады. Келісім-шартта тараптардың міндеттері көрсетіледі және Қазақстан Республикасының білім беру мен мәдениет туралы заңдарына негізделеді. Құжат мәтіні екі немесе үш тілде тілде жазылады. Келісім-шартқа сәйкес мектептер мен музейлерде сабақ кестесі сәйкестендіріледі. Яғни, мәдени мекеме қызметкерлері сабаққа қажетті ресурстарын, репертуарын, экспонаттарын дайындаса жетекші мұғалімдер тақырып бойынша түрлі тапсырмалар әзірлейді. Келісім-шартқа мекеме басшысы, басшының міндетін уақытша атқарушы тұлға немесе арнайы уәкілдік берілген адам ғана қол қойып бекітеді. Мәселен, төменде келтірілген «Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК білім беру мекемесінің келісім-шарт (1-сурет) көшірмесі осындай құжат түрлеріне жатады.

Дереккөз: Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейі КМҚК білім беру мекемесі



1-сурет. Келісім шарттың көшірмесі

Мектеп қабырғасына ілінген «жанды» сабақтар кестесіне назар аударыңыздар.

Еңбекшіқазақ ауданы №1 Азат орта мектебінің 2018-2019 оқу жылына арналған сабақ кестесі. Кестеде бірнеше нұсқада берілген. *Бірінші кестеде 2 нұсқа көрсетілген.*

Өлкетану сабақтарын өткізетін сыныптарды сабақ кестесіне параллель қоюға болады. Бекітілген күні барлық параллель сыныптар мәдени мекемелерге барады.

Өлкетану сабақтары үшін толық бір күн сабақтан босату оқу процесіне кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан оны соңғы 5-6 сабаққа қою тиімді.

1-кесте – Өлкетану сабақтары қамтылған сабақ кестесінің үлгісі

**БЕКІТЕМІН**

**Мектеп директоры** \_\_\_\_\_

		<b>5А</b>	<b>5 Б</b>	<b>6 А</b>	<b>6Б</b>	<b>7 А</b>	<b>7 Б</b>	<b>7 В</b>
<b>Дүйсенбі</b>	1	Қазақ тілі	Математика	Биология	Математика	Алгебра	География	Ағылшын тілі
	2	Математика	Қазақстан тарихы	Өзін-өзі тану	Орыс тілі	Қазақ тілі	Ағылшын тілі	География
	3	Көркем еңбек	Қазақ тілі /ағылшын тілі	Қазақ тілі	Өзін-өзі тану	География	Өзін-өзі тану	Алгебра
	4	Дене шынықтыру	Орыс тілі	Математика	География	Биология	Алгебра	Дене шынықтыру
	5	Дүниежүзі тарихы	Көркем еңбек	География	Қазақстан тарихы	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Қазақ тілі
	6	Өзін өзі тану	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Қазақ әдебиеті	Қазақстан тарихы	Өзін-өзі тану
<b>Сейсенбі</b>	1	Ағылшын тілі	Математика	Математика	Орыс тілі	Физика	Қазақ тілі	Физика
	2	Математика	Ағылшын/қазақ тілі	Қазақ тілі	Биология	Химия	Физика	Орыс тілі
	3	Қазақстан тарихы	Дене шынықтыру	Орыс тілі	Қазақ/ағылшын тілі	Геометрия	Орыс тілі	Химия
	4	Жаратылыстану	Қазақ тілі /ағылшын тілі	Ағылшын тілі	Информатика	Дене шынықтыру	Биология	Геометрия
	5	Дене шынықтыру	Орыс тілі	Қазақ тарихы	Математика	Информатика	Алгебра	Ағылшын тілі
	6	Орыс тілі	Өзін-өзі тану	Информатика	Дене шынықтыру	Қазақстан тарихы	Орыс әдебиеті	Биология
	7						Дене шынықтыру	Қазақ тілі
<b>Сәрсенбі</b>	1	Ағылшын тілі	Музыка	Математика	Математика	Қазақ тілі	Химия	Орыс әдеб
	2	Музыка	Жаратылыстану	Биология	Қазақ/ағылшын тілі	Алгебра	Қазақ тілі	Ағылшын тілі
	3	Орыс тілі	Ағылшын/қазақ тілі	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы	Өзін-өзі тану	Геометрия	Информатика
	4	Математика	Орыс әдебиеті	Көркем еңбек	Қазақ/ағылшын тілі	Орыс тілі	Дүниежүзі тарихы	Алгебра
	5	Қазақ тілі	Математика	Орыс тілі	Көкем еңбек	Ағылшын тілі	Дене шынықтыру	Қаз.тарихы

	6	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы	Музыка	География	Биология	Орыс әдебиеті	Биология
	7					Қазақстан тарихы	Қазақ әдебиеті	География
Бейсенбі	1	Қазақстан тарихы	Информатика	Ағылшын тілі	Математика	Физика	Биология	Орыс тілі
	2	Қазақ тілі	Математика	Математика	Қазақ/ағылшын тілі	География	Алгебра	Орыс әдебиеті
	3	Жаратылыстану	Қазақ/ағылшын тілі	Орыс тілі	Биология	Алгебра	Ағылшын тілі	Геометрия
	4	Математика	Қазақ/ағылшын тілі	Қазақ әдебиеті	Математика	Қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Дүниежүзі тарихы
	5	Қазақ әдебиеті	Орыс тілі	Дене шынықтыру	Орыс тілі	Ағылшын тілі	География	Қазақ тілі
	6	Ағылшын тілі	Дене шынықтыру	Математика	Қазақ/ағылшын тілі	Орыс тілі	Орыс тілі	Дене шынықтыру
	7							
Жұма	1	Информатика	Жаратылыстану	Қазақстан тарихы	Қазақ/Ағылшын тілі	Орыс тілі	Физика	Алгебра
	2	Көркем еңбек	Қазақ тілі	Математика	Орыс әдебиеті	Ағылшын тілі	Геометрия	Орыс тілі
	3	Математика	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Математика	Дүние жүзі тарихы	Көркем еңбек	Қаз.тарихы
	4	Орыс тілі	Математика	География	Музыка	Қазақ тілі	Ағылшын тілі	Физика
	5	Қазақ әдебиеті	Қазақстан тарихы	Қазақ тілі	Қазақстан тарихы	Геометрия	Қазақстан тарихы	Қазақ тілі
	6	Дене шынықтыру	Көркем еңбек	Қазақ әдебиеті	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Қазақ тілі	Көркем еңбек
	7			Дене шынықтыру	Музыка	Көркем еңбек	Орыс тілі	Дене шынықтыру

Дереккөз: Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы №1 Азат орта мектебі

Екінші кестеде. Гуманитарлық немесе жаратылыстану пәндер апталығында өлкетану сабақтарын табиғи парктер мен қорықтарда өткізуді кестеге қою. Аптасына екі күн. Бұл күні оқушылар саяхат, экскурсия, туристік маршрут, жаяу немесе сумен жорыққа шығады. Сыныптар дәстүрлі сабақтан мүлдем босатылады. Оған директордың ғылым жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі, пән мұғалімдері жауапты болады. Мысалы, сейсенбі – гуманитарлық пәндер бойынша 5-6 сынып параллельдері барсы, жұма күні 7-сыныптарды апару (2-кесте).



2-кесте – Өлкетану сабақтарын табиғи парктер мен қорықтарда өткізу бойынша сабақ кестесінің үлгісі

		5А	5Б	6А	6Б	7А	7Б	7В
Дүйсенбі	1	Қазақ тілі	Математика	Биология	Математика	Алгебра	География	Ағылшын тілі
	2	Математика	Қазақстан тарихы	Өзін-өзі тану	Орыс тілі	Қазақ тілі	Ағылшын тілі	География
	3	Көркем еңбек	Қазақ/ағылшын тілі	Қазақ тілі	Өзін-өзі тану	География	Өзін-өзі тану	Алгебра
	4	Денешынықтыру	Орыс тілі	Математика	География	Биология	Алгебра	Денешынықтыру
	5	Дүниежүзі тарихы	Көркем еңбек	Денешынықтыру	Қазақстан тарихы	Денешынықтыру	Денешынықтыру	Қазақ тілі
	6	Өзін-өзі тану	Денешынықтыру	География	Денешынықтыру	Қазақ әдебиеті	Қазақстан тарихы	Өзін-өзі тану
Сейсенбі	1	Ағылшын тілі	Музыка	Музыка	Орыс тілі	Физика	Қазақ тілі	Физика
	2	Музыка	Ағылшын/қазақ тілі	Қазақ тілі	Дүниежүзі тарихы	Химия	Физика	Орыс тілі
	3	Қазақстан тарихы	Денешынықтыру	Орыс тілі	Қазақ/Ағылшын тілі	Геометрия	Орыс тілі	Химия
	4	Жаратылыстану	Қазақ/ағылшын тілі	Ағылшын тілі	География	Денешынықтыру	Биология	Геометрия
	5	Денешынықтыру	Орыс тілі	Қазақстан тарихы	Көркем еңбек	Информатика	Алгебра	Ағылшын тілі
	6	Орыс тілі	Өзін-өзі тану	Дүниежүзі тарихы	Денешынықтыру	Қазақстан тарихы	Орыс әдебиеті	Биология
	7						Денешынықтыру	Қазақ тілі
Сәрсенбі	1	Ағылшын тілі	Математика	Математика	Математика	Қазақ тілі	Химия	Орыс әдебиеті
	2	Математика	Жаратылыстану	Информатика	Қазақ/Ағылшын тілі	Алгебра	Қазақ тілі	Ағылшын тілі
	3	Орыс тілі	Ағылшын/қазақ тілі	Биология	Биология	Қазақстан тарихы	Геометрия	Информатика
	4	Математика	Орыс әдебиеті	Көркем еңбек	Қазақ/ағылшын тілі	Орыс тілі	Дүниежүзі тарихы	Алгебра

	5	Қазақ тілі	Математика	Орыс тілі	Информатика	Ағылшын тілі	Денешынықтыру	Қазақстан тарихы
	6	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы	Математика	Математика	Биология	Орыс әдеб	Биология
	7					Өзін-өзі тану	Қазақ әдебиеті	Денешынықтыру
Бейсенбі	1	Қазақстан тарихы	Информатика	Ағылшын тілі	Математика	Физика	Геометрия	Орыс тілі
	2	Қазақ тілі	Математика	Математика	Қазақ/ағылшын тілі	Ағылшын тілі	Алгебра	Орыс әдебиеті
	3	Жаратылыстану	Қазақ/ағылшын тілі	Орыс тілі	Биология	Алгебра	Ағылшын тілі	Геометрия
	4	Математика	Қазақ/ағылшын тілі	Қазақ әдебиеті	Математика	Геометрия	Қазақ тілі	Алгебра
	5	Қазақ әдебиеті	Орыс тілі	Денешынықтыру	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Орыс тілі	Қазақ тілі
	6	Ағылшын тілі	Денешынықтыру	Математика	Қазақ/Ағылшын тілі	Орыс тілі	Орыс тілі	Физика
Жұма	1	Математика	Қазақстан тарихы	Қазақстан тарихы	Қазақ/Ағылшын тілі	Орыс тілі	Физика	Дүниежүзі тарихы
	2	Көркем еңбек	Қазақ тілі	Математика	Орыс әдебиеті	География	Биология	Орыс тілі
	3	Қазақ әдебиеті	Көркем еңбек	Ағылшын тілі	Математика	Дүниежүзі тарихы	Көркем еңбек	Қазақстан тарихы
	4	Орыс тілі	Математика	География	Музыка	Қазақ тілі	Ағылшын тілі	География
	5	Денешынықтыру	Орыс тілі	Қазақ тілі	Қазақстан тарихы	Қазақ әдебиеті	Қазақстан тарихы	Қазақ тілі
	6	Информатика	Жаратылыстану	Қазақ әдебиеті	Денешынықтыру	Денешынықтыру	Қазақ әдебиеті	Көркем еңбек
	7			Денешынықтыру	Музыка	Көркем еңбек	География	Денешынықтыру

Ұсынылған нұсқаларды мектептің кесте бойынша менеджерлері практикада қолдануға болады және мәдени мекеме қызметкерлерімен өзара тығыз қарым-қатынас жасайды.

Мәдени мекемелерде мектептің оқу кестесімен сәйкес келетін іс-шаралар кестесі болуы керек. Бұл сабақта уақытты тиімді ұйымдастырудың кепілі.

*Мәдени нысан ерекшеліктеріне қарай өткізілетін сабақ түрлері.*

Мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтары дәстүрлі емес сабақ түрлеріне жатады.

Сабақ – оқушылардың топқа ұйымдасқан, класс (сынып) деп аталатын тұрақты құрамымен, мұғалім басшылығымен жүргізілетін оқу жұмысы. Сабақта оқыту мен тәрбие мақсаттары мен міндеттері жүзеге асырылады, оқушылардың ой-өрісі кеңиді, қабілеті дамиды, көзқарасы адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Өлкетану сабақтары - мектеп оқушыларын туған ауылында өмір сүріп, еңбек етуге дайын болуға, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жаңғыруға атсалысуда әлеуметтік бейімдеу проблемаларын шешуге ықпал етеді. Бұл біздің заманымыздың өзекті әлеуметтік-педагогикалық міндеттерінің бірі[35].

Өлкетану сабақтары мәдени жерлерде де өтеді. Мәдени нысанның ерекшелігіне, мақсатына, мазмұнына қарай бірнеше пәндер ортақ тақырыпта біріктіріледі. Бұл пәндер: *тіл мен әдебиет, тарих, география, музыка, биология, химия, көркем еңбек т.б.* Өлкетану сабақтарында кіріктірілген сабақ әдістері кеңінен қолданылады.

Өлкетану сабақтары әдістемелік жағынан алуан түрлі болып келеді. Мұғалім оқыту процесінде сабақтың тақырыбына, мақсатына және жеке педагогикалық шеберлігіне қарай кіріктірілген сабақ әдістерін қолдана отырып төмендегідей сабақ түрлерін таңдайды. Біз оның кейбіріне тоқталып өтеміз:

1. Ойын сабақ.
2. «Жанды» сабақ.
3. Әдеби-сайыс сабақ.
4. Шығармашылық сабақ т.б.
5. Саяхат сабақ.
6. Аралас сабақ.

Өлкетану сабақтарын *квест-ойын* түрінде өткізуге болады. Ойынды мәдени мекемелері көп ірі қалаларда өткізген қызықты, әрі күрделі болмақ. Іздеу сипатындағы мұндай танымдық ойын өлкені тануға зор мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім мәдени нысандарды іздеуге, олардың ерекшеліктерін байқауға негізделген тапсырмалар картасын жасайды. Тапсырмалар конвертке салынып құпия сақталады. Жарысқа түсуші сыныптар конвертте сақталған тапсырмаларды орындайды. Тапсырмада мәдени мекеменің ерекшелігін көрсететін суретімен бірге, ол туралы қызықты мәлімет конвертке салынып беріледі. Мысалы, Астана-1 теміржол вокзалының ескі ғимаратының фотосуреті. Қосымша мәлімет «Бұл жерден 1941 жылы 310-дивизия Ұлы Отан соғысына аттанған».

Оқушылар осы мәліметтер бойынша нысанды табу керек. Тұтастай алғанда, ойын оқушыны нысанды толық таныстыруды және оған бере алатын ақпараттың ең көп мөлшерін қамтиды. Мұғалім сұрақтарды тақырыптық қарым-қатынастармен салыстыруға мүмкіндік береді. Олар тым қарапайым болмауы керек. Іздестіруге жұмсалған уақыт шамамен қырық минуттан аспауы керек. Ойын уақыты – шамамен бір күн.

Бұл ойында сынып оқушылары мынадай тақырыптарға жауап алады.

5-сыныпта:

- 1) «Туған өлкенің аңыз-ертегілері»;
- 2) «Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер».

6-сыныпта:

- «Өлкені сипаттау өнері»;  
«Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)».

7-сыныпта:

- «Туристік маршруттар»;  
«Менің өлкемнің визит карточкасы»;  
«Туған өлке публицистика беттерінде».

Сіздердің назарларыңызға Астана қаласындағы тарих және мәдениет ескерткіштері туралы мәлімет беріп отырмыз (3-кесте).

3-кесте – Астана қаласындағы тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі.

Р/с №	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері
Республикалық маңызы бар			
1	Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық-драма театрының қойылымдық цехының ғимараты (бұрынғы мұсылман мектебі) XIX ғ.	қала құрылысы және сәулет	Отырар к-сі, 31
2	Конгресс-холл (бұрынғы Тың игерушілер сарайы) 1963 ж.	қала құрылысы және сәулет	Бейбітшілік к-сі, 1
Жергілікті маңызы бар			
1	Көпес И.С. Силиннің үйі (Қызыл гвардияның 2-ротасы, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының медицина орталығы, Қазақстан Республикасының астанасын көшіру жөніндегі комиссия штабы, Беларусь Республикасының Елшілігі) XIX-XX ғ.басы, 1918 ж., 1997-98 жж.	қала құрылысы және сәулет	Кенесары к-сі, 35
2	Ерекше міндет бөлім отрядтары құрылған үй (Қазақстан Компартиясының облыстық комитеті, 1-ші қалалық аурухана, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қалалық сот және Соттар әкімшілігі) 1914 ж., 1921 ж.	қала құрылысы және сәулет	Ж. Омаров к-сі, 57
3	Теміржолшылар сарайы (К. Бәйсейітова атындағы опера және балет театрының ғимараты) 1954 ж.	қала құрылысы және сәулет	Ақжайық к-сі, 10
4	1954 жылы алғашқы тың игерушілер келген вокзал және вокзал алаңы 05.03.1954 ж.	қала құрылысы және сәулет	310-дивизия атындағы вокзал маңындағы алаң
5	Константин және Елена шіркеуі 1854-1900 жж.	қала құрылысы және сәулет	Республика д-лы, 12
6	Қалалық басқарма ғимараты (М. Горький атындағы	қала құрылысы	Желтоқсан к-

	Орыс драма театрының әкімшілік ғимараты) ХІХ ғ. соңы	және сәулет	сі, 17
7	Гимназия (қазір М. Горький атындағы Орыс драма театрының ғимараты) ХІХ ғ. соңы	қала құрылысы және сәулет	Т. Бигелдинов к-сі, 72
8	Көпес Д.В. Егоровтың үйі (Әскери комиссариат, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ғимараты) ХІХ-ХХ ғ. басы	қала құрылысы және сәулет	М. Әуезов к-сі, 5а
9	Көпес үйі («Зорька» балалар бақшасы, С. Сейфуллин мұражайы) 1846 ж.	қала құрылысы және сәулет	М. Әуезов к-сі, 20
10	Дәрігер Ф.И. Благовещенскийдің үйі (Орталық облыстық бухгалтерлік мектеп, С. Сейфуллин мұражайының әкімшілік ғимараты), ХХ ғ. басы	қала құрылысы және сәулет	М. Әуезов к-сі, 20а
11	Жасыл мешіттің дуалы 1895 ж.	қала құрылысы және сәулет	Абай даңғылы, 83
12	Көпес С.А. Кубриннің ауруханасы (онкодиспансер, «Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі республикалық орталығы» АҚ) 1880 ж.	қала құрылысы және сәулет	Ә. Жангелдин к-сі, 40
13	Көпес В.М. Кубриннің үйі және жапсаржайы (Жұмысшы-шаруалар клубы және кітапхана, уездік атқару комитеті, революциялық «үштік» штабы, алғашқы «Советтер үйі», қалалық, уездік және аудандық милиция, білім басқармасы мекемелері, Пионерлер үйі, облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Украина Елшілігінің ғимараты) 1910-1912 жж., 1920-21 жж.	қала құрылысы және сәулет	Кенесары к-сі, 41
14	Көпес М.К. Кубриннің сауда үйі (Орталық қалалық кітапхана, Орталық баспа, уездік экономикалық бөлім, маталар дүкені, азық-түлік және кітап дүкені, «Радуга» дүкені, қазір - «Астана» сауда үйі) 1905-1907 жж.	қала құрылысы және сәулет	Кенесары к-сі, 37
15	П.Г. Моисеевтің үйі (гимназия, уездік кеңес, уездік комитеті, 3-қалалық аурухана) 1914-17 жж. 1918 ж., 1921ж.	қала құрылысы және сәулет	Ә. Бөкейхан к-сі, 40
16	«Октябрь» кинотеатрының ғимараты («Ақ сұңқар» мейрамхана-қонақ үй кешені) ХХ ғ. басы.	қала құрылысы және сәулет	Абай даңғылы, 29
17	Пионерлер үйі (Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының мемлекеттік резиденциялар дирекциясы) РМК, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Алатау» қонақ үйі АҚ) ХХ ғ. 60 жж.	қала құрылысы және сәулет	Бейбітшілік к-сі, 6
18	«Есіл» қонақ үйінің ғимараты («Гранд парк Есіл» қонақ үйі) 1958-60 жж.	қала құрылысы және сәулет	Бейбітшілік к-сі, 8
19	Астана қаласы әкімдігінің ғимараты (Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) 1958 ж., 1999-2005 жж.	қала құрылысы және сәулет	Ж. Омаров к-сі, 60

20	Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің ғимараты (Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Астана қалалық департаменті) XX ғ. 50 жж.	қала құрылысы және сәулет	Т. Бигелдинов к-сі, 74/1
21	«Жастар» сарайы 1974 ж.	қала құрылысы және сәулет	Республика д-лы, 34
22	Мұсылман жастарына арналған Б. Қосшығұловтың мектебі («Казкоммерцбанк» ғимараты) XIX-XX ғ. басы	қала құрылысы және сәулет	Абай даңғылы, 24
23	«Астана-Бәйтерек» монументалдық құрылысы, 2002 ж.	қала құрылысы және сәулет	Есіл өзенінің сол жақ жағалауы, 1
24	Метеостанция ғимараты 1914-1916 жж.	қала құрылысы және сәулет	Жамбыл к-сі, 11

Дереккөз: Астана қаласы мәдениет басқармасы

Басқа аймақтарда мәдени нысандардың тізімі бойынша ойын сабақ өткізуге болады. Сынып жетекшісі, ұйымдастырушы-педагог, мектептің Ұланбасы ойынға жетекші ретінде қатысады. Тапсырмаларды дайындау барысында балалардың жас ерекшеліктерін ескерген дұрыс.

«Саяхат ойыны». Балалар музейдің тұрақты келушілері болып табылады. Ал, олардың музейге қызығушылығын қалай дамытамыз дегенге келсек, әрине, ол үшін жаңа инновациялық технологиялармен қатар оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін ойлап табу қажет екенін түсінеміз. Осы мақсатта Алматы қаласы музейлері жүйесі оқушыларға арнап тамаша жоба жасады. Жоба барысында балалар үшін Алматы қаласының төменде көрсетілген музейлерінде балаларға арналған жолнұсқаулық әзірленді. Жолнұсқаулық 5000 тиражбен шығарылған.

1. «Алматы қаласының тарихы» музейі
2. Н.Тілендиев мемориальдық музейі
3. Д.А. Қонаев музейі
4. Ғ. Мүсірепов әдеби-мемориальды музейі
5. Ұлттық саз аспаптары музейі
6. «Ғылым Ордасы» РММ
7. Сирек кездесетін кітаптар музейі
8. Табиғат музейі
9. Археология музейі
10. Қазақстан ғылымы музейі
11. «М.О. Әуезов музей-үйі» әдеби-мәдени орталығы


«Алақай! Алақай! Музейде Балақай!» деп аталатын интерактивті жолнұсқаулық қаланың мәдени әлеуеті мен мүмкіндігін ескере отырып дайындалған. Жобаның жалпы сипаты: «БАЛАҚАЙ» - басты кейіпкер, Ол «Балапан елі» бойынша музейлерге саяхатқа алып шығатын жолсерік болады. «Саяхат ойыны» кезінде 8-13 жас аралығындағы балалар музей кеңістігіне жолнұсқаулықтар көмегімен саяхат жасайды, тапсырмаларды орындау арқылы экспонаттарды дербес тани білетін болады. Әрбір жолнұсқаулықта тақырыптық сілтемелер болады. Төмендегі суреттерде «Алматы қаласының тарихы музейінің жолнұсқаулығы» берілген.











Дереккөз: Алматы қаласының тарихы музей-үйі

2-сурет. Алматы қаласының тарихы музейінің жолнұсқаулығы.

Музей – қандайда бір жас мөлшеріндегі балалар болсын ой-өрісін, ойлау, көру, есте сақтау танымын, қызығушылық өрісін кеңейтеді. Мұғалім тақырыпты ашуға тиімді музейді өзі таңдайды. Егер де елді-мекенде музей болмаған жағдайда жергілікті халықтың көмегімен өлкетану бұрышын ашуға болады. Мұндай өлкетану бұрыштарды ауыл кітапханасында, мәдениет үйінде, клубта ұйымдастыра аламыз.

Өлкетану бұрышына жәдігерлер жинау жұмысына ата-аналар да тартуға болады. Егер отбасы мүшелері отбасылық жәдігерлердің тарихына қызығушылық танытып, қадірлеп сақтай білсе, жас буынның рухани-адамгершілік дамуында отбасылық жәдігерлер мен құндылықтар ұрпақтар сабақтастығы мен мәдениетін және отбасылық қарым-қатынас дәстүрлерін сақтап қалуында зор үлес атқарады.

Отбасылық жәдігер дегеніміз – екі немесе одан да көп ұрпақта қолданыста болған нәрсе. Яғни, кез келген отбасы өмірінің куәгері, жақындары мен туыстарынан қалған естелік. Әр отбасыда ұрпақтан ұрпаққа қалдырылған жәдігер бар екені де мәлім. Кейбір отбасылар ескі фотосуреттер, зергерлік бұйымдар, көне ыдыстар, кітаптар және т.б хаттарды жәдігерге жатқызады. Солармен қатар, естелік үшін жазылған күнделіктер немесе мемуарлар, кейде отбасыларға байланысты қызықты оқиғаларда жатады.

Осындай отбасылық жәдігерлерді жинап, мәдени мекемеде «Менің туған ауылымның тарихы» атты бұрыш ашу үшін кезең-кезеңмен кешенді жұмыс атқаруды қажет етеді.

1. Тақырып бойынша мектепшілік сауалнама жүргізу;

- Еске түсіріңіз, сіздің отбасыңызда киелі, қасиетті, ешкімде жоқ, ешкімдікіне ұқсамайтын зат бар шығар?
- Отбасыларында қандай құндылықтар, естеліктер бар?
- Ол отбасыда неліктен құнды жәдігер саналады?
- Отбасылық жәдігерді мектеп музейіне тапсыруға дайынсың ба?

2. Тапсырмалар беру.

- Отбасылық жәдігер туралы мәліметтер дайындап әкелу.
- «Отбасылық жәдігерлер альбомын» жасау.
- Жәдігерге этикет және аннотация жасау.

3. Жинақталған жәдігерлерді, деректерді жүйелеу өлкетану бұрышын жасау.

– Барлық табылған заттар туралы мәліметтерді жинақтап, отбасылық жәдігерлер альбомын құрастыру.

Мұғалім тәрбие немесе сынып сағаттарында отбасылық жәдігерлер көмегімен өлкетану сабақтарын жүргізе алады. Жәдігерлердің тарихын баяндау үшін ата-аналарды да сабаққа құрметті қонақ ретінде шақыруға болады. Осылайша өлкенің халықтарына, тарихи тұлғаларына, тұрмыс тіршілігіне, әлеуметтік-мәдени өміріне шолу жасай алады.

Музейлердің түрі көп. Музейдің мәдени-білім беру формасы-экскурсия. Музейдегі өлкетану сабақтары «жанды» сабақ деп аталады. Сабақтың басты мақсаты – музей жәдігерлерін пайдаланып оқушылардың қызғушылығын ояту арқылы терең білім беруді көздейді. Тәжірибе «жанды» сабақты музейде өткізудің тиімділігі зор екенін көрсетті. Өлкетану сабақтарын музейде мынадай тақырыптар бойынша ұйымдастыру болады.

5-сынып:

- «Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану мұражайына бару)»;
- «Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен палуандар»;
- «Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер».

6-сынып:

- «Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері»;
- «Туған жердің таланттары»;
- «Туған өлке публицистика беттерінде».

7-сынып:

- «Туған өлкенің жылнамасы»;
- «Туған өлке тарихының тірі куәгерлері»;
- «Менің мектебімнің тарихы».

Алайда, жақсы музей мұғалімі болмаса, музейге баратын мұғалімдердің, ата-аналардың және мемлекеттің күтілетін нәтижесі болмайды. Сондықтан, музейдегі «жанды» сабақтарды дайындау технологиясын тәжірибелі мұғалімдер, практиктер, білім беру әдіскерлері, музей мамандары әзірлейді. Музейдегі сабақтың құрылысын әр түрлі болады. Соның бірін назарларыңызға ұсынамыз.

I. Кіріспе.

II. Жеке тапсырмалар.

III. Топқа арналған тапсырмалар.

IV. Қорытынды бөлім

Кіріспе бөлімі:

- Сабақтың мақсаттары мен міндеттерін белгілеу.

- Топтау.

- Жұмыс парақтарын алу.

Топта тапсырмаларды орындау:

- Сыныпты 4-6 топқа бөлуге болады.

- Әр топта көшбасшы бар.

- Топтардың әрқайсысы бірегей тапсырмаға ие немесе барлық тапсырма топтары бәсекелестіктің бірдей мүмкіндігіне ие.

Жеке тапсырмаларды орындау:

- Топ ішінде әр қатысушы немесе жұптың өз жұмыс парағы бар

- Тапсырмалар саны: 1 - 4

- Қорытынды уақыт 5 - 20 мин.

Сабақтың дидактикалық мазмұны:

- Дайын жұмыстарды және нұсқаулық парақтарын пайдалану;

- Тапсырмаларды электронды түрде қолдану;

- Мобильді қолданбалар мен құрылғылар пайдалану;

- Музей алаңдарымен жұмыс (интерактивті экспозициялар);

- QR-кодтарында шифрланған қосымша ақпаратты пайдалану;

- Сымсыз желілерді пайдалану.

Сабақтың қорытынды бөлімі:

- Ұзақтығы: 5 - 10 минут.

- Не білдім немесе не білгім келеді?

- Топтық тапсырмаларды ауыстыру.

- Қорытындылау.

- Рефлексия.

Мұғалімдер музейдегі сабақты әр пән бойынша алдын ала орта мерзімді жоспарда сәйкес келетіндей етіп жоспарлайды. Сабақ жоспарын пән мұғалімі қалауынша өзгерте алады. Бұл мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты екені белгілі. Төменде 7-сынып бойынша пәндік тақырыптарды кіріктіріп оқытудың бірнеше үлгісі беріліп отыр.

Сабақтың жалпы тақырыбы: «Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен палуандар»;

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 1-тоқсанда оқытылатын тақырып: «Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы».

«Қазақстан тарихы» пәнінен 1-тоқсандағы сабақ тақырыбы: «Қазақ-жоңғар соғыстары».

Сабақ мақсаты: жоңғар шапқыншылығының қазақ шаруашылығына тигізген әсерінің салдарын анықтау, автор суреттеген оқиғаларды, портреттік

мінездемені Мұражайдағы қорлармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру.

Сабақтың жалпы тақырыбы: «Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер».

Сабақ мақсаты: көне ескерткіштердің тарихи және көркемдік құндылығына баға беру, көне түркі жазуының маңызын түсіндіру.

1. «Қазақстан тарихы». Тақырыбы: VI-IX ғасырлардағы Қазақстан халықтарының отырықшы және көшпелі мәдениеті.

2. «Қазақ әдебиеті». Тақырыбы: «Көне күндерден жеткен жәдігерлер».

Музейдің ғылыми-ағарту жұмысының негізгі формасы – экскурсия. Мектеп оқушыларының музейлерге жиі экскурсия жасайтыны белгілі. Бүгінде музей мен мектеп ынтымақтасып табысты жұмыс жүргізуде. Бүгінде әрбір музей қызметкері пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарда көрсетілген өлкетану сабақтарының мазмұнын ашып көрсететін бірнеше оқу дәрістерін әзірлейді және оны өткізеді. Үлгі үшін «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің мектептермен бірігіп өткізетін «Өлке мақтанышы» жобасын ұсынамыз (1-қосымша).

Тақырыпқа сәйкес өлкетанулық сабақты мемориалдық музейлерде ұйымдастыруға болады. Мемориалдық музейлер деп – белгілі тұлғалардың өмірі мен қызметіне арналған музейлерді айтамыз. Көрнекті әдеби, саяси, тарихи және т.б тұлғалар атында музейлер әрбір аймақта бар. Оқулықта осындай тұлғалар туралы тақырыпты өткенде мемориалдық музейге апарудың тиімділігі зор. Себебі музейде кейіпкердің өмірі мен шығармасы хронологиялық кесте түрінде жүйелі беріледі. Шығармасы бойынша экспонаттардан «музей қоржыны» әзірленеді. Бұл тақырыпты терең түсінуге, терең білім алуға ықпалы зор болады. Алматы қаласындағы мемориалдық музейлерге «саяхат ойын» жолнұсқаулық дайындалған (2-қосымша). Әдістемелік жағынан алғанда музейде қорытынды, пысықтау, қайталау, шолу сабақтар түрлерін өткізген тиімді. Төменде Ы.Алтынсарин атындағы мемориалдық музейіне әзірленген «Ы.Алтынсарин балалар әдебиетінің негізін салушы» тақырыбындағы сабақ үлгісін ұсынып отырмыз.

Музейде Ұлы ағартушының өмірі мен қызметі 4 экспозицияға бөліп берілген.

I Өмірнама

1. Өмірнама жазбалары.
2. Өрен-жарандары.
3. Балалық шағы.

II Ағартушылық және педагогикалық қызметі

1. Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарасы.
2. Ы.Алтынсарин – қазақ мектептерінің негізін салушы.
3. Ы.Алтынсарин – оқулықтардың, оқу құралдарының авторы.
4. Ы.Алтынсарин шәкірттері мен ізбасарлары.

III Ы.Алтынсаринді мәңгілік есте қалдыру

1. Ы.Алтынсарин атымен аталатын оқу орындары (жоғары оқу орындары, колледждер, мектептер)
2. Ы.Алтынсаринге арналған музейлер мен мүйістер.

#### IV Әдебиеттер

1. Өмірі мен еңбегі туралы әдебиеттер.
2. Газет, журнал, мақалалар.
3. Диссертациялар.

Ұлы ағартушы туралы бірнеше сабақты мектепте түсіндірген соң, мұғалімнің қорытынды, нәтиже, қайталау сабақты музейде өткізгені тиімді. Оқушылар мұғалімнің көмегімен музей экспозицияларымен таныса отырып, алдыңғы сабақта меңгерген білімдерін бекітеді, пысықтайды, қорытындылайды.

Мәселен, мұғалім сабақ барысында Ы.Алтынсарин өлеңдерін пайдалану арқылы оқу-білімнің тек ізденіспен табылатынын дәлелдейді. Ол үшін ыждаһат, сабырлылық қажет екенін ескертеді. Сондай сарыла ізденудің арқасында қол жеткізген оқудың озбас, тозбас өнерге айналатынын айтады. Ал бұған қарсы тұратын надандықты ақын:

... Ақ-қараны танымас  
Жөн білмеген наданға

Қыдыр ата дарымас –деп бейнелейді. Осы жерде кідіріс жасап Қыдыр ата туралы айтып өтуге болады. Содан ары балаға ата-ананың арманын жеткізіп:

... Ата-енең қартайса,  
Тіреу болар бұл оқу - деп, перзенттік борышын ұқтыра сөйлейді.

Ы. Алтынсарин жастарға тек парасатты тәлім-тәрбие ғана емес еңбек, білім, өнерді игеруге, оны игерген халық туралы:

.... Өнер-білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды - деп сол замандағы технологиялық төңкеріс жетістігін тізбектей келе оның бәрі де оқу-білімнің арқасында болатынын түсіндіреді. Оның табиғат лирикалары оқушыларға туған өлкесінің табиғатын аялауға, Отанына деген сүйіспеншілігінің артуына әсер етпей қоймайды. Мысалы:

Таулардан өзен ағар сарқыраған.  
Айнадай сәуле беріп жарқыраған  
Жел соқса, ыстық түссе бір қалыпта  
Аралап таумен тасты арқыраған.

Осындай өлеңдерге талдау жасау арқылы атаулы экспонаттардың мәнін ашып көрсетіп, мәдени-білім бере аламыз.

Мұғалім сабаққа дайындық барысында оқушылармен бірге автор шығармаларынан көріністер әзірлейді. Мәнерлеп жатқа оқуға машықтанады. Оқушылар сабақ үстінде сұрақ-жауап, баяндау, хронологиялық кесте, семантикалық карта, венн диаграммасы тағы басқа тиімді әдіс-тәсілдермен білімін бекітеді. «Таза бұлақ», «Асыл шөп», «Жаман жолдас», «Әдеп», «Бақша ағаштары», «Шеше мен бала» әңгімелерінің желісі бойынша шағын көріністер сахналайды.

Үй тапсырмасына тұлға туралы эссе жазып келуді тапсыру оқушының өз әсерімен бөлісіп, еркін шығармашылық қабілетін аша түсуге көмектеседі.

Музейдегі сабақтан соң мұғалімдер мектеп журналына өз пәні бойынша тиісті тақырыпты жазады. Параллель сыныптарда ұқсас тақырыптар болмаса, 5 пен 6, 6 мен 7-сыныптардың ұқсас тақырыптарын кіріктіріп алуға болады.

Орта білім беру процесінде қолдану үшін *Тарихи-мәдени қорық-музейлер* мектепті ең жақын қолайлы. Сондықтан өлкетану жұмысын мектепке жақын орналасқан мәдени мекемелерден бастаған дұрыс. Ал мектептен қашықтағы аудан немесе облыс аумағымен танысу, туған өлкемен танысудың бірізді жалғасы болуы керек. Елбасымыздың «... Патриотизм туған үй мен туып-өскен өңірден басталады. Біз кіші Отанымыз арқылы бүкіл Қазақстанды сүйеміз» дегені осыны аңғартады.

Музейлердің ішінде қорық-музейлердің алар орны ерекше. Қорық-музейлерге өлкетану сабағы туризм және экскурсия түрінде ұйымдастырылады.

Экскурсия дегеніміз – табиғат, өнеркәсіп нысандарына, жергілікті жердің назар аударарлық жерлеріне ұжыммен ұйымдасқан саяхат жасау.

«Экскурсия» (excursio) латын тілінен аударғанда «серуендеу» деген мағынаны білдіреді. Экскурсия дегеніміз – табиғат, өнеркәсіп нысандарына, жергілікті жердің назар аударарлық жерлеріне ұжыммен ұйымдасқан саяхат жасау. Мақсаты туған өлке туралы қосымша деректер, материалдар жинақтау арқылы өлкені тереңірек оқу, зерттеу. Бағдарлама бойынша жоспарлы жүргізілген экскурсиялар оқылған материалды тәжірибемен бекіту мақсатын көздейді, ал бағдарламадан тысқары экскурсиялар зерттеушілік сипатқа ие болады. Экскурсияның бірнеше түрлері бар. Олар: тарихи, кәсіптік, табиғи, архитектуралық, әдеби және т.б. Экскурсиялар тақырыптық және кешенді болып бөлінеді, нысанның орналасқан жеріне байланысты жақын және қашық болуы мүмкін. Экскурсия нысаны болып бір оқиғамен байланысты ғимараттар, түрлі құрылыстар, археологиялық ескерткіштер, өнер туындылары саналады. Экскурсия кезінде нысанды көрсету басты орын алады. Нысандарды келесі топтарға бөлуге болады:

1. Өлке өмірінде болған тарихи оқиғалармен, қоғаммен, мемлекеттің дамуымен байланысты орындар.

2. Ғимараттар мен құрылыстар, мемориалды ескерткіштер, белгілі адамдардың өмірі мен қызметіне байланысты орындар: архитектуралық ансамбльдер, қоғамдық-инженерлік құрылыстар, мәдени саланың ғимараттары және т.б.

3. Табиғи нысандар: ормандар, саябақтар, өзендер, көлдер, қорықтар мен қорықшалар.

4. Мемлекеттік және халық мұражайларының сурет экспозициясы, тұрақты және уақытша көрмелер.

5. Археология ескерткіштері: ежелгі тұрақтар, қоныстар, қорғандар, киелі орындар.

6. Өнер ескерткіштері: бейнелеу, қолөнерінің туындылары.

Жұмыстың бұл түрлері жергілікті материалдарды меңгеру үшін ұсынылады.

Тарихи-мәдени қорық-музейлерде мынадай тақырыптардың мазмұнын ашатын өлкетану сабақтарын өткізуге болады.

5-сынып;

«Туған өлкенің аңыз-ертегілері»;

«Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер»;

«Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен палуандар»;

«Жәдігерлер сыр шертеді (өлкетану мұражайына бару)»;

6-сынып;

«Туған өлке тарихының тірі куәгерлері»;

«Туған жердің таланттары».

«Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері»;

7-сынып;

«Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы;

«Жомарт жүрек»;

«Туған өлкенің жылнамасы».

Қорық-музейлерге саяхатты ұйымдастыруға арнайы мамандар шақырылады. Себебі, осы бағыт бойынша білікті мамандар негізгі заңдарға сүйеніп барлық ережелерді сақтай отырып өткізеді. Олар өлкетанулық жұмыстарды тиімді жүргізу үшін қажетті ұйымдармен бірлестікте болады. Бұл мамандар саяхат барысында логистика, тамақтану, қауіпсіздік, медициналық көмек, құтқару, ақпараттандыру жұмыстарына жауапты болады.

Мысалға, Түркістан облысы оқушылары әзірлеген «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейіне саяхат сабағын ұйымдастырудың үлгі құжаттарына тоқталсақ. Алдымен, педагогикалық кеңестің кезекті отырысында оқушыларды экскурсияға жіберу туралы шешім қабылданып, хаттама толтырылады. Осының негізінде басшының бұйрығы жарияланады. Экскурсияға жіберу туралы бұйрық үлгісі:

1. 2018 жылғы 25-27 маусым күндері мектеп оқушылары «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейіне оқу-танымдық экскурсиясына жіберілсін.

2. Жолда және экскурсия кезінде оқушылардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы топ жетекшілері туристік-спорттық бөлімнің қосымша білім беру педагогы мен экскурсия бөлімінің қосымша білім беру педагогтарына жүктелсін.

3. Жолда және экскурсия кезінде үйірмешілердің денсаулығын қадағалау мекеме медбикесіне міндеттелсін.

4. Оқушылар мен топ жетекшілерін тасымалдау (автокөліктің мемлекеттік нөмірі) автокөлігінің жүргізушісіне жүктелсін.

5. Жоғарыда аталған қызметкерлердің жұмыс орнындағы жалақылары сақталып, іссапар шығыны жұмыс орнынан төленсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

Мектеп директорының қолы.

Бұл бұйрыққа қосымша:

- экскурсияға баратын балалардың тізімі бекітіледі.
- экскурсиялық маршруттың желісі бекітіледі.

Экскурсия ұйымдастырылатын аудандағы туристік маршрут басталатын, аяқталатын нүктелері, демалатын, қонатын және жол бойында бағдарлайтын нысандар көрсетілген сызбаны *маршруттың желісі* дейміз (5 -кесте).

5-кесте – Маршрут желісі

Күні	Маршруттың бағыты, бір күнде өткен жолдың бөлігі, жолдағы нысандар	Өлкетану және қоғамдық пайдалы жұмыстар (жүргізілген зерттеулер, материал жинау)	Топтың жүрген жолы туралы мектепті хабардар ету	Түнеу орны

Туристік маршрутты құруға жорықтың мақсаты (сауықтыру демалысы, танымдық) негіз болады. Ірі және орта масштабты топографиялық карталардан оның ұзындығы мен ұзақтығын, қонатын, тынығатын орындарды анықтайды. Дайын маршрут артық күшті, қаржыны жұмсамай, мақсатқа жетуге мүмкіндік береді.

6-кесте – «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейіне саяхат сабағына экскурсиялық маршруттың желісі.

Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1-күн		
Мектепте жиналу, тіркелу	08.00 - 09.00	
Тараз қаласына келу.	12.00	
Тараз қонақ үйіне орналасу.	12.00-13.00	
Түскі ас	13.00 – 14.00	
Тараз қаласының көрікті жерлерін тамашалау.	14.30 – 17.00	
Облыстық тарихи-өлкетану музейімен танысу.	17.00 – 18.00	
Кешкі ас	19.00 – 19.30	
Демалыс уақыты: 1. Тұңғыш президент саябағында серуендеу. 2. Экскурсия күнделігі 3. Экскурсияның маршруттық картасы бойынша ертеңгі күнді жоспарлау.	20.00 – 22.00	
Ұйқыға жату	22.00	
2-күн		
Таңғы ұйқыдан ояну	07.30	
Жуыну	07.30 – 08.00	
Таңғы ас	08.00 - 08.30	
Көне Тараз қаласының орнымен (Шахристан) танысу,	09.00 – 09.30	
Көне Тараз қаласының орнындағы Цитадельмен танысу,	10.00 – 11.00	
Көне Тараз қаласының орнындағы музейімен танысу	11.00 - 12.00	
Көне Тараз әлеміндегі мұнараға шығып қаланы биіктен тамашалау,	12.00 - 12.30	



Түскі ас	13.00 – 14.00	
Қазақ хандығына 550 жылдығына арналған аллеяда серуендеу.	14.00 – 14.30	
Айша бибі, Бабаджа хатун кесенелерінде зиярат жасау	15.00 – 15.30	
Шымкент қаласына жолға шығу.	16.00	
Мектепте ата-аналардың күтіп алуы және шығарып салуы	18.00	

Дереккөз: Түркістан облысы білім басқармасының облыстық жас туристер станциясы

Кері байланыста оқушылар алған әсерлерін жазбаша бөлісіп, өлкенің флора-фаунасына арналған бейнебаяндар, албомдар дайындады.

Фотосуретке және кинофильмге түсіру – өлкетану зерттеу жұмыстарын жүргізудегі маңызды құралдардың бірі болып табылады.

Туған өлке туралы ақпараттың тағы бір көзі, ол – жергілікті тұрғындардың отбасылық альбомдарындағы фотосуреттер, бұлардың бәрі оқушыға туған өлке туралы ақпарат алуға мүмкіндік тудырады.

Егерде қорық-музей мектептен қашық болмаса, музей педагогтарымен бірлесіп пән бойынша бағдарламалық сабақтар өткізе аламыз (қосымша-3).

Сабақтар жәдігер орналасуына қарай музейдің бірнеше залында өткізіледі.

Тарихи қорық-музейлердегі өлкетану сабақ кезеңдерінің әдіс-тәсілдері: Ұйымдастыру кезеңі: топқа бөлу, жәдігерлерді тақырыпқа сай бұрышқа орналастыру, деректі фильмдер көрсетуге дайындау т.б.

Бекіту кезеңі: түсіндіру, әңгімелеу, музейдің архив құжаттарына талдау жасау, сұрақ-жауаптар, петроглифтермен интерактивті ойындар өткізу және т.б.

Қорытындылау кезеңі: кластер, семантикалық карта, хронологиялық кесте, ресбустар мен сконвордтар, тест тапсырмалары сияқты белсенді парақшаларды толтыру т.б.

Үйге тапсырма: эссе жазу, сурет салу, петроглифтердегі сюжеттер бойынша әңгіме, ертегілер құрастыру т.б. беріледі.

Қорытынды сабақта оқушыларды топқа бөліп, музейден алған білімдерін нәтижесін тексеру үшін сұрақ-жауап әдісімен жарыссабақ түрінде өткізуге болады. Музей әкімшілігі белсенді оқушыларды марапаттайды.

#### *Табиғи музей-қорықтарда*

Елімізде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар. Олар 2 түрге бөлінеді.

Мемлекеттік табиғи қорықтар — табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ, оның қызметінің мақсаты өзінің аумағындағы табиғи процестер мен құбылыстардың табиғи барысын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін, өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері мен қауымдастықтарын, әдеттегі және бірегей экологиялық жүйелерді сақтау мен зерделеу және оларды қалпына келтіру болып табылады. Қазақстанда қазіргі уақытта 10 қорық ұйымдастырылған. Қазақстандағы қорықтардың барлық ауданы 1 610 973 га.

#### 7-кесте. Мемлекеттік табиғи қорықтар





#	Сурет	Атауы	Құрылған жылы	Көлемі, га	Орналасқан жері
1		<u>Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1926	131 934	Түркістан және <u>Жамбыл облысы</u>
2		<u>Алматы мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1931	71 700	<u>Алматы облысы</u>
3		<u>Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1931	191 381	<u>Қостанай облысы</u>
4	[[Сурет: 150px]]	<u>Барсақелмес мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1939	160 826	<u>Қызылорда облысы</u>
5		<u>Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1968	543 171	<u>Ақмола облысы</u> және <u>Қарағанды облысы</u>
6		<u>Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1976	102 979	<u>Шығыс Қазақстан облысы</u>
7	[[Сурет: 150px]]	<u>Үстірт мемлекеттік</u>	1984	223 342	<u>Маңғыстау облысы</u>

		<u>табиғи қорығы</u>			
8	[[Сурет: 150px]]	<u>Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1992	86 122	<u>Шығыс Қазақстан облысы</u>
9	[[Сурет: 150px]]	<u>Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы</u>	1998	65 217,9	<u>Алматы облысы және Шығыс Қазақстан облысы</u>
10	[[Сурет: 150px]]	<u>Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы</u>	2004	34 300	<u>Түркістан облысы</u>

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер — ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының бірегей табиғи кешендері мен объектілерінің биологиялық және ландшафтық саналуандығын сақтауға, оларды табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Қазақстанда қазіргі уақытта 10 ұлттық парк ұйымдастырылған.

8-кесте. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер

#	Сурет	Атауы	Құрылған жылы	Көлемі, га	Орналасқан жері
1		<u>Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі</u>	1985	68 453	<u>Павлодар облысы</u>
2		<u>Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі</u>	1996	199 703	<u>Алматы облысы</u>

3		<u>«Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі</u>	1996	161 153	<u>Алматы облысы</u>
4		<u>«Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі</u>	1996	182 076	<u>Ақмола облысы және Солтүстік Қазақстан облысы</u>
5		<u>Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі</u>	1998	112 120	<u>Қарағанды облысы</u>
6		<u>«Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі</u>	2000	129 935	<u>Ақмола облысы</u>
7		<u>Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі</u>	2001	643 477	<u>Шығыс Қазақстан облысы</u>
8		<u>Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі</u>	2004	127 050	<u>Алматы облысы</u>
9		<u>Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі</u>	2006	149 053	<u>Түркістан облысы</u>

10		<u>«Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі</u>	2007	161 045	<u>Алматы облысы</u>
11		<u>Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі</u>	2010	356 022	<u>Алматы облысы</u>
12		<u>«Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі</u>	2011	88 968	<u>Ақмола облысы және Қарағанды облысы</u>

Ерекше қорғалатын табиғи аумақ – ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен нысандары бар жер, су нысандары және олардың үстіндегі әуе кеңістігінің бөліктері.

Ерекше қорғалатын аумақ – кеңістігінде бағалы табиғи немесе қолдан жасалған (бағалы экожүйе, гейзерлер, бау-саябақ ескерткіштері, инженерлік құрылыстар, т.б.) немесе қоршаған ортаға қолайлы әсер ететін кеңістіктер (орман жолағы, көгерген аймақтар), аумақтар, акваториялар. Мұндай аумақтар тек заңмен ғана емес, арнайы бақылауда болып, адамдармен қорғалады.

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәдени мекемелерге жататындықтан өлкетану сабақтарын кестелерде берілген қорықтар мен табиғи саябақтарда өткізуге болады. Мұндай сабақ экскурсия, туристік саяхат, экспедиция, жорық сабақ түрінде өтеді.

5-сыныптағы базалық мазмұн:

«Туған өлкенің аңыз-ертегілері»;

«Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер».

6-сыныптағы базалық мазмұны:

«Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (өлке тарихы атауларында)».

«Өлкені сипаттау өнері».

7-сыныптағы базалық мазмұны:

«Туристік маршруттар»;

«Туған өлкенің флорасы мен фаунасы»;

«Менің өлкемнің визит карточкасы: өлкетанудың деректер базасын әзірлеу».

Экскурсияға баратын топтарда 10 оқушыдан 40 оқушыға дейін болуы мүмкін. Мектеп директорының бұйрығымен топтарға жауапты адамдар бекітіледі. Өлкені тану үшін табиғат аясына сумен, велосипедпен немесе жаяу саяхат жасауға болады. Саяхат жасау уақыты мен қашықтығына қарай бір күндік немесе бірнеше күндік болады. Бір күндік саяхаттар негізінен жексенбі күндері, нақты бір тақырыпта өткізіледі. Бірнеше күндік саяхаттар негізінен каникул уақытында ұйымдастырылады. Экскурсия мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Мәселенің өзі, танылуға тиісті объекті оқушыларға қызықты болады. Экскурсия нәтижелері сыныпта шығарылады.

Далада, орманда, өзен жағаларында оқушылар табиғат сұлулығын түсінуге үйреніп, өздерінің эсерлерін сурет салу, бейнебаяндар, фотоалбомдар, гербарийлер дайындау арқылы білдіреді. Музейлерге, көрме залдарына, өндіріс орындарына бару өнер шығармаларын түсінуге, үйреншікті заттар мен құбылыстардан сұлулықты табуға, адамның еңбегінің сұлулығын сезінуге үйретеді. Әрбір экскурсия тақырыппен байланысты болуы тиіс.

Мұғалім өлкетану жұмысын жандандыру мақсатында білім берудің тиімді заманауи әдістерін қолданады. Өлкетанулық жұмыстарды жүргізу тәсілдерін мұғалімнің жеке педагогикалық шеберлігіне қалдырамыз. Сондықтан, мұғалімнен әрқашан ізденісте болуы қажет. Аралас сабақ элементтерін ұсынамыз.

#### 9-кесте – Аралас сабақ үлгісі

Ұйымдастыру кезеңі	Экскурсияға дейін оқушылар мынадай практикалық дағдыларды білуі тиіс: Экскурсия кезіндегі жалпы және қауіпсіздік ережелерін білу; ✓ Топографиялық картаның шартты белгілерін білу; ✓ Маршрут бойынша жүрудің ережесін білу; ✓ Шатырды орналастыруға арналған жерді таңдау ережелерін білу;
Мақсат, міндеті	а) Халықтың пәндерге қатысты сұрақтарға жауап беру арқылы тақырыпты зерделеу. Өлкетану материалдарын жинау. ә) Туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу, төзімділікке, ұжым құрамында өзін ұстай білуге үйрету. б) Экскурсия әсемдікті түсінуге, танымға қуануға, қоғамға пайдалы болуға ұмтылуға тәрбиелеу. Әсерін заманауи технологияларды қолдана отырып қорғау. в) салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты шыңдау.
Бекіту	Кіріктіру әдістері қолданылады. Нысанның ерекшеліктеріне орай пән мұғалімдері сұрақтар дайындап, зерттеуге тапсырма береді.
Тарих пәні бойынша	«Қорық атауы қашан пайда болды?», «Бұл жердің негізін кімдер, қандай жағдайда қалады?», «Қорық өз дәуірінде қандай оқиғаларды басынан кешірді?», Олардың даму тарихы қандай болды?», «Қорыққа қатысты қандай атақты адамдар бар?»
География пәні бойынша	«Қорықта қандай таулар, өзен-көлдер бар?», «Олар қалай пайда болған?», «Олар қанша жаста?», «Қорықтағы ерекше атаулар қалай пайда болған?», «Қорықтағы өзен сулар бастауын қайдан алып, қайда құяды?»

Биология пәні бойынша	«Қорықта қандай өсімдіктер өседі?», «Тек осы қорықта ғана өсетін өсімдіктер бар ма?», «Дәрілік шөптер кездеседі ме?», «Қорықта жалпы саны қанша түрлі өсімдік бар?»
Химия пәні бойынша	«Жезді», «Теміртау», «Хромтау», «Сары өзен», «Ақсу» т.б. атаулары нені білдіреді, топырақ пен судың құрамында не бар?
Әдебиет пәні бойынша	«Қорық атаулары кімнің, ненің құрметіне қойылған?», «Топономикалық атаулар туралы қандай аңыз-әңгімелерді білесіңдер?»
Бейнелеу өнері пәні бойынша	Оқушылар мәдени-тарихи орталықтар мен музей-қорықтарға саяхат кезінде жинақтаған материалдарын альбомда безендірген кезде, жүрген жолдың планын сызған кезде бейнелеу өнері мұғалімінің көмегі қажет. Ол альбомды әдемі безендіруге қажетті пайдалы кеңестер бере алады.
Қорыту.	Экскурсия арқылы бала әртүрлі курстарда оқылып жатқан құбылыс, заңдардың байланысын көреді, оларды қолдануға үйренеді. Мысалы, жерде жұмыс істегенде өлшеу үшін геометрия заңдарын қолданып, қарапайым құралдармен жұмыс істеп, сурет салады, көргендерін жазады, картамен жұмыс істейді.
Үйге тапсырма	Өздерінің эсерлерін бейнебаян, слайд-презентация, сурет салу, гербарийлер жасау арқылы білдіру.

### *Балаларды тамақтануды ұйымдастыру.*

Туристік саяхатты табысты өткізудің маңызды мәселесі – ол туристердің дұрыс әрі қауіпсіз тамақтануы. Азық-түлікке қойылатын ең басты талаптар: жоғары калориялық, салмағының жеңілдігі, ұзақ сақталу мен суланбауға шыдамдылығы. Тамақ біріншіден адамға *энергия* береді, екіншіден *құрылыс пластикасын* орындайды. Тамақтануды ұйымдастыру оны есептеуден, сатып алудан, салудан және дұрыс бөлуден тұрады.

Жорық кезіндегі тамақ пісіру жабдықтарына ыдыс-аяқтардың негізгі түрлері, яғни тақтайшалар, қасық, пышақ, пластмасса кружка жатады.

Тамақтану критерийлері:

1. Құрамы бойынша ғылым дәлелдеген және маршрутқа, су-тұз режиміне сәйкес болуы керек.

2. Салмағын азайту: шыны ыдысқа салмау, металл ыдыстарына салынған азық-түлік мөлшерін мүмкіндігінше азайту, пластик ыдыстарды қолдану, кейбір азық-түлік түрлерін кептіру (сублимация).

3. Пісіру, дайындау уақыты ұзақ болмау керек. Сонда отын үнемделеді.

Су туристік саяхат кезінде өте маңызды орын алады. Тамақтан қарағанда судың жетіспеушілігі ағзаны тез әрі қатты әлсіретеді. Туристке күніне 3 литр су қажет болады. Күн тәртібі үш уақытты ыстық асты қарастыруы тиіс [36].

Саяхат алдында барлық азық-түліктерді жинап пакеттерге дұрыстап салу қажет. Азық-түліктер суланбауы үшін оларды судан қорғайтын орамаларға салу керек. жаяу турист үшін әдетте үлкен бір мықты су өткізбейтін астары бар рюкзак болғаны жөн. Бұндай рюкзакқа азық-түліктерді жай орамалармен салуға болады. Байдаркалармен болатын саяхаттарда азық-түліктерді жеке су өткізбейтін пакеттерге салу ұсынылады.

### *Театр және кинотеатрда*

Театр қызметі – балалар шығармашылығының ең кең тараған түрі. Олар қойылымды жан-дүниесімен қабылдайды. Театр сабақтарында қатаң мұғалімдер жоқ, олар үй тапсырмасын сұрамайды, тақтаға шақырмайды, бағалар қоймайды, бірақ шындықты табуға көмектеседі. Театр оқушыларды мектептің оқулықтың шеңберінен шығарып, таным шекарасын кеңейтеді. Сезімнің шексіз иірімдеріне бойлатады. Кейіпкердің жан-дүниесіне сезінуге көмектеседі. Сонымен қатар, автор идеясын терең түсінеді. Әрбір бала кейіпкерлерге еліктеуге тырысып, үлкен эмоциялық рахат ала алады.

Еліміздің әр қаласында әртүрлі театрлар бар. Бұл мәдени мекемелер балалардың отбасына, санасына деген сүйіспеншілікті, туған еліне, жеріне патриоттық сезімді қалыптастыратын қойылымдарды да сахналайды.

Оқушылар театр ұжымымен кездеседі, қаһарман кейіпкерлері туралы сұрайды, олардың іс-әрекеттерін әртіспен бірге талқылайды. Қойылымдағы туған жер, отан туралы диалогтар мен монологтарды қайталап тыңдайды, дауыстап оқи алады. Театр репертуарындағы әдеби және поэзиялық композициялар мен қойылымдарға мынадай тақырыптар бойынша оқушыларды апаруға болады.

5-сынып бойынша:

- 1) «Туған өлкенің аңыз-ертегілері»;
- 3) «Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен палуандар»;
- 5) «Туған өлке симфониясы».

6-сынып бойынша:

- 3) «Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)»;
- 4) «Туған өлке тарихының тірі куәгерлері»;
- 5) «Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада»;

6-сынып бойынша:

- 2) «Жомарт жүрек»;
- 3) «Туған өлкенің жылнамасы»;

Бұл үшін ағымдағы оқу жылында мұғалім театр репертуарына назар аударып отыруы керек. Қойылым оқулықтағы тақырыптың мазмұнын ашатын болса, оқушыларды апаруға алдын-ала дайындық жұмысын жүргізуі тиіс. Оқушылар алдымен, тақырыпты толық меңгеруі тиіс. Мәселен, білім алушылар Қанат Жүнісовтің «Сәкен сұңқар» атты танымдық спектаклін тамашалауға баратын болса Сәкен Сейфуллин өмірбаяны мен шығармалары туралы білімі болуы керек.

Сондай-ақ, ұлттық тарихымыздан ойып тұрып орын алатын тұлғалар туралы қойылымдар болса, күнтізбелік жоспарға сәйкес келсе театрға апаруға болады. Кері байланыста мұғалім қойылымның рухани жаңғыру, қоғамдық сананы қалыптастыру жағына басымдық беріп түсіндіріп, үйде өз ойларын жазбаша жазып келуге тапсырма бере алады. Білім алушыларды театр қойылымдарына апару арқылы мынадай жетістіктерге жете аламыз:

- театр әртістерімен кездесу өткізіп, ұлылардың рухын сезінеді, кейіпкердің ішкі толғанысын, ширыққан сезімі туралы тереңірек біле алады;
- театрландырылған қойылымдар арқылы сөздік қорларын дамыту;



- кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре мәдениетті сөйлеуге машықтанады;

- театр өнеріне деген қызығушылықтарын артыра отырып, шығарма барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету жұмыстары көзделеді.

Театрда тек қана спектакльдер ғана емес басқа да мәдени іс-шаралар өтетіні белгілі. Әдеби сазды кеш, өнер қайраткерінің мерейтойы, шығармашылық кеш т.б өлкетанулық мазмұндағы мәдени шараларға оқушыларды апаруға болады. Мұндай іс-шараларда оқушылар сахнаға өнер көрсетіп, кеш иесімен диалог құруға мүмкіндігі зор. Осылайша, өнер ордасы өлкетануға өз үлесін қоса алады.

Театрдың ішкі ережесі бар.

Бірінші ереже: кешікпей келуің керек. Киім ілгішке сырт киіміңді ше- шіп өткізесің.

Екінші ереже: өте сыпайы болу керек. Егер театрға уақытынан кешігіп келсең, орныңды іздеп, көрерменді мазаламағаның жөн. Ең дұрысы, бос орындардың біріне немесе балконға жайғасқаның орынды.

Үшінші ереже: шулауға болмайды. Театрға кіргенде ұялы телефонды сөндіріп қою қажет. Спектакль немесе концерт өтіп жатқанда сусын ішіп, тамақ жеуге болмайды. Бұл үлкен әдепсіздік болып саналады.

Төртінші ереже: әртістер мен музыканттар сахнадан кеткенше күтіп, қол шапалақтап, алғысыңды білдіргенің жөн.

#### *Кітапханада*

Өлкетану – кітапхана жұмыстарының негізгі бағыттарының бірі. Кітапхана – балалар мен жасөспірімдердің бос уақытында бір-бірімен пікір алмасып кездесетін орны, жеке қалыптасу, жетілу орны, әдістемелік және үйлестіру орталығы.

Білім кітапта болғандықтан өлкетану жұмыстарында *әдеби тәсілді* жиі қолданамыз. Әдеби тәсіл-дегеніміз оқылатын аумақ туралы әр түрлі баспа материалдарын қолданумен байланысты. Әдебиетпен танысудың маңызы өлке туралы білімді алдын-ала алуға мүмкіндік туғызатындығында және ол өлкенің даму тарихы туралы сұрақтарды шешуге көмектеседі. Сонымен қатар әдебиетті оқу өлкені зерттеуден алынған нәтижелердің қорытындысын негіздеу үшін де қажет.

Мектеп мұғалімі күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес өлкетанулық сабақтар өткізеді. Кітапханадағы сабақ төменде берілген тақырыптарды қамтуы тиіс. 5-сыныпта:

1) «Туған өлкенің аңыз-ертегілері»;

3) «Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар мен палуандар».

6-сыныпта:

«Туған өлке тарихының тірі куәгерлері»;

«Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада»;

«Өлкені сипаттау өнері»;

«Туған жердің таланттары».

7-сыныпта:

«Туған өлкенің жылнамасы»;

«Туған өлке публицистика беттерінде»;

«Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы.

Атап айтқанда, 6 сыныпта «Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада» және 7 сыныпта «Туған өлке публицистика беттерінде» тақырыптары бойынша жергілікті ақын-жазушылардың шығармаларынан көрме ұйымдастырып, әдеби-өлкетану сабағын өткізе алады. Сабақты кітапхана қызметкері мен мұғалім шығармашылық бірлікте өткізеді. Үлгі ретінде ақын Мұхтар Шахановпен кездесу сабағын алайық. Еңбекшіқазақ ауданы №1 Азат орта мектебі тәрбие ісінің меңгерушісі Бану Болатқызы Қамбарова өткізген аралас сабақ түрі:

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелеу, мәнерлеп оқу, сюжеттік көрініс.

Сабақтың көрнекілігі: М.Шахановтың шығармаларынан кітап көрмесі, бейнебаян, «Көне Отырар», «Отырардың кітапханасы» суреттері т.б.

Пәнаралық байланыс: Тарих, география, әдебиет

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Сабақтың мақсаты: Оқушыларды жерлес ақынның шығармашылығымен таныстырып, кіші буын жастарға патриоттық рух беріп, адамгершілік қасиеттерге баулу. Ақын өлеңдері арқылы халқына, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

Өткізілетін орны: кітапханың оқу залы

Көрнекілік құралдар: бейнебаян, слайдтар, кітап көрмесі, ақын туралы жазылған пікірлер.

Кеш қонағы: ақын М. Шаханов, кітапхана қызметкерлері мен мұғалімдер, оқушылар.

I. М. Шаханов туралы бейнебаян көрсетіледі.

1 жүргізуші:

Биік шың, асқақ биік, ұлт ағасы.

Еңбегі есеп жетпес, құн бағасы.

Қазақтай қалың елдің ұран ұлы ,

Бастауы, бұл ағасы тұнба басы.

2 жүргізуші:

Ақиқат аты қалсын астарында,

Таңбасы Алатаудың тастарында .

Мұхтар аты мәңгілік шарықтасын ,

Қазақтың көк байрақты аспанында!

1 жүргізуші: -Қадірлі достар! «Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада» атты әдеби - сазды кешімізге қош келдіңіздер!

2 жүргізуші: -Кездесу кешіміздің қонағы – қазақ поэзиясының алыбы, сазгер, қайраткер Мұхтар Шаханов ортамызда. Олай болса, Ақын аға, сізді сахнаға шақырамыз. Төрлетіңіз! (Ақын қошеметпен сахнаға шығады)

Ән «Отырар кітапханасы» (әнмен қатар тақырыптық слайд көрсетіледі)

Тек қарынның байлығына сенген елдің соры бар,

Көне тарих сабақтары бізге мойын бұрғандай.  
Отырарда ғаламда жоқ жазба кітап қоры бар,  
Өткен заман елестері әлі қоршап тұрғандай.

*Қайырмасы:*

Көзсіз зорлық ғасырынан,  
Надандықтың тасырынан,  
Жер астына жасырылған  
Дара тұлға бабалардың ұшқыр ойы, санасы.

Өміріміз күнде күрес, қайшылығы тіптен көп,  
Неге төмен қиратқыштан мейірбанның атағы?  
Шыңғыс ханның ізгілікке шабуылы біткен жоқ,  
Зұлымдықты мадақтау да зұлымдыққа жатады.

*Қайырмасы:*

Ұяттыны толғандырған,  
Қанаттыны заңғар қылған,  
Күллі әлемді таң қалдырған,  
Рухыңмен қолда бізді  
Отырардың ұлы кітапханасы!

Қайда барсаң жеке мүдде жеңісі үшін алқыну,  
Таптыра ма құмға сіңген зор парасат дастаны?  
Басты мақсат - Фарабилер биігіне талпыну,  
Рухы жоқ білімдіден қоғам шаршай бастады.

Слайд соңында ақын әкесінің досына жазған хатынан үзінді көрсетіледі:  
«Атадан балаға ауысып келе жатқан дәстүр бойынша ұлымды тіземе отырғызып, Отырарды қорғау жолында опат болған, ұлы бабаларымның жанқиярлық күресін әңгімеледім».

Мұғалім: -Ал, балалар бүгін ақын ағаның «Отырар» дастанын өтеміз. Экраннан құм басқан төмпешіктер, қираған қала, мидай жазық дала-бұл бүгінгі Отырардың көрінісі.

-Осы көріністі өлең етіп жырлауға не себеп болды екен?

-Мүмкін балалық шағы сонда өтті ме?

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін ақын ағамызға сөз берелік.

Ақынмен диалог жүргізу барысында экраннан «Отырар» атты кинодан үзінділер көрсетіледі. Осы арқылы туындыға автор айтуымен талдау жасалады.

Автормен диалог мынадай сұрақтар бойынша жүргізіледі.

1. «Отырарда ғаламда жоқ жазба кітап қоры бар...» деген жолдар нені білдіреді?

2. “Әр нәресте қашан есі кіргенше,

Жер қадірін,

Ел қадірін,

Ең бастысы тіл қадірін білгенше, ..

Өзін туған қасиетті өлкенің

Ауасымен дем алуға тиісті ол!..” деген автор ойы қандай?

3.«Басты мақсат - Фарабилер биігіне талпыну...» дегенді қалай түсінесің?

4. «Ізгілік», «Зұлымдық» сөздерінің мағынасына түсінік беру.

5.«Рухы жоқ білімді» деген кім?

Диалогтан соң оқушылар көмегімен шығарма сюжеті бойынша көріністер қойылады. Арасында ақынның әндерін айтып мен өлеңдерін мәнерлеп оқуға, сонымен қатар, ақынға деген арнау өлеңдерін оқуға болады. Кеш сонында кітапхана ұйымдастырған көрмедегі ақын кітаптарымен танысып қолтаңба алуға болады.

1- жүргізуші:

Өлең деген – сезім мен бір бұлқыныстың мөлдіреген бұлағы,

Ақын – батыр және адал, бәрінен сәл қырағы.

Өрелеген отты өлеңмен «өлгендерді» тірілткен,

Жарқырайды шың басынан Шахановтың шырағы!

Мұғалімнің қорытынды сөзі:

Үйге тапсырма: Балалар, «Отырар кітапханасы» тақырыбында шығарма, өлеңдер жазып, сурет салындар, топтық талдау жасаңдар. Шығарманың мазмұны бойынша пікірлеріңді «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер.

1. «Менің ойымша,.....»

2. «Себебі мен оны былай түсіндіремін...»

3. «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын....»

4. «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

Кітапхананың әртүрлі бөлімдері бағытына қарай өлкетанулық шаралар өткізеді. Мәселен, «Өнер жөніндегі әдебиет» бөлімі әдеби-сайыс сабақ өткізеді. Бұл сабақты кітапхананың оқу залында көркем сөз оқу, мүшайра және басқа да байқау түрін таңдап өткізуге болады. Нәтижесінде оқушылар жергілікті ақын-жазушының өмірі мен шығармасын жатқа біледі.

Іс-шаралар туралы жергілікті кітапханалар түрлі жолдармен, сайт арқылы хабарлау, электронды почта хат жіберу, плакаттар ілу т.б. іс-шараның ережесі туралы мектепті хабардар етеді. Кітапхананың сайттарынан қажетті деген іс-шараны таңдауға мүмкіндік бар екенін ескертеміз.

Кітапханадағы іс-шараға апару үшін ең алдымен тиісті тараптарды ескертіп, оқушылармен дайындық жүргізуі керек. Мектеп басшылығы бұйрық шығарып, қауіпсіздік шараларын қарастырады.

Кітапхана оқырмандарға интернет арқылы әртүрлі іс-шараларды хабарлап отырады. Бұл іс-шаралар сабақтар, оқулар, кештер, көрмелер, шолулар, байқаулар, зияткерлік отырыстар, ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың бағыттары бойынша өтеді.

Кітапхананың бағыттары мен іс-шараларының келесідей болуы мүмкін.

*Сабақтар:* ерлік сабағы, ақпараттық сағат, ақпараттық-танымдық сағат, ақпараттық насихаттау сағаты, экспресс сағат, насихат сағаты, әдеби танымды сағат, шығарманы талдау т.б.

*Оқулар:* көркемсөз оқу, мәнерлеп, монолог оқу, дауыстап оқу.

*Кештер:* әдеби танымдық кеш, әдеби сазды кеш, поэзия кеші, жыр кеші, портреттік кеш, әдеби портреттік кеш, еске алу кеші, тұлғатану кеші, тақырыптық кеш, әдеби-музыкалық композиция, бренд-автор шоу, буктрейлер және естеліктің тұсаукесері, ашық есік күні.

*Көрмелер:* кітап көрмесі, электронды кітап көрмесі, киіз үйде әзірленген кітап көрмесі, құрмет – көрмесі, әңгіме-көрме, көрме – инсталляция, көрме-диалог, көрме-бенефис, слайд-галерея, бейнежоба, буклет, библиошар, тақырыптық сөре, кітап эстафетасы, жарнама баннері, кітап ұсыну жарнамасы, библиокеруен.

*Шолулар:* өмірбаяндық шолу, диалог –шолу, библиографиялық шолу, әдеби калейдоскоп, флешбук, ауызша журнал.

*Байқаулар:* онлайн-конкурс эссе, викториналық ойын, ойталқы, оқырман бенефисі, пікіралмасу, поэзия байқаулар, өлеңдер шеруі, әдеби-лото, блиц-турнир, әдеби делижанс, PR – акция, ай-стоппер

*Зияткерлік отырыстар:* дөңгелек үстел, жаңа бағыттағы оқырмандар конференциясы, оқырмандар конференциясы.

*Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың көмегімен қашықтан оқыту:* онлайн-конференция, онлайн-сауалнама.

*Өлкетану сабақтарын ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың көмегімен жүргізу.*

Мәдени мекеменің қашықтығы, ауа-райының қолайсыздығы т.б кедергілерден өлкетану сабақтары өз деңгейінде өткізілмей қалады. Шалғайдағы елді-мекендерде мәдени мекемелердің жоқтығы да осыған себеп болады. Мұндайда, ақпараттық компьютерлік технология көмекке келеді. АКТ көмегімен мектеп қабырғасында мәдени мекемелерге виртуальды саяхат өткізе аламыз.

*Мектептегі виртуалды саяхат сабақ.* Тілі шықпаған баланың өзі ұялы телефонға жармасып, сондағы түрлі- түсті бейнені тамашалай отырып, оны тез меңгеріп алатындығын жиі байқаймыз. Бұл балалардың жаңа технологияға әуестігін көрсетеді. Кинотеатрлардағы 3D, 7D, 5D форматымен көрсетілетін мультфильмдер, кинолардан жаңа технологиялардың мүмкіндігімен бұрыннан таныс. Бұл технологиялар оқушыларға шынайы сезім сыйлайды.

Виртуалды сабақта (virtual learning environment, қысқаша VLE) – оқушылар өлкетану сабағында интернет желісін немесе электронды оқулықты қолданып тарихи-мәдени нысандар мен табиғат аясына виртуалды саяхат жасайды. Сабақ жаңа технологиялардың көмегімен сыныпта немесе мектептің виртуалды музейінде өткізіледі. Виртуалды музейде экспозиция мен экспонаттарды 3D, 5D, 7D форматтағы киноқондырғылар арқылы көрсетеміз.

Сонымен қатар, оқушылар заманауи технологиялар көмегімен электронды нұсқада дайындалған бейнебаяндарды, тарихи, танымдық, көркем, анимациялық және деректі фильмдерді тамашалай алады.

Суретгі файлдар мультимедиялық презентацияға шығарылғанда, компакт-дискке жазғанда, каталокқа енгізгенде жоғары сапада көрінеді. Осылайша коллекциялар электронды түрде жарияланып, көпшілікке тез

таралады, әрі қолжетімді болады. Виртуалды музейлер бірнеше мақсаттармен қызмет етеді.

Ол мәдени ғылыми зерттеулерді сақтау, оның кең көлемде халыққа насихатталуын қамтамасыз ету. Виртуалды музейлердің экспозициясы үнемі жетілдіру үстінде болады, экспозициялық көрмесінің қойылу уақыты бірнеше жылдап созылуы мүмкін, ал олардың саны жаңа идеялардың тууымен артуына байланысты. Көрмеге қойылатын экспозициялардың құрамын үлкейтіп өзгертуге болады. Шынайы музей экспонаттары уақыт өте жарамсыз болып қалса, ал таңбаланған виртуалды музей экспонаттары мәңгі сақталынады.

Республикалық «Виртуалды мектеп музейі» жобасы осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін жүргізіліп жатыр. Жоба бойынша мектеп музейлерінің 3D туры жасалуда. Виртуалды музей ғаламтор пайдаланушылардың бәріне қол жетімді болады. Виртуалды музейлер жетістігі музейлердің орналасқан жерге бармай-ақ, үйде, мекемеде отырып, музей экспозициясына ғаламтор жүйесі, аудиотехникалар, мультимедиалық қондырғылар, интерактивті қондырғылар көмегімен саяхатқа шыға аласың. Мұнда музей заттары «виртуалды экспозицияда» орналасады. Виртуалды музейге саяхатты электронды жасалған аудиогидтер жүргізеді. Виртуалды музей материалдарын жергілікті әкімдіктің, білім беру ұйымдарының тапсырысы бойынша киностудиялар дайындайды. Білім алушылар да дайындай алады. Дайындалған бейнебаяндар дискілерге жазылып таратылады немесе сайттарға орналастырылады. Мәселен, Түркістан облысы «Ұлы Жібек Жолы бойындағы көне қалалар» тақырыбында дискілер дайындаса, Жамбыл облысының оқушылары киелі орындар мен тарихи ескерткіштер туралы үш тілде әзірленген бейнебаяндарын [zh-bilim.kz](http://zh-bilim.kz) сайтында, [Yotube](https://www.youtube.com), [Facebook.com/bilimzhambyl](https://www.facebook.com/bilimzhambyl) парақшасында орналастырған. Бұл сілтемелер арқылы білім алушылардың өлкетану бойынша дайындаған материалдарын виртуалды мектеп музейлеріндегі *виртуалды саяхат сабақтарда* қолдана алады.

Мұндай сабақтарды кітапхана, клуб, музейлер, көркемөнер галереялары, шеберханалар, мәдени-тарихи орталықтар, реставрациялау орталықтары, мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыратын басқа да мәдениет ұйымдарында өткізуге болады.

Бұл өскелең ұрпақты отансүйгіш, адамгершілік-рухани бағытта тәрбиелеумен қатар, бәсекеге қабілетті, заманауи мамандықтарды меңгерген, көптілді білетін саналы азаматты қалыптастыруда ықпалы зор. Ел болашағы білімді жастарда екенін ескерсек, балалардың пайымды парасаты мен сапалы жұмыстары жобаның өзекті екенін дәлелдейді.

Бүгінгі заманауи мектеп музейінде төменде көрсетілген инновациялық технологиялар арқылы виртуалды сабақ өткізе аламыз



3-сурет. Инновациалық технологиялар көмегімен өткізілетін виртуалды сабақтың сызбанұсқасы

Бұл жоба білім алушылардың жеке қабілеттерін көрсетуге, дамытуға зор ықпалын тигізуде. Яғни, білім алушылар кері байланыста компьютерлік сауаттылық, көптілділік дағдыларын көрсете алады.

#### *Логистика және қауіпсіздік*

«Туған жер» ұғымына қандай аумақты кіргізу керектігін алдын-ала шешіп алған жөн. Туған жер деп үздіксіз және нақты бақылау жүргізетін мектептің, ауылдың, қаланың маңайын айтады. Ал кейбір жағдайларда бұл ұғымды ауданның немесе облыстың әкімшілік аумағына дейін кеңейтеді. Сол себепті мектептегі өлкетану жұмыстары бұл екі көзқарасты да қамтуы тиіс.

Мектепке жақын орналасқан мәдени мекемелерге балаларды **жая** апарамыз. Сондықтан жауапты мұғалімдер жаяу жүргіншілер үшін жол ережесін білуі керек. Сонымен қатар, бағдаршамнан өткенде белгі беретін жалаушалар, таяқшалар, т.б. құралдары болуы тиіс. Қашықтау мәдени мекемеге оқушыны тасымалдаудың ең қолайлысы автобус болғандықтан Қазақстан Республикасының «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Заңын сақтау керек. Сонымен қатар, көліктің түріне қарай теміржол, әуе жолы, су жолы, жер асты жолы және автомобиль жолдары туралы заңдарға сүйенеміз.

Денсаулық, төтенше жағдай қызметі, жол-көлік инспекциясыларына қатынас қағаздар жіберіледі. Іс-шараны құжат алмасу арқылы тиісті мекемелермен бірлесіп өткізеді. Төменде әріптестік орнату үшін мекемелерге жолданған хаттардың үлгілері көрсетілген (4-6-суреттер).

Дереккөз: Түркістан облысы білім басқармасының облыстық жас туристер станциясы



**ҚР ІІМ ТЖК ОҚО  
ТЖД бастығы азаматтық  
корғау полковнигі  
Н. Дербісовке**

Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының «Облыстық жас туристер станциясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының әкімшілігі Сізден 2018 жылғы 01-04 маусым аралығында ОҚО, Төлеби ауданы, Біркөлік шатқалында орналасқан туристік лагерьде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында үйірмешілер арасында өтетін «Қош келдің Жаз» қорытынды туристік-өлкетану жарысында төрешілік жасау үшін ҚР ІІМ ТЖК ОҚО ТЖД жедел құтқару жасағы (Шымкент қаласы) мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін жіберуіңізді сұранамыз.

**Облыстық жас туристер  
станциясының директоры**

Орындаған: А.Батырбек  
Байланыс тел: 8 (7252) 56-18-07  
8 (701) 263-23-62



44-94-39

4-сурет. Төтенше жағдай департаментіне жазылған хаттың үлгісі





**ОҚО денсаулық сақтау  
басқармасы басшысы  
М.Егізбаевқа**

Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының «Облыстық жас туристер станциясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының әкімшілігі Сізден 2018 жылғы 15-18 мамыр аралығында ОҚО, Төлеби ауданы, Біркөлік шаткалында орналасқан туристік лагерьде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мектеп оқушылары арасында өтетін «Барыс» облыстық туристік жарысына қатысатын оқушылардың денсаулығын сақтау мақсатында өзіңіз басқарып отырған мекемеңізден қызметкерлеріңізді жіберуіңізді сұранамыз.

Мекемеңізден келетін қызметкерлеріңіздің жол, тамақ шығыны жіберуші мекеме есебінен.

**Облыстық жас туристер  
станциясының директоры**

**С.Омирбаева**

Орындаған: А.Батырбек  
Байланыс тел: 8 (7252) 56-18-07  
8 (701) 263-23-62



10.05.2018  
42-16-81

5-сурет. Денсаулық сақтау басқармасына жазылған хаттың үлгісі



**Оңтүстік Қазақстан облысы  
ішкі істер департаменті басшысы  
полиция полковнигі  
Қ.Дәлбековке**

Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының «Облыстық жас туристер станциясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының әкімшілігі Сізден 2018 жылғы 01-04 маусым аралығында ОҚО, Төлеби ауданы, Біркөлік шатқалында орналасқан туристік лагерьде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында үйірмешілер арасында өтетін «Қош келдің Жаз» қорытынды туристік-өлкетану жарысына қатысатын үйірмешілердің автобуспен бару-қайту кезіндегі жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жарыс кезінде ішкі тәртіпті қадағалау мақсатында өзіңіз басқарып отырған мекемеңізден қызметкерлеріңізді жіберуіңізді сұранамыз.

Мекемеңізден келетін қызметкерлеріңіздің жол, тамақ шығыны жіберуші мекеме есебінен.

**Облыстық жас туристер  
станциясының директоры**

**С.Омирбаева**

Орындаған: А.Батырбек  
Байланыс тел: 8 (7252) 56-18-07  
8 (701) 263-23-62



28.05.18 97-65-97 *DL*

6-сурет. Ішкі істер департаментіне жазылған хаттың үлгісі

Жол-патрульдік полициясының қызметкерлері оқушылар автобуска отырғаннан баратын жеріне дейінгі бағытта алып жүреді. Іс-шара өтетін орында оқушыларды жергілікті аймақтың жедел жәрдем қызметкерлері мен төтенше жағдай бақармасының қызметкерлері күтіп алып, қайтқанша оқушылардың денсаулықтары мен қауіпсіздігін қадағалап отырады. Жарыстар мен жорықтар төтенше жағдай департаментінің бірнеше қызметкерлерінің тікелей бақылауында өткізіледі. Іс-шара аяқталғаннан кейін Жол-патрульдік полициясының қызметкерлері оқушыларды қалаға жеткенге дейінгі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстарының негізгі бөлігі тиісті мекемелерге хат жазудан тұрады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жол-патрульдік полиция, төтенше жағдай басқармасына, денсаулық сақтау басқармасына хат жазылады. Аталған мекеме қызметкерлері іс-шараның өткізілуі уақытында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, жергілікті аймақтың телеарналары мен газет, журнал редакцияларына арнайы баспасөз мәліметі жазылып, таратылады.

Іс-шара барысында тілшілер мекеме директоры мен оқушылардан сұхбат алып, жергілікті және республикалық телеарналардан көрсетеді. Газеттер мен журналдарда арнайы мақала жарияланады. Осылайша бір іс-шара өткізуге бірнеше мекеме қызметкерлері жұмылдырылады. Іс-шара аяқталғаннан кейін есебі, видеоролигі және есептік альбомы дайындалады.

*Мәдени нысандағы қозғалыс.*

Сабақтың белгіленген уақыты болғандықтан, мұғалімнің уақытты тиімді пайдалануы маңызды. Мәдени мекемелерде балаларды ішкі тәртіп көрсетілген нұсқаулықтармен таныстырылады. Нұсқаулықта іс-шара барысында жүріп-тұру ережелері көрсетіледі. Оқушыларға ауызекі түсіндіру мен экспонаттан экспонатқа дейінгі қозғалыс шектеулі болады. Сондықтан оқушы сабақта пайдаланатын экспонаттардың алдын-ала таңдалған жиынтығын жасап, экспонаттан экспонатқа дейінгі қозғалыстың уақытын анықтауы керек. Бұл нәтижелі білім беруді қамтамасыз етеді.

Музейдегі «жанды» сабақта бірқатар қиындықтар туындайды. Мұның себебі музейге келуші қонақтар болады. Олармен экскурсиялар, тақырыптық бағдарламалар «жанды» сабақтармен параллель өтіп жатады.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне орай «жанды» сабақтың уақыты белгіленеді. Сабақ уақыты оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты бекітіледі. Музей тәжірибесі бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға 25-30 минут, бастауыш сынып оқушылары 45-50 минут, 7-сынып оқушылары 1 сағат 10 минут, жоғары сынып оқушылары 1 сағат 30 минут болуы керек. Шектеулі уақыттан асқан жағдайда оқушылар жалығып, ортадан оқшаулана бастайды. Олар жәдігерлерді жекелей суретке түсіріп оғаш әрекеттерге барады. Бұл жағдай музей қызметкерлері мен жетекші мұғалімдерге қиындық тудырады. Әсіресе, «жанды» сабақты бірнеше сыныппен кіріктіре оқытуда үлкен қиыншылықтар болады. Экспозициялар мен көрме алаңдарында, музей «қоржындарында» сабақ барысында оқушыларды бастап алып жүру қиын. Залдың тарлығынан кептеліс туындап, жәдігерді көруге талпынған оқушылар

кимелеп, экспонатқа зақым келтірмеудің амалын қарастыруға тура келеді. Берекесіздіктен сабақ мақсатына жетпей қалуы да мүмкін. Сондықтан музей-үйде, комплексті музейлерде сабақты бүкіл сыныппен емес залдағы қозғалысқа қолайлы, білімді бағалауға оңтайлы 10-12 оқушыға бөліп оқытудың пайдасы зор.

Музейге сыныптарды топқа бөліп оқыту үшін сабақ жоспары екі бағытта жасалуы тиіс.

Бірінші топ музейдің дәріс залында тақырып бойынша төмендегідей жұмыстар жасайды.

- тұлға туралы деректі фильмдер көреді;
- жаңа инновациялық құралдар көмегімен виртуалды саяхат жасады;
- мұғалімнің әңгімесін тыңдайды, сұрақ-жауап алмасады;
- тақырып бойынша жұмыс парағын алады.

#### *Жадынама*

Мәдени мекемелерде, іс-шараларды өткізу барысында этикалық ережелерді қатаң сақтау керек. Атап айтқанда:

- ✓ қатты күлмеу, даурығып сөйлемеу, жүгірмеу т.с.с;
- ✓ музей ішінде фотосуретке түсуден;
- ✓ телефонмен сөйлесуден;
- ✓ жәдігерді таныстырғанда ұзақ монологтардан;
- ✓ мөлшерден тыс артық ақпараттардан;
- ✓ ұзақ күрделі маршруттан (музей-заттарын қоспағанда);
- ✓ сабаққа еш қатысы жоқ жәдігерлерді баяндаудан;
- ✓ бірдей немесе ұқсас тапсырмалардан;

Мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтарында ең басты ескеретін жағдай бар. Бұл – этноұлттық құрмет көрсетушілікті айыптаулардың таралуына жол бермеу мақсатында ұлттың мәдени кодына, тарихи фактілерге, Қазақстанның киелі жерлеріне қатысты мәселелерді және басқа да «сезімтал» мәселелерді түсіндіру кезінде әдептілік сақтау маңызды. Яғни, киелі нысандарды баяндау барысында кертартпа жершілдік, рушылдық, діншілдік, ұлтшылдық көзқарастардан аулақ болу болып табылады.

#### *Кері байланыс*

Өлкетану сабақтарында тақырып бойынша түрлі тапсырмалар беруге болады. Ол сабақтың типі мен түріне, мақсаты мен міндетіне байланысты болмақ. Білім алушылардың төмендегідей жұмыстарына қарап білімі мен дағдысын бағалай аламыз:

- шығармашылық, сурет салу, эссе жазу;
- ғылыми іздену, карталар мен кестелер толтыру т.б.;
- атқарған жұмыстарына әлеуметтік желілерде пікір қалдыру;

Сонымен қатар, мәдени мекемедегі өлкетану сабақтарын бекіту, қорытындылау, бағалау мақсатында мынадай тапсырмаларды беруге болады:

1. Семантикалық карта.
2. Венн диаграммасы.
3. Хронологиялық кесте.

4. Инсерт кестесі.
5. Контурлық карта
6. Анимациялық, документалды фильмдер жасау жәнет.б.

#### *Өлкетану сабақтарынан күтілетін нәтижелер*

Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде өмір сүруге қабілетті көптілді, көпмәдениетті, сандық технологияны жетік меңгерген заманауи жастарды даярлау басты мақсатымыз. Өлкетану жұмыстары арқылы оқушылар меңгерген заманауи дағдыларын жетілдіріп келеді. Мәселен, Жамбыл облыстық білім басқармасының мынадай жобалары осыған дәлел бола алады.

1. Bestvideo Туған Өлке туған өлкенің тарихи, мәдени құндылықтарын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы оқу-тәрбие үрдісіне енгізуге бағытталған «BestvideoТуған Өлке» жобасы облыстың мектептері іске асырылуда. Жобаға қатысушылар таңдаған бағыты бойынша бейнероликтер түсіріп интернет ресурстарына орналастырады (zh-bilim.kz сайтында, Yotube, Facebook.com/bilimzhambyl парақшасында).

Жобаны іске асыру барысында өлкенің тарихы, мәдениеті туралы мәліметтер қоры әзірленеді, туристік маршруттар мен экскурсиялардың ақпараттық дайджесттері жарияланады және «Менің туған өлкем» электронды энциклопедиясына фото, бейне материалдар жинақталады.

2.«BILIM анимация» жобасы. Жобаның мақсаты оқушылар мен студенттердің шығармашылық іс-әрекеттер дағдысын қалыптастыру, мультимедиялық компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау қабілеттерін арттыру, 3 тілді (қазақ, орыс, ағылшын) меңгеруге ықпал ету.

Мектеп оқушылары ұсынылған бағыттар бойынша (*Туған өлке, мектеп өмірі, болашақтағы мен, ертегілер әлемі*) тақырып тандап анимациялық фильм (*қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде*) әзірлейді. Анимациялық фильм басқарманың zh-bilim.kz сайтында, Yotube каналында, Facebook парақшасында жарияланады. Көрсеткіштер электронды дауыс беру арқылы анимациялық фильмді бағалайды. Дауыс беру қорытындысы бойынша жеңімпаз анықталады.

3. «BILIM FM мектеп радиосы» оқушылар мен мектеп ұжымын түрлі жаңалықтармен, соңғы хабарландырулармен қамтамасыз ету мақсатында білім мекемелері арасында өткізіледі. Онда бірнеше *айдарлар* қарастырылған. Оның ішінде тарихи жерлер туралы анықтамалық ақпараттарға арналған «*Туған өлке*» айдары аптасына 2 рет тыңдармандармен қауышады.

Бұл жобалар мектептегі өлкетану сабақтарының нәтижесі деп айта аламыз. Болашақта ел мен жерді сүйетін, партиот ұрпақты тәрбиелейді және Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асырудың жарқын көрінісі болмақ.

Өлкенің нысандарын, тарихи-мәдени құндылықтарын фотосуретке немесе кинофильмге түсірудің нәтижесі қызықты монографиялық альбомдар жасауға, мектептегі өлкетану музейінің экспонатына арналған материалдар жинақтауға және жекелеген сұрақтар бойынша кино көрсетуге бағытталған электронды материалдар даярлаған. Оқушылар бейнебаяндарын даярлау барысында киелі орынның тарихи және мәдени ерекшелігін баяндау, сол дәуірдің әлеуметтік тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылық жайына пікір білдіру,

салыстыру, маманмен сұхбаттасу сияқты белестерді меңгереді. Бұл әдіс оқушыларды отансүйгіштікке, компьютерлік сауаттылыққа, бәсекеге қабілетті болуға, көптілділікке, төзімділікке тәрбиелейді. Оқушының инновациялық туындысы интернет желісі арқылы көпшілік назарына ұсынылған. Көрермендердің берген дауысы арқылы үздік жұмыстарды анықталып, жеңімпаздарды бағалы сыйлықтармен марапаттау қарастырылған.

Өлкетану сабақтарынан күтілетін нәтижелер:

1. Дарынды балалардың ғылыми – зерттеуге қызығушылығы қалыптасады. Инновациялық бағыттағы қабілетін көрсетеді.

2. Мектептер оқу кабинеттерінің жетіспеушілігінен арылады.

3. Мәдени орындарға барушылар қатары көбейеді. Туған жерінің мәдениетін, тарихын, географиясын білетін саналы ұрпақ өседі.

4. Оқушыларға кәсіптік бағдар береді. Өз өлкесінің тарихи, мәдени, экономикасының дамуына үлес қосатын болашақ меценаттар тәрбиеленеді.

5. Рухани жаңғыру бағыттары жүзеге асырылады, отансүйгіштік, толерантты тұлға қалыптасады.

2018 жылы Түркістан облысы 5,6,7 сынып оқушыларына арналған «Өлкетану» оқулығын «Алматыкітап баспасы» ЖШС жарыққа шығарды. Оқулықта оқушылардың меңгеретін білім-білік индикаторы берілген:

5-сыныпта

– туған өлке туралы аңыз-ертегілерімен;

– туған өлкедегі ескерткіштермен;

– туған өлкенің тарихына кірген би, ақын, батыр және балуандармен;

– тарихи жәдігерлердің не екендігімен;

– туған өлкедегі музыкалық өнердің ерекшеліктерімен *танысасың.*

*Сен:*

– өткен ұрпақтың тарихы мен мәдениетін не үшін сақтап, атадан балаға қалдыру қажеттігін;

– тарихи жәдігерлердің қаншалықты құнды материалдар екенін *білесің.*

*Сен:*

– аңыз-ертегілердің мән-мағынасын түсініп және талдауды;

– туған өлкенің маңызды ескерткіштерінің әрқайсысының пайда болу тарихын түсіндіріп айтып беруді;

– туған өлкенің музыкалық өнерінің ерекшеліктері туралы каталог құрастыруды *үйренесің.*

6-сыныпта:

– жергілікті жерге қандай дәстүрлі қолөнер тән екендігімен;

– туған өлке тарихына кірген тұлғалардың өмірбаяндарымен;

туған өлкенің табиғаты мен тарихы сипатталатын әдеби шығармалармен *танысасың.*

*Сен:*

- жергілікті жер, қала, өзен, көл, тау атаулары нені білдіретінін;
- туған өлке тарихындағы тұлғалар туралы.
- туған өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға үлесін қосқан шеберлерді;
- туған өлке жайлы поэтикалық және прозалық шығармаларды білесің.

*Сен:*

- тұлғалардың туған өлкенің тарихына бекер кірмегендігін дәлелдей білуді;
- туған өлкенің жыршы-термеші, әнші және сазгерлерінің шығармашылығы туралы әңгімелей білуді;
- өлкетану аясында прозалық үзінділер жазуды *үйренесің*.

*7-сыныпта:*

- туристік маршрут құрастырудың алғашқы дағдыларымен;
- демеушілік және меценаттық дегеннің не екендігімен;
- туған өлке жайлы жазылған мақала және очерктермен;
- туған өлкенің Қызыл кітапқа енген жануарлар және өсімдік түрлерімен *танысасың*.

*Сен:*

- туған өлкенің шежіресін;
- музей, мұрағат, кітапхана және ғаламтордан туған өлкеге қатысты мәліметтерді;
- өлкеге тән жануарлар мен өсімдіктер дүниесін *білесің*.

*Сен:*

- өлке туралы негізгі анықтамалық мәліметтерді қамтитын түрлі ақпараттық материалдарды әзірлеуді;
- туған өлке жайлы электронды энциклопедия құрастыруды *үйренесің*[37].

Оқу процесіне өлкетануды енгізуге ықпал ететін жұмыстардың неғұрлым тиімді түрлері:

1. Өлкетану материалдарын география, биология, химия, физика, тарих, әдебиет, тіл пәндері басқа да пән сабақтарында пайдалану.
2. Табиғатқа және өнеркәсіпке саяхат жасау.
3. Табиғат құбылыстарына бақылау жүргізу: ауа райына, жергілікті жердегі су қоймаларының режиміне, халықтың шаруашылық өміріндегі өзгерістерге.
4. Жергілікті жерде практикалық жұмыстар орындау.
5. Өлкетану бұрышын немесе мектепте өлкетану мұражайын құру.

Өлкетану сабақтарында жиі кездесетін ұғымдардың анықтамасын ұсынамыз:

*Акклиматизация* – бір бөлмеден екінші бөлмеге немесе басқа жерге ауыстырғанда жәдігердің сол ортаға үйренетін уақыты.

*Антропология* – ғылымы адамның бет пішіні, түртүсі мен дене шынықтыру құрылысындағы айырмашылықтарды бөліп

қарастырады. Осындай айыр машылықтарға қарай адам баласы жер бетінде үш нәсілге – *еуропалық, моңғолдық және африкалық* болып бөлінеді.

*Аңыз әңгіме* – тарихта болған белгілі бір адамдардың атына, ісәрекетіне байланысты туынды.

*Археология* – грек тілінен аударғанда «көнені зерттеу» деген мағынаны білдіреді. Яғни, археология ғылымы тарихи ескерткіштерді зерттей отырып, ежелгі дәуірдегі адамдардың қоғамдық өміріндегі өзгерістер мен ерекшеліктерді анықтайды. Сондай-ақ жер бетінде өмір сүрген түрлі халықтардың айналысатын кәсібі мен өзіндік мәдениеті болатыны белгілі. Осыған байланысты, түрлі халықтардың әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігін зерттейтін ғылым пайда болған.

*Атриум* – мемлекеттік рәміздері Елтаңба, Мемлекеттік Ту, Әнұран мен Ата Заң қойылған мұражайдағы бөлім.

*Ауыз әдебиеті* – халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша таралған көркем әдеби туындылардың жиынтық атауы.

*Әдеби тәсіл* – оқылатын аумақ туралы әр түрлі баспа материалдарын қолданумен байланысты.

*Визит карта* – адам немесе мекеме жөнінде ақпарат беретін, мәліметті қамтитын байланыс тасушы. Ол түрлі форматта жасалынуы мүмкін (қағаз, картон, CD диск). Визит картаның бұл жердегі мағынасы өлкенің басқа өлкеден ерекшелігін айқындайтын ақпараттық материалдарды қамтиды.

*Виртуалды музей* (вебсайт-мұражай) — мұражай экспонаттарын тамашалауға арналған веб-сайт. Қолданушы мұражайдың ішіндегі көріністерді алға-артқа, жоғары-төмен жылжыту арқылы көре алады. Ішіндегі заттар сан алуан, әр түрлі болып келеді: тарихи экспонаттар, сурет өнері, виртуалды жинақтар, артефактар т.б көптеген ескі мұралар бар. Виртуалды мұражай тарихи ескерткіштердің сақталуы мен халыққа ұсынылу мәселелерінің оңтайлы шешімі болды. Мұражайды үйден шықпай интернет арқылы тез және анық көре аласыздар.

*Виртуалды сабақ* – интернет технологиясын қолданып онлайн ортада білім беру ортасы. Бұл ортада білім талапкерлері виртуалды класстарға, оқу материалдарына, тесттерге, тапсырмаларға, өз алға бағаларын, академиялық күнтізбе, басқа онлайн ресурстарына интернет немесе локалды желі арқылы қол жеткізе алады.

*Ескерткіш* – тарихи және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы, музейлік, көрмелік маңызы бар заттар мен жылжымайтын ескерткіштерді (құрылыстарды, ғимараттарды т.б.) қамтиды.

Ортақ типологиялық белгілері бойынша ескерткіштерді негізгі 4 түрге бөледі: археологиялық ескерткіштер, тарихи ескерткіштер, сәулет өнері ескерткіштері, монументтік (мүсін) өнері ескерткіштері.



*Әлеуметтік мәдени феномен* – әлеуметтік-мәдени қызмет субъектілері арасында (бұл жағдайда әуесқой өлкетанушылар мен жергілікті билік органдары, мұрайжай және өлкетанушылар, өлкетану ұйымдары, өлкетану қоғамы т.б.) жүзеге асырылатын құбылыс пен процесс.

*Әулие* – *уәли* деген араб сөзінің көпше түрі, қазақша қасиетті деген мағынаны береді. Бұл сөз Құран Кәрімде Алла мен пайғамбарға қатысты жебеуші, жарылқаушы деген мәнде кездеседі.

*«Жанды» сабақ* – музей жәдігерлерін қолдана отырып өткізілетін сабақ түрі.

*Кесене* – қабір, бейіт, мола басына салынған күмбезді, мәдени тарихи ескерткіш.

*Меценат* – өнер мен ғылым саласына өз есебінен материалдық көмек көрсететін тұлға.

*Меценаттық* – Ежелгі Грекияда Август патша кезінде өмір сүріп, ақындарға ұдайы қамқорлық жасаған Меценат есімді адамның құрметіне әлем мәдениеті тарихында қалыптасқан дәстүр.

*Музей* – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, мұраларды сақтап, жинақтап, танымдық қызмет атқаратын мекеме.

*Музей жәдігері* – нақты өмірден алынған, музейге қоюға құндылығы бар, музей қорына тіркелген, ұзақ сақтауға бейім зат.

*Мұрағат* – ескірген құжаттарды сақтайтын мекеме.

*Өлкетану* – қандай да бір өлкенің географиясы, этнографиясы, экономикасы және т.б. туралы білім.

*Өлкетану* – мазмұны мен зерттеудің жеке әдістері жағынан әртүрлі, бірақ өзінің тұтастығы бойынша өлкені ғылыми және жанжақты тануға жетелейтін пәндер жиынтығы.

*Палеонтология* – жойылып кеткен өсімдіктер мен жануарлар және олардың тарихи даму заңдылықтары туралы ғылым.

*Публицист* – «публицистика» жанрына қатысты пайда болған, публицистикамен айналысатын адам. Публицистика – өмірдің әлеуметтік, өндірістік, ғылыми, мәдени және басқа құбылыстарын, өмір-деректерін негіз ететін әдеби-жанр. Публицистика халықтың рухын көтеретін ұшқыр да уытты көркем тілмен жазылады, көпшілікті игі іске шақырады, бір мақсатқа жұмылдырады.

*Репрезентивтік* – қасиеті ұқсас жәдігерлердің артықшылығын анықтай білу.

*Туризм* – адамдардың шет елге немесе өзі өмір сүретін жерден өзгешелігі бар басқа жерге саяхат жасауы. Туризмнің түрлері мақсатына байланысты: медициналық, сауықтыру, рекреациялық, көңіл көтеру, спорттық, танымдық, діни және басқа түрлерге бөлінеді.

*Фауна* – (лат. *fauna* – Ежелгі Рим мифологиясы бойынша орман мен егістік құдайы; жануарлар қамқоршысы) – белгілі бір аумақта мекендейтін не жер тарихының белгілі бір кезеңінде тіршілік еткен барлық жануарлар түрлерінің жиынтығы.

*Флора* – (лат. *floga* – Рим мифологиясындағы көктем құдайы; лат. *floris*– гүл) – нақты бір жер аумағында өсетін немесе өткен геологиялық дәуірлерде өскен өсімдік таксондарының тарихи-эволюциялық қалып тасқан жиынтығы.

*Фольклор* – халық шығармашылығы, яғни аңыз, қисса, ертегі, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар және т.б.

*Экскурсия* – табиғат, өнеркәсіп нысандарына, жергілікті жердің назар аударарлық жерлеріне ұжыммен ұйымдасқан саяхат жасау.

*Этнография* – гректің этнос – «халық», графия – «жазу, үйрену» деген сөздерінен құралып, «халықтар сипаттамасы» деген мағынаны білдіреді. Этнографиялық зерттеулер арқылы біз әрбір халықтың өзіне тән салт-дәстүрлері мен тұрмыстіршілігіндегі өзіндік ерекшеліктермен танысып, олардың шығу тегі туралы кең мәліметтер аламыз. Ал мұндай мәліметтерді зерттеп, жинақтайтын маман – *этнограф* деп аталады.

*Этнос* – бір халықты екіншісінен ажыратуға мүмкіндік беретін ортақ белгілері бар қауымдастық.

Білім беру саласының қызметкерлері осы ұсынымдаманы пайдалана отырып, өлкетану сабақтарын әр түрлі мекемелерде өткізудің жолдарын жеке педагогикалық шеберліктерін қолдана отырып жетілдіре бермек.

Ұсынымдама өлкетану бойынша әзірленген алдыңғы еңбектердің жалғасы. Тарих, география, қазақ әдебиеті, музыка тағы басқа пәндерге кіріктіріліп оқытылатын бұл тақырыптар қоршаған ортаны танып-білуде орасан зор қызмет атқарады деп ойлаймыз.

Аталған пән мұғалімдері мәдени мекемелердегі оқыту үдерісінде білім алушыларға өлкенің тарихын өз қолдарымен жасаған адамдардың ерен еңбегі мен адамгершілік қасиеттері жайлы, өлкенің тамаша табиғаты мен адамдарының игілікті істері туралы мағлұмат бере алады.

«Ізденген жетер мұратқа» деген ұстаздар ұжымы талмай ізденудің арқасында Отаның сүйген от жүрек тұлғаларды тәрбиелей береді.

## Қорытынды

Өлкетану сабақтары арқылы жалпы білім беретін мектептерде рухани жаңғырған, қоғамдық санасы қалыптасқан, ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтай алатын, өлкенің көпұлттылық және көпмәдениеттілік жағдайына төзімді тұлға тәрбиеленеді. Таяу жылдары Қазақстанда көпұлттылықтың кемшілік емес, керісінше жетістік екенін түсінетін жаңа буын қалыптасатын болады.

Бүгінде аймақтың компоненттерін ескере отырып өлкетану жұмысын жүргізу білім беру мен тәрбиелеудегі инновациялық қадам болып табылады. Өлкетану жұмыстарында білім алушылар сыныптан тыс киелі орындарға, мәдени мекемелерге, тарихи орындарға, ұлттық табиғи парктерге өлкетанулық саяхат жасайды. Саяхат барысында оқушылар түрлі табиғи жағдайларға тап болады. Сондықтан мұғалім қауіпсіздік ережесін сақтайтын арнайы мамандармен бірігіп жұмыс жасайды. Сонымен қатар музей, кітапхана қызметкерлерімен де өлкетану жұмыстарын жүргізеді. Өлкетану жұмыстарының осындай ерекшелігі мұғалімнен теориялық біліммен қатар саяхатты ұйымдастыра білу машығын талап етеді.

Әдістеме жергілікті мәдени мекемелердегі өлкетану сабақтарының әдіс – тәсілдеріне тоқталады. Соның ішінде, пәнаралық байланыста мазмұндас тақырыптарда кіріктіре оқытудың үлгілері берілген. Мәдени мекемелердің ерекшеліктерін ескере отырып сабақты тиімді ұйымдастырудың жолдары көрсетілген. Ұсынымдама мектептегі өлкетанушы және кіріктірілген пән мұғалімдері арналған.

Елбасымыз айтқандай «Білімді ұрпақ–ел болашағы». Еліміз жаңа тарихи кезеңге батыл қадам басқанда мақсаты айқын, мұраты биік, саналы азамат тәрбиелеу жолында аянбай еңбек ете білейік.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала. 12 сәуір, 2017. <http://online.zakon.kz/>
2. Пирожков Г.П. Краеведческое образование как составляющая культурологической подготовки специалиста. Тамбов: 2007.
3. Седельникова Н.А. Областное краеведение как социокультурный феномен (на материалах Среднего Прииртышья. 1930-1980 гг.). диссертация на соискании кандидата исторических наук, Омск: 2010. стр. 260.
4. Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка: 8000 слов и фразеологических выражений/ Российская академия наук. Институт русского языка им. В. В. Виноградова. — 4-е изд., дополненное. — М.: Азбуковник, 1999.- 850 с.
5. Культурологический словарь //Режим доступа: <http://www.БиблиотекаРГИУ>
6. Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы / Собрание сочинений в пяти томах 1961-1972. – Алматы: Ғылым, 1961. 777 б.
7. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, IX том
8. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. ISBN 9965-607-02-8
9. Қазақстанда өлкетану жұмыстарының басталуы. Негізгі кезеңдері <http://www.uniface.kz/index.php?post=article&section=1&id=302>
10. Қазақстандағы өлкетану жұмыстарының қазіргі жай –күйі <http://www.uniface.kz/index.php?post=article&section=1&id=305>
11. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – Астана 2006-2011.
12. «Социокультурная система» - культурное наследие, совокупность культурных ценностей, а также общественные институты, посредством Крысин Л. П. Толковый словарь иноязычных слов. — М.: Русский язык, 1998. — 546 с.
13. Г.Қ. Шашаева Қазақстандағы мәдени мұра құндылықтарын жүйелеу және оларды білім беруде жетілдіру. Алматы: 2016. 117-147 б.
14. Мазбаев О., Асубаев Б., Токпанов Е. Туризм және өлкетану негіздері: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2013.- 152 б.
15. Л.С. Нұрабаева Экологиялық білім беруде өлкетанудың алатын орны. <http://engime.org>
16. Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. — Алма-Ата: Казахстан, — 157 с.
17. «Тарихи өлкетану» пәнінің оқу- әдістемелік кешені (ПОӘК) <http://melimde.com/tarihi-olketanu-penini-ou--edistemelik-kesheni-poek.html>
18. Жергілікті жерде өткізілетін өлкетану жұмыстарының маңызы <http://melimde.com/jergilikti-jerde-otkiziletin-olketanu-jmistarini-maizi.html>

19. Бекмағамбетов А.Ж. Оқушыларға патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру. Қарағанды: ҚарМУ баспасы. 2009.
20. Қамбар Атабаев «Қазақстан тарихының деректанулық негіздері» А., 2002 ж.
21. Бекмағамбетов А.Ж. Оқушыларға патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру: Оқу құралы. –Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 98 бет.
22. Словарь культуры XX века // Режим доступа: <http://www.БиблиотекаРГИУ.ги>
25. Современный словарь иностранных слов: Ок. 20000 слов. — 3-е изд., стер. — М.: Русский язык, 2000. - С. 325.
24. Веденеева Г. И. Феномен родного края и его ресурс в духовно-нравственном воспитании учащихся. Педагогика, № 8, 2013, с. 58–63.
25. Кристофер Д. Места, где обитает душа: Архитектура и среда как лечебное средство. Пер. с англ. В. Л. Глазычева. М.: Издательство «Ладыя», 2000, с. 30
26. Школьное краеведение как важный фактор патриотического воспитания. <http://mysl.kazgazeta.kz/?p=7363>
27. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014605/history>
28. Орта мектепте «Өлкетану» курсының оқытудың әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 43 б.
29. Барков А.С. «Вопросы географии». Сб. 40. М., Географгиз, 1957 г., С. 43.
- Жартыбаев А. Қарағанды өңірі топонимдерінің мағыналық және құрылымдық сипаттары. – Қарағанды, 1998.
30. Тілеуов Қ. Жер атаулары – ел тарихы. Тыл және еңбек ардагері.
31. Ақтөбе облысының топонимиялық кеңістігі (атаулардың пайда болуы). – Ақтөбе: Nobel, 2007. – 226 б.
32. Лысенко А.С. Географическое краеведение / А.С. Лысенко. Челябинск: ЮУКИ, 1969; Урал и Приуралье. – М.: Наука, 1968.
33. Негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 25 қазандағы №545 бұйрығы
34. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207-II Қазақстан Республикасының Заңы (05.05.2017 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулар) [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30081960](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30081960)
35. Горбова М.А. Патриотическое воспитание средствами краеведения. М.: «Глобус», 2007. - С. 208, 211-214.

36. «Белсенді туризмде қауіпсіздікті және тамақтануды ұйымдастыру»  
<http://malimetter.kz/belsendi-turizmde-kauipsizdikti-zhane-tamaktanudy-ujymdastyru/>

37. Ө.Шыныбекұлы. Б.А. Бейсетаева., Сейлбекова К.К., Ширманова Ж.Т. «Өлкетану» жалпы білім беретін мектептің 5, 6, 7-сынып оқушыларына арналған оқулық – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2018. – 210 б.

**«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің мектептермен бірігіп өткізетін «Өлке мақтанышы» жобасы.**

Өткізілетін орны: «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі

Деңгейі: жергілікті, аудандық, облыстық, Республикалық.

Өткізілетін уақыты: ақпан-мамыр, 2018 ж.

Көрме уақыты: 18 мамыр 2018

Тұжырымдама

Президент Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Мемлекеттік бағдарламасында ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихына мән беріп, оларға ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыруға шақырды. Сондай-ақ бағдарлама негізінде 100 жаңа есімді анықтап, өскелең ұрпаққа дәріптеуді ұсынды. Осылайша «100 жаңа есім» жобасы қолға алынып, 2017 жылдың қорытындысы 1-желтоқсан – Тұңғыш Президент күнінің қарсаңында жасалды. Міне, осы уақыттан бастап Тәуелсіздік дәуірінде еліміздің көркеюіне үлес қосқан, ұлтымыздың алтын қорына еруге лайықты жерлестерімізді анықтап, оларды көпшілікке таныту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы жобаның негізінде «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі жергілікті тұрғындар мен студенттер және оқушылар арасында «Өлке мақтанышы» жобасын ұйымдастыруды ұйғарып отыр.

Өкінішке орай, жергілікті маңызды деп танылған тарихи нысандар мен өлке мақтанышына айналған тұлғалардың бәрін бірдей мемлекеттік ақша мен марка бетінен көре алмаймыз. Сондықтан жоба идеясы «жоқтан бар жасау», яғни қатысушыларға гипотетикалық (жорамалданған; болжаулық) жергілікті ақша мен марканың дизайнын әзірлеу ұсынылып отыр. Мұнда олар өз қалауынша ауыл, қала, аудан мақтанышына айналған тұлғалар мен нысандарды таңдай отырып, оларды жергілікті ақша немесе маркаға енгізе алады. Конкурстық негізде іріктелген жұмыстар «Есік» қорық-музейінің қорытынды көрмесінде көрермен назарына ұсынылады.

Бұл жобаны республикалық деңгейде де өткізуге болады. Әрбір музей мен жергілікті мектеп оқушылары өз аймағында тарихи және мәдени құндылыққа ие нысандарды және тұлғаларды анықтау ісін қолға алуларына болады. Нәтижесінде, қатысушылардың ұсынған жұмыстары мен материалдыры бойынша көрме өткізіп, үздік жұмыстарды «Есік» қорық-музейіне жібереді.

Көрме аясында әр аймақтан шыққан Тәуелсіздік жылдары еліміздің мақтанышына айналған азаматтарын көпшілік танып білуге мүмкіншілік туады. Жобаға ұсынылған жұмыстардың үздіктері анықталып, авторлары қорық-музейінің тарапынан дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталады, сонымен қатар үздік жұмыстар баспасөз беттерінде жарық көреді. «Есік» қорық-музейі көрме барысында интернетсайт және әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы еліміздің барлық өңір қатысушыларының жұмыстарын көрсететін болады.

### *Жобаның мақсаты мен міндеттері:*

Әлеуметтік:

1. Жергілікті тұрғындарды өз өлкесінің тарихы мен бүгіннің тұлғаларына деген қызығушылықтарын ояту, осы өлке тұлғаларының ерен еңбектерін дәріптеу, олардың ізгі істерін ұрпаққа насихаттау арқылы оған жастар назарын аударту және үлгі ету;

2. Өскелең ұрпақтың қоршаған ортаға деген қамқорлығын арттырып, облыс тарихында қандай тұлғаларды және қандай нысандарды ақша бетіне бейнелеуге (музей экспозициясына қоюға) болатыны жөнінде музей емес, тұрғындардың өздері шешім қабылдауларына мүмкіндік беру.

Әдістемелік:

1. Орта мектепте «Өлкетану» сабағының негізгі аймақтық құрамының аспектілерін оқытуға арналған әдістемелік бағдарламалары мен мұғалімдердің өлкетану жұмыстарын жетілдіруге көмектесу.

2. Қазіргі таңдағы өлкедегі нысандардың тарихи маңыздылығын сақтап қалып, ары қарай музейлендіруді қолға алу.

Жоба негіздемесі (тарихи деректер)

Бүкіл ел өздерінің көрнекті азаматтарын, соның ішінде әлемдік өркениетке өз үлестерін қосқан ғалымдары мен өнертапқыштарын мақтан тұтады. Оларды дәріптеу жұмыстарының проекциясының бір түрі – банкноттарда портреттерін бейнелеу. Мысалы, АҚШ-тың төлқұжатына айналған 100 долларда Бенжамин Франклин, ҚХРң юаньында Мао Цзэдун портреттері салынған.

Елімізде Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары шығарылған 1 теңге мен 5 мың теңгеге дейінгі банкноттарында Көкшетау көріністері, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің бейнесі, Маңғыстаудан табылған тастағы таңбалар пайдаланылды. Көрнекті тұлғалардың қатарында – әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби (1, 200, 500, 1000, 2000, 5000 тг.), сөз пірі – С.Аронұлы (3 тг.), Хан Абылай (100 тг.), ғалым Ш.Уалиханов (10 тг.) және тағы басқалары төл теңгеміздің бетіне (аверсіне) енген болатын.

